



«ҚАЗІРГІ ҒЫЛЫМДАҒЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕР – 2021»

халықаралық ғылыми конференцияның

МАТЕРИАЛДАР ЖИНАҒЫ

12-13 сәуір 2021

PROCEEDINGS

of the international scientific conference

«ACTUAL PROBLEMS OF MODERN SCIENCE – 2021»

12-13 april 2021

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

международной научной конференции

«АКТУАЛЬНЫЕ ПРОБЛЕМЫ СОВРЕМЕННОЙ

НАУКИ – 2021»

12-13 апрель 2021

Нұр-Сұлтан, 2021

ӘОЖ 001
КБЖ 72
Қ 22

Редакция алқасы:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Редакционная коллегия:

А.А. Амангелдиев, Н.Б. Сейсенбек, Н.А. Еламанов

Editorial team:

А.А. Amangeldiyev, N.B. Seisenbek, N.A. Yelamanov

Қ 22 Қазіргі ғылымдағы өзекті мәселелер – 2021: халықаралық ғылыми конф. мат. = Актуальные проблемы современной науки – 2021: Сб. материалов межд. науч. конф. = Proceeding sinternational scientific conference: Actual problems of modern science – 2021. – Нұр-Сұлтан: «Bilim Innovations Group» орталығы, 2021. – 213 б. – қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-08-0815-7

Жинаққа білім алушылардың, ғалымдардың, зерттеушілердің және мектеп мұғалімдерінің қазіргі ғылым мен білім саласындағы өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

В сборник включены доклады обучающихся, ученых, исследователей и учителей школ по актуальным проблемам современной науки и образования.

The proceedings includes reports of students, scientists, researchers and school teachers on topical issues of modern science and education.

ӘОЖ 001
КБЖ 72

ISBN 978-601-08-0815-7

© «Bilim Innovations Group» орталығы, 2021
© Center «Bilim Innovations Group» 2021

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ
HUMANITIES

ҒТАМР 17.82.30

Д. АМАНТАЙ ПРОЗАСЫНДАҒЫ ИНТЕРМӘТІНДІЛІК

Д.Қ. Құдайқұлова

Студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Мақала Д. Амантай прозасындағы интермәтінділікті зерттеуге арналған. Интермәтінділік – бір мәтін мен басқа мәтіннің байланысы, постмодернизм мен модернизм бағыттарында көркем мәтінді құраудың негізгі тәсілі. Оның түрлері: дәйексөз, аллюзия, реминисценция. Автор Д. Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы мен «Мен сізді сағынып жүрмін» повесіндегі интермәтіндерге талдау жасаған. Қарастырып отырған көркем шығармалар мәтінінің ішіндегі интермәтіндік элементтер талқыланады, интермәтінділік теориясының қазіргі әдебиеттегі орны жайлы сөз етіледі.

Түйін сөздер: Интермәтінділік, посмодернизм, дәйексөз, аллюзия, реминисценция, нигилизм.

Соңғы жылдарда әдебиетіміз жаңашылдыққа қадам басып, қазіргі қоғам талабына сай шығармалардың саны артып келе жатыр. Жалпы әдебиет пен адам өмірі бағзы замандардан бері ұштасып келеді. Әдебиетте орын алатын құбылыстардың түпкі мәні қоғамдық санада болып жатқан өзгерістермен тікелей байланысты. Бұрында жазылған классикалық, постсоветтік шығармалардың қазіргі таңда өзектілігі жойылуда. Себебі, ол шығармалар бүгінгі адамның жан дүниесіне рухани нәр бере алмайды. Сондықтан да басқа сарында бой көтерген шығармалардың жазыла бастауы замандастың талабына сай деп түсінген жөн. Модернизм және постмодернизм сынды бағыттың қарқынды дамып, жаңа деңгейге көтеріліп келе жатқанын байқамауға болмайды. Батыста пайда болған бұл бағыттардың қазақ әдебиетіне ептеп енуіне де шығармаларға деген көзқарастың өзгергенінің дәлелі. Осындай сарындағы шығармаларды басқа бағытта жазылған туындылардан айырып тұратын негізгі белгісі – интермәтінділік теориясы. Постмодернистік шығармаларды дәстүрлі шығармалардан айырып тұратын интермәтіннің басты ерекшелігі – шығарма құрылымында әртүрлі жанр, стильдердегі әдебиет үлгілерінің, сондай-ақ әртүрлі тарихи уақыт бөліктерінің бір арнада келуі.

Г.Р. Сәулембек өзінің «Қазіргі прозадағы постмодернизм» атты диссертациясында әдебиетте болып жатқан құбылыстар жайлы айта келіп, былай дейді: «Отандық әдебиетте постмодернистік дүние қабылдау Д.Амантай, А. Жақсылықов, Д. Нақыпов, Т. Әсемқұлов, Ж. Қорғасбек, Ә.Байбол, М. Қосын және т.б. авторлардың шығармашылығында көрініс тапты.

Аталған авторлардың шығармалары қазіргі әлемдік тарихи-мәдени үдерістегі жаңа үрдістер (тенденциялар) мен бағыттар мәнмәтінде жиі талқыланады» [1, 12 б.]. Осы жазушылар туындыларының негізгі теориясы, басты ерекшелігі болып саналатын интермәтінділік концепциясына мынадай анықтама беруге болады: «Интертекстуалдылық – 1967 жылы постструктурализм теоретигі, француз зерттеушісі Юлия Кристева енгізген постмодернизмнің «автордың өлімі» (Р. Барт) аталған тұжырымдамасымен байланысты, яғни жеке, белгілі бір автордың жасаған мәтінінің айқын және жасырын дәйексөздер, реминисценциялар, аллюзиялар, мәдени және әдеби байланыстар, сілтемелер арқылы таралып кетуі. Осылайша жекелеген мәтіндер үнемі «диалогқа түсіп», бір-біріне «сілтеме жасайды» және бұл мәтіндердің барлығы өз кезегінде мәдениетпен, тарихпен, шындықпен қарым-қатынасқа түсетін, әрі өзі де мәтін саналатын жалпы мәтіннің бір бөлігін құрайды. Осының нәтижесінде «өзімнің-өзгенің» сөзі қарым-қатынасы бұзылып, кез келген мәтін аз-кем танымал алдыңғы мәтіндерге жауап ретінде бағаланады. Интертекст призмасынан қарағанда, әлем өзіне дейін айтылып қойған, тек оларды басқаша қиыстырып, араластыруға ғана болатын үлкен мәтін ретінде қарастырылады» [1, 4 б.].

Д. Амантай – қазіргі қазақ прозасында постмодернистік шығамаларымен көзге түсіп жүрген жазушы. Сондықтан да бүгінгі күнде Д. Амантайдың туындыларына екі түрлі, бір-біріне қарама-қайшы келетін көзқарас қалыптасқан: бірінші көзқарас – оның тілі қасаң, шығармаларының көркемдігі төмен, мағынасы ауыр, кірме эпизодтар мол, түсіну қиын десе, екінші көзқарас – туындылары астарлы, алыстан орағытады, философиясы терең, көп қабатты, ойы күрделі деп мақтап жатады.

Д. Амантайдың көлемді шығармаларының бірі «Гүлдер мен кітаптар» романы. Жалпы алғанда роман қазақ прозасындағы постмодернистік бағытта жазылған алғашқы туындылардың бірі болғандықтан романның жазылуына тіреу, түрткі болған әлемдік әдебиеттегі постмодернизм бағытының өкілдерінің ықпалын байқаймыз. Романда сөз болған қаламгерлер мен кітаптар жайлы жазушының философиялық пайымдары Р. Барттың «автордың өлімі» тұжырымы мен «интермәтінділік» теориясына сәйкес келеді. «Гүлдер мен кітаптар» романында интермәтіндер көптеп кездеседі. Бұл интермәтіндерді түрлерге бөліп, шығармада атқарып тұрған қызметтерін анықтауға болады. Романда интертекстің аллюзия, цитата, референция, реминисценция түрлері қолданылған. Шығармада көрсетілген сілтемелер арқылы интермәтінді үш топқа бөліп қарастыра аламыз: 1) теориялық еңбектер мен әдеби мәтіндерден алынған интермәтіндер; 2) түркі тарихын зерттеуге арналған еңбектер мен мифтерге жасалған интермәтіндер; 3) теологиялық еңбектер мен діни мәтіндерге жасалған интермәтіндер.

Жазушы Д. Амантай өзінің «Гүлдер мен кітаптар» туындысында интермәтінділік жайлы теориялық тұжырымдармен бөліседі: «Қай тақырыпта қаламыңызды сілтесеңіз де қазір, алайда, ешкімді таңқалдыра алмайсыз. Барша алабөтен озық шыққан кітап оқырманға тек басқа кітаптар жайында ғана әңгіме қозғайтын секілді және сол ізденімпаз қаламнан туған кез келген кітаптың

мазмұны басқа кітаптардың мазмұнынан құралатын тәрізді» [2, 46 б.]. Автор дәл осы мәтінді У.Эконның «Заметки на полях «Имени розы»» еңбегінен алған: «Во всех книгах говорится о других книгах, что всякая история пересказывает историю уже рассказанную/каждая книга говорит только о других книгах и состоит только из других книг» [3, 53 б.]. Жазушының бұл туындысына алған эпиграфы (дәйексөзі) «Тәңірдің кітабынан» келтірілген «Қайсы әлсіз – жарықтан қашқан қара түнек пе, әлде қараңғылық басқан жарық па...» – деп келетін эпилог.

Д. Амантай романындағы «Әлішер» тарауында сипатталған кітаптардың құрылымына Х.Л. Борхестің «Вавилон кітапханасы» шығармасында кітапхананы сипаттаған мәтінге аллюзия (аллюзия – көпшілікке таныс әлеуметтік-мәдени фактімен орай сол көркем шығарма семантикасына қосымша хабар, мағына қосатын элемент/мәтінде еркін түрде вербалданатын экстралингвистикалық фактор [4, 112 б.]) жасаған. Жалпы осы екі туындымен таныса келе жазушы «Вавилон кітапханасындағы» кейбір мәтіндердің идеясын реминисценция (реминисценция – басқа бір әдеби шығарманы еске түсіреді/басқа бір мәтінге цитация қағидатымен дәл, еш өзгеріссіз немесе трансформацияланып енгізіледі [4, 112 б.]) арқылы өз романына көшіргенін байқаймыз. Реминисценция басым болып келетін «Заратуштра» тарауында автор Заратуштраның дүниеге келуін, зороастризм ілімінің қалай пайда болғаны турасындағы аңыздарға сілтеме жасайды, бірақ Заратуштра есімі мүлдем аталмайды. «Молда» тарауындағы Әлішер мен молданың диалогында Абайдың «Жақсылық ұзақ тұрмайды», «Қайғы шығар ілімнен», «Осы қымыз қазаққа», «Бөтен елде бар болса», «Қарашада өмір тұр», «Кейде есер көңіл құрғырың», «Сегіз аяқ» өлеңдері арқылы сол тұстағы қоғамның жан-дүниесі мен көңіл күйін Әлішер арқылы жеткізеді. Автор Абайдың цитаталарына (дәйексөз) сілтеме жасаған.

Д. Амантай романда референция ретінде «жерұйық» мотивін қолданады. Әлемдік әдеби мұраларда бұл атау «Інжіл» кітабында, «Ергене-көң», «Өтукен» мифтерінде, Асан қайғы туралы аңыздарда кездеседі.

«Сағыныш» тарауында адамзат тарихы туралы мифтерді пайдаланған. Мирча Элиаденің «Священные тексты народов мира» еңбегінен кей мәтіндерді, дәйексөздерді тырнақшасыз береді, мифтер толықтай алынбай, үзінділерін қазақшаға аударып тізбектейді. Мысалы, «Бала Беракты бір күні нағашы ағасы Кангун қамыс күркеден сыртқа алып шығып, қолындағы шашақты найзасымен түнгі аспанда алабөтен жарқырап жанып тұрған Алтайыр жұлдызын нұсқап: – Қараңыз! Бұл – Бунджиль. Сіз оны көріп тұрсыз, ол да сізді көріп тұр» [2, 123 б.] – дәйексөзін М.Элиаде еңбегінде «...когда Берак был еще ребенком (у него еще не было бороды), кангун (дадя по матери) вывел его ночью из стана и, указав копьем на звезду Альтаир, сказал: Смотри! Это – Бунджиль. Ты видишь его, а он видит тебя» [5, 11 б.] – мәтінінен аударып жазған. Мұндағы мәтіндер ешқандай тырнақшасыз меншіктеліп алынған. Бірден плагиат деуге әбден болады, алайда автор өз шығармасында Барттың ткориясын ұстанғанын айта келе былай дейді: «Асқақ мәтін өз бетінше дербес өмір сүреді. Тіпті кітап

авторы жоғалып кетсе де, кітап ешқашан жетім қалмайтыны рас. Өйткені мәтін оны үнемі өбектеп отыратын қожайынға бәрібір зәрулік танытпайды» [2, 59 б.].

Сонымен, Д. Амантайдың «Гүлдер мен кітаптар» романы – батыс пен шығыс әдебиетін бойына сіңірген, ежелгі және заманауи туындылардың ұштасып, түрлі жанрларымен интермәтіндік басланыс орнатқан шығарма. Автор шығармасында постмодернизмнің басты тұжырымдамасы болып саналатын «әлем – мәтін» теориясын ұстанып, әртүрлі дәуірлер мен стильдердің қатпарларынан құралған өзгеше әлем тудырады.

Постмодернистік туындылардың көлемі көбінесе шағын болып келеді. Авторлар осындай шағын шығармаларға бірден бірнеше әлеуметтік, психологиялық, діни, моральдық т.б. өзекті мәселелерді сыйдыруға, оқырмандарға ой салуға тырысады. Д. Амантай прозаларының бірі «Мен сізді сағынып жүрмін» повесінде де интермәтінділік көрініс табады. Постмодернистік бағытта жазылған бұл туынды өзінің стилистикалық жағынан да, дүниетанымдық астары бойынша да ерекше шығарма. Автор он беттен тұратын повеске қазіргі таңдағы адамзат мәселесі және оның рухани күйреуі, діни проблемаларды арқау етеді. Түрлі шығармалардан үзіп алған мәтіндерден құрастырылғандай әсер беретін бұл туындының біртұтас сюжеті жоқтың қасы. Жазушы бүгінде адамдардың санасында жүрген көкейкесті сұрақтарға кейіпкерлер арқылы жауап іздейді.

Д. Амантай өзінің кейбір туындыларына эпиграфтарды (дәйексөз) басқа тілдегі шығармалардан алады. «Мен сізді сағынып жүрмін» повесіне лайықтап алғаны – О. Сүлейменовтің «Кто-то медленно скачет и скачет во сне, издалека, на светлом усталом коне» өлең жолдары. Жазушы оқиғаны осы өлең жолдарының аясында өрбітеді.

Повесть «Мұқтар жұма күні атылып өлді» [6, 112 б.] деп басталады да, «Кұдайды іздеген ол жазғытұрым көкек айында Медеу шатқалы аңғарында жұма күні атылып өлді» [6, 122 б.] – деп аяқталады. Бас кейіпкер рухани дағдарысқа ұшырап, өзін өзі атып өлтіреді. Ол осылайша Ислам іліміне қайшы әрекет жасайды. Өзіне қол жұмсау мұсылман қауымға тән қасиет емес, ең ауыр күнәнің бірі саналады. Мына диалогқа назар аударыңыз:

- Дүние сыртында не бар? – деп кері бұрылды.
- Ештеңе.

Автор бұл диалог арқылы «нигилизм» түсінігіне сілтеме жасайды. Оған анықтама берсек: нигилизм – қоғамда қалыптасқан мәдени құндылықтар мен мұраларды, діни, моральдық нормалар мен түсініктерді қайта қарауды, жоққа шығаруды білдіретін ұғым. Бұл ұғымды повестің басқа да жерлерінде байқауға болады: «Ұйқы дегеніміз өмірдің жалғасы. Ғұмырдан кейін ұйқы жоқ, қаза – жарық сәуледен көз жазып қалатын су қараңғы өткел. Өлім артынан із басатын – топырақ иісті ештеңе. Ештеңеде ұйқы болмайды.

Ажал кірпік ілмейді. Тіршілікке қарсы, қара жерге туыс, бірақ ойы – сор, сорлының ойы – ештеңе» [6, 119 б.]. «Ештеңе» теориясы автордың «Гүлдер мен кітаптар» романында да кездеседі: «...кім біледі, ажалдан соң ештеңе жоқ шығар» [2, 81 б.]. Сонымен қатар, шығармада «Ұят өлімнен күшті» деген

дәйексөзге жасалған сілтемені көруге болады. Ол бұрмаланып, теріс мағынада берілген: «Тіршілік ұяттан дербес, сондықтан ұят өлімнен күшті де, әлсіз де емес» [6, 118 б.].

Осылайша шығармада, діни нигилизм мәселесі бой көтереді. Құдай мен ақылдан теріс айналған рухани құлдырауға бастайтын интеллектуалды сарын қазақ прозасында жиі кездесе бермегенмен, тәңіршілдік, ежелгі рухани тамырларға бастайтын наным-сенімге негізделген тақырыптарды ұшырастыруға болады. постмодернизмнің «әркімнің не жасаса еркі бар» деген моральдік-этикалық ұстанымдардың әр тараптылығын қолдайтын ерекшелігі діндерге де қатысты болып отыр.

Д. Амантайдың тағы бір көркем прозасы – «Ібіліспен сүйісу» повесі. Мұнда автордың алып отырған дәйексөздері ерекше. Шетел әдебиетінің көркем туындыларынан таңдап алғаны мынау: Талмуд, Сангедрин, IV, 5 «...ибо человек чеканит много монет, и все они схожи между собой, а Святой чеканит всех людей печатью Адама Первого, но все они отличаются друг от друга.

Поэтому каждый человек обязан сказать: ради меня создан мир» және Элиас Канеттидің «Как долго еще будет прятаться Бог». Осы сілтемелер арқылы жазушы оқырман қауымға шығарманың негізгі идеясы жайлы ой тастайды, оқиға осы дәйексөздердің мағынасы шеңберінде дамиды. Бұл нағыз постмодернистік белгі. Тіпті повесть атауының өзі көңілге үрей ұялатады, оқырманды өзіне баурап алады.

Қазіргі таңда кітап оқылмай, қоғамның рухани дағдарысқа ұшырауына телевидениенің әсері зор. Дегенмен, бейнеклиптік нұсқадағы оқиға қызықты болғанмен, оқырманға кітап беретін рухани нәрді бере алмайды. Сол үшін де қаламгерлер мәселені бейнеклиптік элементтерді кітапқа енгізу арқылы шешуге тырысты. Ол аз көлемді шығармаға бірнеше қабат оқиға, ойды сыйдыра білу керек деген тұжырым. Нәтижеде, әлемдік әдеби шығармалармен, теориялық бағыт-бағдармен, әлемдік пәлсапашылардың еңбектерімен таныс жазушлар, Батыс әдебиетінде пайда болған бағыт постмодернизмнің қазақ әдебиетіндегі үлгісін жасады. Әлемдік мәдениетте күш алған постмодернизм құбылысы қазақ әдебиетінде біртіндеп көріне бастады. Трагедиялық сарын, қоғамды жатсыну, сөзге сараңдық, астарлап ишарамен сөйлеу, үкім айтудан, соңғы түйінді айтудан қашу – постмодернистік сипаттағы бүгінгі қазақ прозасына тән белгілердің бірі.

Қорыта айтқанда, интермәтінділік сипатымен ерекшеленетін Д. Амантай шығармаларының жазылуына посткеңестік кезеңде мемлекеттегі қоғамдық, әлеуметтік, саяси, рухани дағдарыс әсері болды. Шығармалары батыстық жазушы-философтар шығармаларынан үлгі алу әсерінен туындады. Жазушы туындыларында интермәтінділік теориясын қолданудың мақсаты ерекше болды. Өйткені тоқырай бастаған әдебиетке жаңа серпін беретін және оқырманды селт еткізетін бір күш керектігін сезді. Интермәтіннің түрлерін өз шығармаларында сауатты, әрі ұтымды пайдалана білді. Осылайша қаламгер қазақ прозасындағы постмодернистік бағытты интермәтінділік теориясы арқасында дамыта түсті.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Сәулембек Г.Р. Қазіргі прозадағы постмодернизм: Филология докторы дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2017. – 136 б.
- 2 Амантай Д. Қарқаралы басында. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Полиграфкомбинат, 2010. Т.1. – 396 б.
- 3 Эко У. Заметки на полях «Имени розы» / пер. с итальянского языка Е. Костюкович. – СПб.: Симпозиум, 2007. – 92 с.
- 4 Құралқанова Б.Ш. Филологиялық талдау: оқу құралы / Б.Ш.Құралқанова. – Павлодар: ПМПУ, 2019. – 141 б.
- 5 Элиаде М. Священные тексты народов мира / пер. С англ. В. Федорина. – М.: Крон-Пресс, 1998. – 624 с.
- 6 Амантай Д. Күзгі рандеву. Роман, повестер, әңгімелер – Астана; Елорда, 2004. – 200 б.

ҒТАМР 03.20

ҒҰМАР ҚАРАШ ЖӘНЕ АЛАШ МҰРАТЫ

А.М. Жардемова

Магистрант, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал қ.

Тілді халқымыздың терең тарихымен, дүниетанымымен, салт-дәстүр, әдет-ғұрпымен, өмірлік тәжірибесімен, рухани құндылықтарымен байланыстыра қарастыру – қазіргі тіл біліміндегі өзекті тақырыптардың бірі десек, қазақ тарихының көркем шежіресінде өшпес із қалдырған Ғұмар Қараш тілдік тұлғасын зерделеудің ұлттық болмыс пен халықтың дүниетанымын танудағы маңызы зор. «Алаш зиялыларының имамы» атанған Ғұмар Қараш мамандығы бойынша кәсіби психолог болмаса да, оның артына қалдырған мол мұрасы, қоғамдық-саяси қызметі, ғылымның сан-саласын меңгеруі, ақындық қуаты мен терең дүниетанымы психология ғылымдарымен жанасып жатыр. Оның өмірлік ұстанымы мен пайымдаулары, сөз саптауы, ақындық және азаматтық тұлғасының ұлттық мүддемен сабақтасуы, саяси-әлеуметтік көзқарасын танытатын туындылары тіл арқылы бекітіліп, қоғамдық санада, сонымен қатар жеке тұлғаның санасында сақталатын ұлттық-мәдени тәжірибе сол жеке тұлғаның тілдік әрекетіне де өз таңбасын түсіретініне дәлел бола алады.

Түйін сөздер: Ғұмар Қараш, Алаш идеясы, ұлттық мүдде, ұлттық мемлекет, тарих, Алаш ұраны.

Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы бірнеше ғасырлар бойы қалыптасып отыратын дүние. Ұлттық мемлекетті қалыптастыру идеясы ұлттық қажеттіліктердің негізінде туындайтын білім болса, ұлттық идеяның білімін қалыптастыратын нағыз зиялылар. Қазақ халқының тарихында әр ғасырдың басы аласапыран оқиғаларға толы болды. Бұл өз кезегінде тарих сахнасына ірі-ірі тұлғалар мен қайраткерлерді шығарып, түбірлі өзгерістерге алып келіп отырды. Әсіресе ХХ ғасырдың басы айрықша күрде-лілігімен, сансыз оқиғалардың сапырылысымен, ұлттық сананың оянуымен ерекшеленеді. Осы тұста қазақ даласында да Алаш ұранын көтеріп, қазақ баласын азаттыққа бастаған бір шоғыр қазақ қайраткерлерінің ой-пікірі мен іс-әрекеті жарқырап көрінді. Бұл кез Алаш ардагерлерінің айтуынша, «қазақтың бар болу немесе жоқ болу» мәселесі таразыға тартылған кез еді. Олай болатыны, бұл шақта қазақ халқы толықтай патшалық Ресейдің басыбайлы боданына айналған еді. Қазақ даласындағы хандық билік ыдыраған, билер институтының қадірі кетіп, орыс сотына қараған, дәстүрлі тіршілік қалпы мен өмір салты елеулі өзгеріске ұшыраған, ұлттық рух бәсеңдеген шақ еді. Алашорда қозғалысы мен Алаш идеясының пайда болуына тікелей осы аталған тарихи жағдайлар себеп болды. Қазақтың алғашқы оқығандары қазақтың жеке өз алдына ел болып, дамыған елдермен терезе теңестіре алатындай жағдайға қол жеткізуін көкседі. Ең алдымен қазақ баласының бір-бірімен пікір алмасуын қамтамасыз ету үшін мерзімді баспасөз құралдарын шығарды. Қазақтың тұңғыш журналы «Айқап» пен «Қазақ» газеті «ұлттың көзі, құлағы һәм үніне» айналды.

Осындай күрделі кезеңде Ғұмар Қараш та өз заманының көзі ашық азаматы ретінде ұлттық мүдде жолында әділетсіздікпен, надандықпен күресті. 1911-1913 жылдары алғаш Ордада, кейін Оралда басылған «Қазақстан» газетін шығарысуға, оның саяси-мәдени әлеуетін көтеруге атсалысты. Осы кезеңде қазақтың саяси көзін ашатын, рухани байытатын «Ойға келген пікірлерім», «Бала тұлпар», «Аға тұлпар», «Қарлығаш», «Өрнек», «Тумыш», «Бәдел қажы» атты кітаптар жарияланды. Ол Ғабдолла Мұштақ (Алланың зерделі құлы) атты бүркеншікпен «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетіне мақалалар жазып тұрды. Орынборда «Шайыр...» және «Көксілдер...» атты жинақ шығарды. Ғ. Қараш ұлт идеясын көтеру мен елшілдік мәселесін талдап-таразылауды бірізді және жүйелі жазған қаламгер. Ол ХІХ ғасырда мұсылмандық Шығысқа ерекше серпін берген, тіпті Қазақ даласындағы Абай сынды даналардың рухани ниеттесіне айналған Мысыр мүфтиі М. Абдо мен пәлсапашы Ж. Афғани реформаларынан хабардар еді.

Санаткер «Өрнек» аталынған еңбегінде «Адамдар әр ісінде Алланың көрсеткен жолымен жүрмесе, яғни себебіне кіріспесе, ыждағат етпесе, ғылым-өнер үйреніп, орнына қолданбаса, ол адам иман келтіріп, бойұсынған болып шықпайды. Бұл екпей егін күту һәм әкесіз перзент үміт ету секілді нәрсе», -

дейді. Бұрынғы-кейінгі қазақ шындығын осы қағидатпен сараптап жіберсек, «әй, қап!»-қа үн қосып жіберетін жағдайымыз жоқ та емес. Мұны Қараш та жақсы аңғарса керек, аталған кітабында: «Өнерсіз, жалқау халықтардың ақырында көрешегі өз алдына, дүниеде-ақ бек ащы жаза тартады. Тартқаны сол: басқа өнерлі, ғылымды елдерге құл болады. Қара басының билігі, ықтияры болмайды. Адамдар ретінде кіре алмайды, хайуан деуге сорты келмейді. Екі аралық жануар ретінде аяқ астында тапталып, күні мен дінінен бірдей айырылып, ғақпетінде әлек болады», – деп жазады. Мұндағы «ғақпет» – өмірдің сын сәті деген мағына береді. Ағартушының пайымынша, ұлттың күйреуі – оны сақтай алмағандардың ісі ретінде бағаланып, олар Жаратқан алдында күнәсіне қарай жаза тартады. Қайраткер-ақынның ұлт бірлігіне қатысты да айрықша ойлары бар. Бұл орайда Ж. Афғани пайымына сүйене отырып айтқан Қараштың мына пікірі аса маңызды деп білеміз: «Әрбір адам сол милләттің бір ағзасы болғандығы үшін өзіне тиіс болған өнер сүнғатты біліп, дәйім милләтке пайда келтіріп, ол арқылы өз басының тірлігін сақтауға міндетті». Мұны бүгінгі танымға түсінікті етіп айтсақ, мемлекет халқы бір организм (ағза), бір ұлт болып, елді көтеретіндей кәсіппен айналысуы қажет. Осының нәтижесінде қоғамның әрбір мүшесі өз орнын анықтайды. Бұл қағидаттың адамзат дамуына ешқандай қайшылығы жоқ. Елін, жерін аса қадірлеген, сол үшін азаматтықта да, ақындықта да аянып қалмаған Қараш адамзат пен ұлтқа ең ділгір қасиет ретінде ар-ожданды атайды. Татардың «Шора» журналында 1911 жылы жарияланған «Ар-ождан – сенім өлшемі» атты мақаласында ол: «Әрбір жағдайда ар-ождан биік тұруы керек. Сонда ғана оның қасиеті жоғары болмақ», -деп жазады. Әлбетте, Қараш сыны ұлтқа шын жаны ашыған адамның сыны. Оның елге, замандастарына айтқан ақылын да осы өреде түсінеміз. Заманаға шынайы көзбен қарайтын ақын: «Дүниеде не арзан?» деп сұраушыға «Біздің қазақ жігіттерінің ғұмыры» деп жауап берілсе, бек дұрыс жауап болмақ» дейді. Бұл пәлсапалық сұрақ пен жауап бүгін де көкейкесті естіледі. Қайраткер 1916 жылы бөкейліктер атынан Петерборға барып, Астрахан қазағы басып алған жерді және тиесілі жерді қазаққа орнымен бөліп бер деген өтініш хатты бас министрге тапсырады. 1917 жылы Ордада өткен Бөкей қазақтарының сиезіне қатысады. 1917-1919 жылы Алаш қозғалысына белсене араласады. Алаш партиясы құрылатын бірінші жалпықазақ сиезінің де, Алаш автономиясы жарияланатын екінші жалпықазақ сиезінің де ұйымдастыру және өткізу жұмысына белсене қатысады. Өмірлік мәселелер мен діни ахуалды күн тәртібіне қойған Алашорда үкіметі – Ұлт кеңесі анықталатын екінші сиезде қази болып сайланады. 1918 жылы Ордадағы педагогика техникумында сабақ береді. Сол жылы қыркүйекте Бөкей губерниясының мұғалімдер сиезіне қатысады. 1918-1920 жылдары губерниялық кеңестердің төрт сиезіне делегат болады. Мұнда мағыналы сөз айтады. 1919 жылы Бөкей губаткомында істейді. Ордада ұйымдастырылған айына екі рет шығатын «Мұғалім» атты журналды шығарушылар алқасына кіреді. Ол осы журналда «Педагогика» атты еңбегін жариялайды. 1919 жылы «Дұрыстық жолы» газетінің алқа мүшесі әрі тілшісі болады. 1920 жылы маусымда Бөкейдің II губерниялық партконференциясында

губкомның пленум мүшесі, ал сол жолы І пленумда губкомның үгіт-насихат бөлімінің меңгерушісі болып сайланады. Қайраткер жаңа қоғам жұмысына белсене араласып, халық қамқоршысы ретінде танылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Боранбаева Б. Ғұмар Қараш қоғамдық-саяси қызметі. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. – 232 б.

2 Боранбаева Б. Ғұмар Қараштың алаш қозғалысындағы орны мен рөлі // ҚазҰУ Хабаршысы. 2016. №3. –161-165 б.

3 Боранбаева Б. Ғұмар Қараштың ағартушылық қызметі // Семей қаласының Шәкәрім атындағы Мемлекеттік Университетінің Хабаршысы. – 2016. – №1. – 87-91 б.

4 Жұмағұл С. Әлихан және Ғұмар // Қазақ әдебиеті. 2016. – 22 сәуір. – 5 б.

5 Кабиева А. XX ғасыр басындағы Батыс Қазақстандағы демократиялық басылым – «Қазақстан» газетінің тарихы // Қазақстан тарихы: әдістемелік журнал. 2010. № 7. – 33-35 б.

6 Кажушева Р. Алмас қылыш қап түбінде жатпайды // Жайық үні. 2006. – 27 сәуір.

7 Қамзабекұлы Д. Алаш зиялылары дінге қалай қарады?: Тағылым // Ақиқат. 2014. № 4. – 54-57 б.

8 Кәкімов Т. Ғұмар Қараш қоры құрылды // Орал өңірі. 1993. – 22 мамыр.

9 Қараш Ғ. Жұртым саған не болды?! // Жұлдыз. 1998. №9. – 3-4 б.

10 Тәж-Мұрат М. Ғұмар Қараш: өмірі мен шығармашылығы – Ақтөбе: Полиграфия, 2004. – 390 б.

11 Тәжімұратов М. Ескерткіш – елдіктің белгісі: Ғұмар Қарашев бейіті басындағы ой // Орал өңірі. 1990. – 16 қараша.

ЖАРАТЫЛЫСТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ
NATURAL SCIENCE

ҒТАМР 31.25.19

МОДИФИКАТОР МЕН ТОЛТЫРҒЫШТАРДЫҢ КОМПОЗИЦИЯЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ҚАСИЕТТЕРІНЕ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Л.К. Тастанова

Х.ғ.к., доцент, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

А.Т. Рай

Магистрант, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті, Ақтөбе қ.

Бұл мақалада модификатор мен толтырғыштарды полимерге енгізу арқылы полимерлі композициялық материал алудың әдістемесі ұсынылған және морфологиялық қасиеттері қарастырылған.

Қазіргі заманғы технологияның басты тенденцияларының бірі – полимер материалы құрамының және олардан жасалған бұйымдардың өнімділік сипаттамаларына технологиялық өңдеу параметрлерінің әсерін жан-жақты зерттеуге негізделген композициялық материалдарды құру әдістерін жасау.

Зерттеу барысында полипропилен негізіндегі композиттердің физикалық қасиеттерінің түрлі толықтырғыштардың түрі мен санына тәуелділігі анықталды. Ондай толықтырғыштар ретінде дисперсті базальт пен диатомит тау жыныстарының минералдары таңдалынды.

Түйін сөздер: полипропилен, диатомит, базальт, композициялық материал, морфологиялық қасиеті.

Қазіргі кезде әлемде халықтың өсуі мен өнеркәсіптік өндірістің жоғары қарқынына байланысты полимерлік композиттік материалдарға (ПКМ) деген қажеттілік жыл сайын артып келеді. Сонымен қатар, автомобиль және құрылыс индустриясында полимерлі композициялық материалдарға жоғары талаптар қойылады. ПКМ алудың негізгі міндеттері:

- жаңа пайдалану қасиеттерін немесе олардың комбинацияларын алу;
- технологиялық қасиеттері мен өңделетіндігін жақсарту;
- қалдықтарды жою және экологиялық мәселелерді шешу;
- шикізат базасын және бастапқы компоненттер ассортиментін кеңейту;
- арзан материалдар [1-3].


ПКМ үшін толтырғыш ретінде жоғары дисперсті материалдардың ішінде бор, калий, натрий, магний карбонаттары, сондай – ақ базальт, диатомит кең таралған, өйткені кең шикізат базасы, оларды өндірудің төмен энергия

сыйымдылығы, толтырылған материалдардың қасиеттерін кең ауқымда өзгерту мүмкіндігі бар [4].

Жұмыстың мақсаты полипропилен негізіндегі және түрлі толықтырғыштары бар композиттерді игеру, сондай-ақ толтырғыш табиғатының полипропиленнің морфологиялық қасиетіне әсерін зерттеу.


Жоғары физикалық, механикалық және пайдалану сипаттамаларына қол жеткізу үшін құрамында базальт және диатомит толықтырғыштары бар, PPG 1250-20 маркалы полипропилен негізді полимер-композитті материалдар алудың зерттеу жұмыстары жасалды. Полимерлі композитті материалдар DSM Xplore (Голландия) шағын қоспалауыш жабдығымен алынды.

Сынауға қажетті үлгілер, пішін температурасы 200 °С және бекіткіш қысым 8 бар, температура 200 °С кезінде қысыммен құю әдісі арқылы DSM Xplore машинасында қалақша түріндегі бұйым алынды. Ол әрмен қарай созылу мен сығылу бойынша мәліметтер алу үшін механикалық әсерлерге ұшырады.




Сурет 1. Базальт қосылған полипропиленнің қалақша үлгісі.

Алынған композитті материалдар Phenom G2 Pro (Нидерланд) сканерлегіш электронды микроскоп (СЭМ) көмегімен үлгі бетінің морфологиялық бейнесі алынды.




Сурет 3. Базальт қосылған полипропилен, үлкейту шамасы $\times 215$ және $\times 1400$.




Сурет 4. Диатомит қосылған полипропилен, үлкейту шамасы $\times 215$ және $\times 2250$.

Келесі сканерлеуші зондты микроскопия әдісі табиғи және жасанды әртүрлі нәрселердің беттік қасиеттерін зерттеуге мүмкіндік береді. Олардың бейнесі келесі суреттерде көрсетілген.



Сурет 5. Диатомит қосылған полипропилен және 3D көрінісі.



Сурет 6. Базальт қосылған полипропилен және 3D көрінісі.

Базальт және диатомит толықтырғыштары бар полипропилен негізді полимерлі композитті материал алудың әдістемесі ұсынылды.

Жүргізілген зерттеулер нәтижесінде базальт, диатомит толтырғыштары қосылған полипропилен негізді композиттік материалдар жасалды.

Базальт толықтырғыштарының полипропиленнің құрылымы мен қасиеттеріне әсері біркелі үлестірілген бөлшектері мен полипропилен арасында мықты адгезивті байланыс орнатқанда, толтырғыш мөлшері әртүрлі болып келетін, жоғары физикалық-механикалық сипаттамалары бар материалдар алуға болады. Солайша, полипропиленді базальтпен толтыру серпінділік модуліне айтарлықтай әсер етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Полимерные композиционные материалы (часть 1): учебное пособие / Л.И. Бондалетова, В.Г. Бондалетов. – Томск: Изд-во Томского политехнического университета, 2013. – 118 с.

2 Полимерные и композиционные материалы: учебное пособие по дисциплине «материаловедение» / Н.С. Герасимова. – Калуга 2019.

3 Колосова А.С. и др. Современные полимерные композиционные материалы и их применение // Международный журнал прикладных и фундаментальных исследований. 2018. – № 5 (часть 1) –245-256 с.

4 Гасимова Г.Ш., Гахраманов Н.Т., Маммедли У.М., Полимерные композиционные материалы на основе полиэтилена и модифицирующих добавок // Международный научный журнал «Молодой ученый». 2017. – № 9 (143) –109-111 с.

ГРНТИ 87.26.35

«СЕМЕЙ ОРМАНЫ» МЕМЛЕКЕТТІК РЕЗЕРВАТЫНДА ОРМАН ӨСІРУДІ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕ ТАЛДАУ

А.А. Төлегенова

Шәкәрім университеті, Семей қ.

Орман – ауаны жақсартып қана қоймайды, ол ауаны шаң – тозаңнан тазартады. Орман – өсімдіктермен қоса, аңдар және құстар, көптеген насекомдар мен микроорганизмдер тіршілік ететін нағыз табиғи комплекс. Орман – таза ауа, демалыс орны, мол сулы өзендері бар, құнарлы топырақты аймақ. Орман – жер бетіндегі табиғи қорлардың, оның ішіндегі өсімдіктер жамылғысының басты бір типі. Орманда ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер, мүк, қына, тағы басқалары өседі. Орман қорлары бүкіл биосферадағы тіршілік үшін, оның ішінде адамзат қоғамы үшін аса маңызды. Тиімді пайдаланған жағдайда өз – өзінен қайта қалпына келіп тұратын таусылмайтын табиғи қор.

Түйін сөздер: орман, өрт, экология, қарағай, ағаш, Семей орманы.

Қазіргі таңда ормандардың ауданы күрт төмендеуде. Жыл сайын әлемде олардың аумағының 0,8 %-ы жоғалуда және әрбір минут сайын 26 гектар мөлшерінде ағаш кесілуде. Бұған Ертіс маңы жолақ қарағайлы ормандарының жағдайы да жатады.

Қазақстан орманындағы өрттер – орманға, қоршаған ортаға үлкен зиян-залал келтіреді.

Өрттердің кесірінен мыңдаған текше метр ағаш құруда, халықтың материалдық әл-ауқатында үлкен рөл атқаратын орманның ағаштан басқа ресурстары жоғалуда және халықтың өмір сүруіне қиындықтар туғызатын көптеген экологиялық мәселелер туындауда. Бұл жағдай сол аумақтың экономикасына кері әсерін тигізуде.

Дүние жүзіндегі ормандардың жалпы ауданы 4 млрд./га-дан астам. Жалпы ормандардың алаңқайлар, жолдар, шалғындықтар кірмейді. Таза ормандар шамамен 3 млрд./га-ды алып жатыр. Бір адамға есептегенде жалпы орманды жерлер шамамен 0.8 га-дан келеді.

XIX ғасырдың өзінде тірі организмдердің уақытпен кеңестік бойынша біртұтас ұйымдасқаны, олардың абиотыкалық ортамен өзара байланысы туралы көз қарастар кең тарала бастаған.

Орман шаруашылығының адамның объективті шартталған қызметі ретінде пайда болуы қоғамның қажеттіліктерін қанағаттандырумен байланысты, ол негізінен дайын табиғи өнімдер және басқа да

артықшылықтар түрінде ормандарды пайдалану арқылы басталады. Уақыт өте келе, орман адамдар үшін көптеген қажеттіліктерге жарамды отын мен оңай өңделетін ағаш материалдарының ең қолжетімді көзі бола бастады. Бұл орманның пайда болуына, жалпы орман пайдалану принциптеріне меншіктегі ормандарды игеру қағидаттарымен, орман алмасумен және, ақырында, олардың тауарларға айналуына алып келді.

Антропогенді факторларға адам қызметінің нәтижесінде туындаған факторлар жатады.

Олар табиғи экожүйеге қайтарымсыз өзгеріске дейін тікелей және жанама әсер етуі мүмкін [1]. Ертіс маңы жолақты қарағай ормандарындағы ең көп маңызды антропогендік факторларға адам әсерінен және кесуден пайда болған өрттер жатады.

Белдеулерді әр түрлі ағаш кесу түрлерімен, әсіресе көптеген жүйесіз рұқсат етілмеген ағаш кесумен, ормандарды өртпен (ең күшті әсер) жойып, соның ішінде браконьерлікпен айналысатын адамдарға бақылаусыз сапарлармен қарқынды пайдалану осы аймақтың флорасы мен фаунасын сақтау мәселесін күшейтті [2].

Өрттер орман экожүйелеріне оң және теріс әсер ететін күшті фактор болып табылады. Ағаш қоқыстарын жағу кезінде пайда болатын кәдімгі қарағайдың табиғи қалпына келтірілуіне ықпал ететін тұрақты баяу өрттердің оң әсері көптеген өңірлерде анықталды.

Орман шаруашылық-биологиялық зерттеулер тәжірибесінде негізгі екі әдіс қолданылады: тұрақты және таксациялық-статистикалық. Біз өз жұмысымызда осы екі әдісті де қолдандық. Сынақ алаңында бір реттік және қысқа мерзімді бақылау жүргізу үшін таксациялық-статистикалық әдісті қолдандық. Ағашты кесіп күтуге байланысты ұзақ мерзімді бақылау жүргізу үшін күнделікті сынақ алаңын пайдалануға негізделген тұрақты әдіс қолданылды. Ағашты кесіп күтуге байланысты ұзақ мерзімді бақылау жүргізу үшін тұрақты сынақ алаңына пайдалануға негізделген тұрақты әдіс қолданылды.

Орманды қорғау және орманды қайта қалпына келтіру. Орман қорғау-орман қорын тиімді пайдалану,оны толықтыру,өрттен,зиянкестерден және аурулардан қорғау, сондай-ақ,ағаш өнімін арттыру шаралары. Орманды алқаптарда орман қорғау шараларын тиянақты жүргізу үшін орман бірнешетелімдерге бөлінеді де,олардың әрқайсысы бір орманшыға бекітіледі. Орман қорғау жұмысында өртке қарсы шаралардың мұқият орындалуы бақыланады. Орманды рұқсатсыз кеспеу,ағаш дайындаушылар мен пішен шабушылардың, малшылардың,т.б орман қорын сақтау бақыланады. Қазақстанда орман шаруашылығы және агроорманмелиорация ғылыми-зерттеу институты,орман шаруашылығы мекемелері және т.б айналысады.

Ормандарды өрттерден,заңсыз кесулерден,орманды пайдаланудағы ережелердің бұзылуынан және басқа да ормандарға зақым келтірулерден қорғау үшін орман орналастыру кезінде арнайы іс шаралар жобаланады.

Іс шаралар қолданыстағы ережелер, бұйрықтар мен басқа құжаттардың негізінде және өткен тексеру кезеңіндегі шаруашылық жүргізуді талдау нәтижелері ескере отырып жобаланады.

Ормандарды өрттерден қорғау. Орман орналастыру жобаларының түсіндірме жазбасында мына мәселелер қаралады:

1) орман пайдаланушылардың шекараларын табиғи өрттердің шығуына байланысты белгілеу. Олар әр орам немесе оның бөлігі үшін орман шаруашылығының ғылыми өндірістік орталығында жасалған және Қазақстанның ерекше өрт қаупі бар ормандардағы орман өртерінің алдын алу шараларының жүйесіндегі келтірілген ұсынымдардағы орман қоры аумақтарын табиғи өрт қауіптілігі кластарына жатқызу шкаласы бойынша анықталады.

2) әр орам немесе оның бір бөлігі үшін табиғи өрт қаупінің орташа класы, соған кірген телімдердің аудандары арқылы анықталады. Содан кейін орамдар немесе олардың бөліктері, табиғи өрт қауіптілігінің класына байланысты бір өрттік телімдерге біріктіріледі. Өртке қаупі бар телімдердің ең кіші ауданы сұлбе картасына қарағанда анық көрінеді (шамамен карта масштабында ол 10 мм 2 кем болмайды). Орманшылықтың өрт қаупі кластарына бөлінуі бойынша қорытынды мәліметтер орман орналастыру жобасының түсіндірме жазбасында келтіріледі;

3) Ормандарды өрттен қорғау іс шараларына төмендегілер жатады:

– орман өрттерін болдырмауға алдын-алу шаралары (елді мекендерде өртке қарсы дәрістер жүргізу);

– ормандағы өрт қауіпсіздігін сақтауды бақыдау;

– демалушыларды және саңырауқұлақ, жеміс-жидек жинаушыларды жұмылдыру);

– өрттің шыққан жерін табу (станционарлы бақылау матчаларын жасау, әуеден және жерден бақылау, телефон және радио байланыстарымен қамтамасыз ету);

– өртті өшіру құралдары мен күштерін ұйымдастыру, өртке қарсы құралдар мен жабдықтарының пункттік орталығын салу, орманды қорғау қызыметімен әуе қызметін ұйымдастыру, тік ұшақта қонатын алаңдарды дайындау, өрт болғанда жағдайда, жергілікті кәсіп орындармен тұрғындарды өшіруге жұмылдыру;

– орманды өрттен қорғауды материалдық-техникалық және қаржылай қамтамасыз ету.

Ормандардың экологиялық жағдайы. Риддер қаласының ауданындағы экологиялық жағдайдың нашарлауы соғыс жылдарынан кейін байқала бастады, әсіресе, кейінгі 20-25 жылда өткір мәселеге айналды, санитарлы бақылау барлық басқару ұжымдардың негізгі мәселесіне айналды.

Бірақ та, тау-кен және металлургиялық өнеркәсіптердің техникалық деңгейі төмендігінен, бұл мәселе төңірегіндегі алға жылжулар байқалмай, керісінше экологиялық мәселе тереңдеп барады.

Атмосферада, суда және топырақ жамылғысындағы концентраттардың мөлшері 10-15 есе шамадан тыс артық. Осындай жағдай адам өмірінің ұзақтығына ғана емес, маңайдағы орманның жағдайына да кері әсерін тигізеді.

Әсіресе, улы газдардың атмосферада ұлғаюы Риддер орман шаруашылығының жағдайына кері әсерін тигізіп, кәсіпорынның орталығында орманның көп бөлігі өз тіршілігін тоқтатты. Ал, қалған Риддер жалды ормандарының жағдайы да нашарлап бара жатыр. Оған осы орман жалдары арқылы өтетін темір жол және автомобиль жолдары да әсер етеді.

Кәсіпорыдағы кейінгі ревизиондық кезеңде басты орман пайдалануында шабу әдісі басымырақ болған, әсіресе кейінгі жылдары, ал орманды қайта қалпына келтіру шаралары көптеп қалға алына бастады. Бірақ жоба ұсыныстарында ол уақытта керісінше азаймай, одан әрі қарай орман алқабының ұлғаюы көрсетілген.

Кесте 1. 2020-2021 жж. тексеру кезеңдегі ормандар мен ағаштардың жойылуы.

Жойылудың себептері	Ауданы, га	Жойылып кеткен орман егістерінің ағаштар саны, мың м ³	
		Жалпы	Пайдаланған ағаш өнімдері
Орман өрттері	20,1	0,4	0,3
Су басу	21,0	0,3	0,2
Барлық жойылған ормандар	29,8	0,7	0,7
Оның ішінде:			
қылқан жапырақты	15,7	0,4	0,4
жұмсақ жапырақты	21,0	0,2	0,2

Тексеру кезеңінде 01.10.2020 жылғы жағдай бойынша кәсіпорынның аумағында жалпы 70,72 га ауданның 137 өрт жағдайы болған.

Табиғи балауса қарағайлардың қалыптасу ерекшеліктері. Ертiс маңы жолақ қарағайлы ормандар, ұзақ уақыт бойы орман өрттеріне ұшыраған. Өрт болған соң, өртеңдерде қарағай сүректіңдері көп мөлшерде сирейтiнi байқалады, бұл ағаш желегiнiң аз түйiсуiне алып келедi және бұл жердiң шөп жамылғысының өзгеруiне ықпал етедi. Орман флорасының өкiлдерi мұнда сирек кездеседi. Керiсiнше, топырақ жамылғысында жиi қияқ шөптер мен басқа да дала шөптерi кездеседi. Егер төменгi өрт шыққан жерлерде қарағайдың 50-60 %-нан астамы өлсе, жалпақ жапырақты түрлердiң (қайың және көктерек) белсендi жанаруы байқалады. Мәселен, орман түрлерiнде Ертiс өңiрiнiң жоталары мен саумал қарағай ормандарында көктерек жиi өседi.

Ертiс аймағының белдеуi жағдайында қарағайдың өскiндерi 1 гектарда 100 данадан 3000 дана/га болады. Жас өскiндер санының осындай үлкен өзгеруi бiрнеше факторлармен анықталады. Ең алдымен, тұқымдық

ағаштардың бар болуымен. Қарағайдың тұқымдық ағаштары көп қалдырылған жерлерде өскіндер көп болады және керісінше. Топырақтың ылғалдылығы, топырақтың шымдануы маңызды. Жыл сайын тұқымдық ағаштардың жанында өскіндер өсіп шығады. Алайда Ертіс өңірлерінің орманшылары тұқымдық жылдарға байланысты болса да, оны олар «жаңару жарылысы» деп атайды, ол өнімді жыл мен жаңбырлы жыл сәйкес келетін болса ғана пайда болады. Ертіс өңіріндегі заманауи орман шаруашылығына тән пирогенді ормандарды қарқынды кесу орман екпелерінің өсуі мен жаңаруының қалыпты жағдайларын өзгертеді. Орманның тұқыммен табиғи жаңаруы әдеттегі табиғатта жүзеге асырылады және түрдің өркендеуіне және прогрессивті дамуына бағытталған.

Табиғи жағдайдағы қарағайдың табиғи өсімінен табиғи селекция нәтижесінде олар онтогендік өсу процесінде таксациялық сипаттамалары бойынша айырмашылықтары болады. Мысалы, өскіннің биіктігіне сәйкес олардың диаметрі, олардың желегінің өлшемі, яғни таксациялық параметрлері бойынша жеке даракты саралау процесі өтеді. Содан кейін олар фитоценоз аймағы бойынша орналасу сипатымен ерекшеленеді. Осылайша, осы ерекшеліктердің тәуелділігі, әсіресе – өсімнің қисық сызығы, сүректің тығыздығы және оның жасы мен кеңістіктік таралуы туралы нашар зерттелген мәселе туындайды. Таза, бір жастағы қауымдастықтарда, қауымдастықтың динамикасын және жекелеген өсімдіктердің өсу жағдайын анықтайтын ең маңызды фактор өсім ауданы үшін бәсекелестік болып табылады. Көптеген жағдайларда бәсекелестік негізінен қоректік ортаға байланысты болады.

Дің диаметрі, желек өлшемі және ағаш шаққандағы гектар санының өсуі уақыт бойынша серпінді болып келеді. Жеке ағаштардың өлшемі бойынша бөлу – ағаш неғұрлым үлкен болса, айналаға кедергі келтіретіндіктен тезірек өседі. Көршілес ағаштардың өлуімен, бұрын биік өскен ағаштар тез өсіп, үстем бола алады. Бұл үдерістің механизмі: ересектердің тығыздығына байланысты олар ұзақ жылдар бойы өздерінің өскіндерінің өсуін тежейді, содан кейін кәрі ағаштар қураған соң біраз уақыт өткеннен кейін, келесі ұрпақ өсіп шығып өздерінің өскіндерін жояды және т.б. Жолақты қарағай орманы жағдайында фитоценоз аймағында жас өскіндердің орналасуы санын және сипатын бақылау қызықты. Қарағайлы орманның фитоценозы ауданында өсім ауданы немесе су көзі үшін бәсекелестіктің нәтижесінде қарағайдың өскіндерінің тобы олардың тіршілік ортасының белгілі бір жағдайына бейімделеді. Қарағай орманының табиғи фитоценозы пайда болады. Ойпатта өскіндер болмайды немесе сирек кездеседі, себебі, шөптер үстіңгі қабатты қияқ, селеу және бетеге басым болған жерлердің жоғары деңгейде шымдасуымен түсіндіріледі. 1934-1935 жж. ескі өртенген жерлер орман түрлері – жазық орман, жоғары төбешіктері құрғақ орман. Шөптің жабыны таулардың беткейлерінің әсеріне байланысты өзгерістің құрамында да, табиғатта да осы ормандардың түрлері үшін таралған.

Сирек өсіп тұрған қарағайдың тұқымдық ағаштары тұқыммен жеткілікті қамтамасыз етпейді. Өсіп тұрған орман өртеңге толығымен тұқым шаша алмайды, себебі өртеңнің аумағы үлкен. Жотаның төбесінде, ашық күн сәулесі түсетін оңтүстік және шығыс беткейлерде қайта жаңару болмаған. Жалпы, қарағайдың жаңаруы өте баяу және қанағаттанарлық емес. Жасы 20 жылға дейін 12-15 жас аралығындағы қарағайлар, ойпатта солтүстік және батыс беткейлі жерлерде ғана тұқымдық ағаштардың және көктеректің, талдың қалқасында өскен. Әдетте, ескі өртеңдер мен алаңқайлар қатты шөпті жамылғымен жабылады және топырақ қабатының 70-80%-ын шөптер қаулап өседі.

Нұсқаулық өзін-өзі себу мерзімімен 5 жылға дейін жаңару сәттілігін бағалау үшін келесі шкала бойынша қабылданды: жаңару қанағаттанарлық – 5000 данадан және одан да көп; жаңару қанағаттанарлықсыз – 3000 данадан, 5000 данаға дейін; жаңару жоқ – 1500 данадан кем емес/га. Бұл шкала КСРО-ның еуропалық бөлігіне қатысты жасалған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Абаева К.Т. Экологические условия естественного возобновления сосны в ленточных борах Прииртышья. Валихановские чтения. – Кокшетау, 2001. – Т. 6.

2 Абаева К.Е., Муканов Т.Ш. Влагообеспеченность различных типов лесных местообитаний // Известия Национальной Академии науки Республики Казахстан. 2012. №6. –126-128 с.

3 Мелехов И.С. Влияние пожаров на лес. – М. Гослестехиздат, 1992. 67

4 Орайханова А.А., Абаева К.Т., Серикбаева А.Т. Эколого-лесокультурная характеристика гарей // Международная научно-практическая конференция «Интеграция научного сообщества перед глобальными проблемами современности». – Арабская Республика Египет; Шарм-ал-Шейх, 2016. –171-178 с.

5 Устемиров К.Ж. Лесокультурная оценка гарей в Прииртышье и разработка мер по улучшению условия их обсеменения: автореф. .. канд. с.-х. наук. – Алматы, 2010. – С. 38.

6 Орайханова А.А., Абаева К.Т., Серикбаева А.Т. Применение метода водного баланса различных типов лесных насаждений // Международная научная-практическая конференция. – Алматы, 2015. – Т. 2. – С. 176-179.

ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР ЖӘНЕ ЭКОНОМИКА
СОЦИАЛЬНЫЕ НАУКИ И ЭКОНОМИКА
SOCIAL SCIENCES AND ECONOMICS

ГРНТИ 06.52.13

ЭМПИРИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ ВЛИЯНИЯ ЦЕН НА НЕФТЬ НА ИНФЛЯЦИЮ И ЦЕНУ РЕАЛЬНОЙ ВАЛЮТЫ

Н.Н. Бексеит

*Магистрант, Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи
Ахмеда Ясави, г. Туркестан*

Колебания цен на нефть влияют на инфляцию и реальный обменный курс через такие факторы, как спрос на нефть (эффект дохода, неопределенность) и предложение (увеличение производственных затрат). Если снижение цен на нефть вызовет снижение реального обменного курса, это косвенно повлияет на динамику инфляции. Если цены на нефть вырастут, реальный обменный курс вырастет, и страна сможет импортировать товары по более низким ценам. В этой статье влияние цен на нефть на инфляцию и реальный обменный курс анализируется с использованием методов проверки причинно-следственных связей Грейнджера и векторной авторегрессии (VAR). Причинно-следственный тест Грейнджера показал, что инфляция была причиной изменения реального обменного курса. Анализ VAR показал, что существует отрицательная связь между инфляцией и реальным обменным курсом, и что эффект длится 4 периода.

Ключевые слова: цены на нефть, инфляция, реальный обменный курс, причинно-следственный тест Грейнджера, векторная авторегрессия.

Цены на нефть – один из важнейших факторов, влияющих на инфляцию и реальный обменный курс всей страны. Изменение цен на нефть приводит к изменению цен на нефть, что, в свою очередь, влияет на инфляцию. Хотя рост цен на нефть может показаться хорошей новостью для стран-экспортеров нефти, они окупятся только в краткосрочной перспективе. В конечном итоге эффект будет постоянным или даже постоянным. По мнению ученых, проанализировавших влияние цен на нефть на инфляцию, это влияние на уровень инфляции косвенно достигается за счет фискальной политики [1].

Прямое влияние цен на нефть на инфляцию в стране заключается в том, что рост цен на нефть приводит к росту цен на нефтепродукты и удорожанию обменного курса по отношению к мировым валютам. Это, в свою очередь, приведет к увеличению объема импортных товаров в экономике страны. То есть рост цен на нефть приведет как к увеличению экспортной выручки, так и к увеличению импорта потребительских товаров [2].

Цены на нефть колеблются под влиянием двух разных факторов: спроса и предложения, которые в свою очередь: финансовый кризис, отсутствие точной информации о запасах нефти. Факторами предложения являются темпы роста экономики, цены на альтернативные источники энергии, повышение экологических требований [3].

Если мы проанализируем колебания цен на нефть (рис. 1), то увидим, что с 2000 года среднегодовая цена на нефть выросла. В 2009 году цены на нефть упали в среднем на 30 долларов по сравнению с предыдущим годом, в основном из-за снижения спроса на нефть из-за мирового кризиса. То есть мы видим, что цены на нефть упали из-за спроса. В 2011 году мы наблюдаем очередной рост цен на нефть, в основном за счет экономического роста в посткризисные годы. То есть мы видим, что цены на нефть снова выросли за счет предложения. В 2015 году цены на нефть резко упали. Основная причина этого – расширение использования альтернативных источников энергии и разработка новых методов добычи нефти или запасов сланцевой нефти. Был избыток бочек. В 2017 году цены на нефть подскочили до 54 долларов за баррель, в основном благодаря соглашению между членами ОПЕК и странами, не входящими в нее. Сделка положительно повлияла на цены на нефть и вселила уверенность инвесторов в инвестирование в сектор. В настоящее время цена на нефть марки Brent составляет 63,59 доллара США, а текущими факторами, влияющими на цены на нефть, являются политическая неопределенность на Ближнем Востоке и угроза следующей фазы торговой войны между США и Китаем [4].




Рисунок 1. Мировые цены на нефть марки Brent [5].

Индекс реального эффективного обменного курса тенге принят равным (2013 = 100), что означает, что 2013 год указан в качестве базового года. Если проанализировать приведенную ниже таблицу, то можно отметить, что индекс реального эффективного обменного курса тенге с годами снижался или имеет обратную тенденцию. Это означает, что с 2000 по 2009 год обменный курс

тенге был стабилным, а в последующие годы реальный обменный курс тенге снизился.




Рисунок 2. Индекс реального эффективного обменного курса тенге (2013 г. = 100) за период 2000-2018 гг.

Методы: При анализе любой переменной необходимо проанализировать состав этой переменной, т.е. мы можем рассматривать любую переменную как модель,

$$Y_t = f(T_t, C_t, S_t, \varepsilon_t)$$

здесь

Если Y_t – переменная в периоде t ,

T_t – это тренд этой переменной

C_t – экономические кризисы

S_t – сезонные колебания

ε_t – случайная величина.

На основе этих данных был проведен анализ временных рядов с использованием метода Tramo / Seats. Результаты анализа представлены на следующих графиках [6].




Рисунок 3 Проверка реальных обменных курсов на сезонные колебания.




Рисунок 4. Проверка инфляции на предмет сезонных колебаний.

Анализируя приведенные выше таблицы, было обнаружено, что переменные обменного курса и инфляции имеют сезонный эффект. Согласно этим данным, данный анализ временных рядов направлен на уменьшение влияния сезонных колебаний.

В понимании Грейнджера причинно-следственный тест – это тест, предназначенный для проверки всех взаимосвязей между двумя переменными. Для предсказания Y , если при использовании старых значений X получается лучший результат, чем при отсутствии X , то значение X является причиной Y в смысле Грейнджера.

$$Y_t = \sum_{i=1}^m a_i Y_{t-i} + \sum_{j=1}^m b_j X_{t-j} + u_{1t}$$

$$X_t = \sum_{i=1}^m \theta_i X_{t-i} + \sum_{j=1}^m \gamma_j X_{t-j} + u_{2t}$$

Здесь m – случайная величина, если длина задержки равна u_{1t} и u_{2t} [7].

Таблица 1. Результаты теста причинно-следственных связей Грейнджера.

H_0 гипотеза	F – статистика	P – основа
Цены на нефть не являются причиной инфляции	1.61704	0.2032
Инфляция – не причина цен на нефть	0.82501	0.4409
Реальный обменный курс не является причиной инфляции	13.2269	7.E-06
Инфляция не является причиной реального	0.63237	0.5333

обменного курса		
Реальный обменный курс не является причиной цен на нефть	0.37240	0.6899
Курсы валют не являются причиной реальных цен на нефть	0.49549	0.6106
** P – 0,05 меньше, чем X → Y		

Анализ приведенных выше данных показывает, что нет краткосрочной связи между ценами на нефть и инфляцией, или что инфляция не может быть причиной роста цен на нефть. Кроме того, показано, что причиной инфляции является реальный обменный курс. При этом было доказано отсутствие связи между реальным обменным курсом и ценами на нефть.

Следующим шагом после проверки причинно-следственных связей является векторный авторегрессионный анализ. Перед запуском этого анализа необходимо установить шаги задержки. Результаты этого анализа представлены ниже. По результатам этого теста уровень задержки был основан на критериях Шварца.

Наиболее широко используемый в литературе метод – это метод единичного корня ADF (Скорректированный Дики-Фуллер). В этом методе стационарность проверяется тремя разными моделями:

$$\begin{aligned}\Delta Y_t &= \delta Y_{t-1} + u_t \\ \Delta Y_t &= b_0 + \delta Y_{t-1} + u_t \\ \Delta Y_t &= b_0 + b_1 t + \delta Y_{t-1} + u_t\end{aligned}$$

В первой из вышеперечисленных моделей постоянная переменная и тренд не были включены в модель, во второй модели постоянная переменная была включена в модель, а в третьей модели были созданы как постоянная переменная, так и модель тренда. . Если модель имеет модель автокорреляции, наша модель будет следующей.

$$\Delta Y_t = b_0 + b_1 t + \delta Y_{t-1} + a_i \sum_{i=1}^m \Delta Y_{t-1} + u_t$$

Гипотеза этой модели заключается в следующем.

$$\begin{aligned}H_0: \delta &= 0 \\ H_1: \delta &\neq 0\end{aligned}$$

Если $\delta = 0$, значение Y нестационарно [8].

Эта модель была впервые представлена в Sims в 1980 году, а модель VAR (p) основана на следующей формуле.

$$Y_{1t} = \delta_{1t} + \sum_{i=1}^p \beta_{1i} Y_{1t-i} + \sum_{i=1}^p \beta_{1i} Y_{2t-i} + \epsilon_{1t}$$
$$Y_{2t} = \delta_{2t} + \sum_{i=1}^p \beta_{2i} Y_{1t-i} + \sum_{i=1}^p \beta_{2i} Y_{2t-i} + \epsilon_{2t}$$

Здесь Y_{1t} и Y_{2t} – стационарные переменные и ошибки, если $\epsilon_{-}(1t) = \text{IID}(0, \sigma^2)$ и $\epsilon_{-}(2t) = \text{IID}(0, \sigma^2)$ [9].

Литература

- 1 Öksüzler O., İpek E. (2011). Dünya petrol fiyatlarındaki değişimin büyüme ve enflasyon üzerindeki etkisi: türkiye örneği. Zonguldak Karaelmas University Journal of Social Sciences, 7(14).
- 2 Özata E. (2019). Türkiye'de Petrol Fiyatlarından Enflasyona Asimetrik ve Doğrusal Olmayan Geçişkenlik. Optimum: Journal of Economics & Management Sciences/Ekonomi ve Yönetim Bilimleri Dergisi, 6(1).
- 3 Bala U., Chin, L. (2018). Asymmetric Impacts of Oil Price on Inflation : An Empirical Study of African OPEC Member Countries, (August). <https://doi.org/10.20944/preprints201808.0064.v1>.
- 4 Köse N., Baimaganbetov, S. (2015). The asymmetric impact of oil price shocks on Kazakhstan macroeconomic dynamics: A structural vector autoregression approach. International Journal of Energy Economics and Policy, 5(4), 1058-1064.
- 5 По материалам официального сайта Министерства энергетики США <https://www.eia.gov/dnav/pet/hist/>. 05.12.2019.
- 6 McDowall D., McCleary R., Bartos B. J. (2019). Interrupted time series analysis. Oxford University Press.
- 7 Wang Y., Rossi B. (2019). VAR-based Granger-causality test in the presence of instabilities (No. 1083).
- 8 Conflitti C., Luciani, M. (2017). Oil Price Pass-Through into Core Inflation. Ssrn. <https://doi.org/10.2139/ssrn.3082191>
- 9 Öztürkler H., Demir F., Yılmaz S. (2015). Crude Oil Price Pass-Through to Domestic Prices in Turkey: Asymmetric Nonlinear ARDL Approach. EY International Congress on Economics II, (256), 1-14.

ҒТАМР 82.13.01

ҚАЗАҚСТАННЫҢ САЯСИ-ӘКІМШІЛІК ЭЛИТАСЫНЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК БАСҚАРУ СУБЪЕКТИСІ РЕТІНДЕГІ СУБЪЕКТИВТІ ӘЛЕУЕТІ

А.Н. Есжан

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Мақалада мемлекет пен қоғамды басқарудың субъектілері болып табылатын «элита», «саяси-әкімшілік элита» түсініктеріне жалпы сипаттама берілді. «Саяси-әкімшілік элитаның субъективті әлеуеті» ұғымына анықтама берілді, оның «тұлғалық компонент» және «қызметтік компонент» деп аталатын құрылымдық бөліктері анықталды. Қазақстанның саяси-әкімшілік элиталарының шешімдер қабылдауда қызметтік әлеуеті оның субъективті әлеуетінің қызметтік компоненті бойынша анықталды.

Түйін сөздер: саяси-әкімшілік элита, субъективті әлеует, қызметтік компонент, жергілікті элита, басқару шешімдері.

Адамзат қоғамы біркелкі болып табылмайды, онда адамдардың арасындағы табиғи және әлеуметтік айырмашылықтар болады. Бұл айырмашылықтардың болуын қоғам өмірін басқару үдерісіне қатысу, саяси, экономикалық, әлеуметтік және мәдени үдерістерге ықпал етуге барлық адамдардың тең дәрежеде, бірдей деңгейде қатысуының мүмкін болмауы айқын көрсетеді. Қоғам өмірін басқарудың айқын қабілеттеріне ие элита деген қоғамның ерекше тобы болып табылады. «Элита» сөзі француз тілінен аударғанда ең жақсы, іріктелген, таңдамалы деген мағынаны білдіреді [7].

Белгілі кеңестік және ресейлік әлеуметтанушы Ж. Тощенко сипаттағандай, соңғы жылдары бұқаралық ақпарат құралдарында, ғылыми және ғылыми емес әдебиеттерде «элита» ұғымы мен оның түрлі нұсқалары (саяси элита, экономикалық элита, әскери элита және тағы басқалар) қолданылып жүр [4]. Бұл тізімді әрі қарай жалғастыруға болады. Мысалы, басым ықпал жүргізу ортасы бойынша бюрократиялық не әкімшілік, діни, бизнес, мәдени, интеллектуалды, идеологиялық, тіпті қылмыстық асоциалды элита ұғымдары да кездеседі.

Саяси-әкімшілік элита ретінде саяси, әкімшілік шешімдер қабылдауда салыстырмалы түрде автономияға ие, заңнамалық деңгейде бекітілген жалпымемлекеттік не аймақтық ауқымдағы стратегиялық шешімдерді дайындайтын және қабылдайтын, олардың орындалуын бақылауды іске

асыратын, қоғамдық-саяси институттарда жоғары саяси және әкімшілік орындарды алатын адамдар тобы түсініледі. Әдетте, олардың көрінуі нақты қоғамда шешімдердің сұрыпталу мен қабылдану механизмдеріне тәуелді субъективті әлеуетке ие екендігі көрінеді. Сонымен қатар саяси-әкімшілік элитаның ерекшелігі ретінде оның сайлаулар мен қызметке тағайындаулар арқылы қалыптасатындығын көруге болады [1].

Осылай саяси-әкімшілік элита құрылымында саяси элита (тар мағынада) және шенеуніктердің әкімшілік элитасын, сонымен бірге стратегиялық ықпал ауқымы бойынша жалпы мемлекеттік және аймақтық элиталар ажыратылады.

Саяси-әкімшілік элитаның субъективті әлеуеті түсінігін теориялық негіздеуде орыс ғалымы Т.И. Заславскаяның посткеңестік қоғамның трансформациясы атты кешенді теориялық тұжырымдамасындағы «социеталдық үшбұрыш» ұғымы қолданылады. Бұл бойынша қоғамдық құрылыстың негізгі элементтері ретінде қоғамдық қатынастар, халық пен мәдениет, ал қоғамдық құрылымның проекциясын байланыстыратын негізгі арналары ретінде осы элементтердің нәтижеге алып келетін өзара іс-қимылдары қарастырылады:

– институционалды құрылым (қоғамдық қатынастар және қоғам мәдениетінің өзара іс-қимылы) – қоғамда орнаған және қоғамдық қатынастарды реттейтін нормативтік құрылым мен ойындар тәртібі;

– әлеуметтік-топтық құрылым (қоғамдық қатынастар мен қоғамдағы халықтың өзара іс-қимылы) – белгілі бір тәртіптер бойынша ойыншылардың әлеуметтік құрамы мен ұйымдасу тәсілі;

– әлеуметтік-мәдени әлеует (қоғамдағы мәдениет пен халықтың өзара іс-қимылы) халықтың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерінің сапалық сипаттамасы [3].

Саяси-әкімшілік қалыптасқан жағдайларды талдау кезінде негізгі назар, әдетте, қоғамның саяси жүйесін құрайтын институционалдық, ұйымдастырушылық субъектілерге – мемлекеттік органдар, саяси партиялар, саяси-қоғамдық қозғалыстарға аударылады. Осындай тұтастық шегінде қоғамның саяси-әкімшілік өмірі өтеді және саяси билік жүзеге асырылады.

Қоғамдық дамудың қазіргі заманғы кезеңінде саяси-әкімшілік мәселелерге шешудің мұндай тәсілі жеткіліксіз деңгейде болады түсінікті. Бұл саяси-әкімшілік қызметте адам әлеуетін қарастыруды көздейтін тұлғалық бағытты да қосымша қолдануды қажет етеді.

Белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлікте тиімді басқару қызметін жүзеге асыру үшін саяси-әкімшілік элита мүмкіндігінше толық капиталдар мен әлеуеттердің жиынтығына ие болу қажет. Өз қызметтерін табысты іске асыру үшін ол өмір сүру барысында басқа барлық әлеуеттердің (экономикалық, әлеуметтік, саяси, т.б.) болуын қамтамасыз етуі мүмкін субъективті әлеуетке ие болуы шарт [9].

Саяси-әкімшілік элитаның субъективті әлеуетін зерттеу қоғамның жетекші тобының субъективті әлеуетінің екі компонентін (тұлғалық және қызметтік) бөлуге мүмкіндік береді. Субъективті әлеуеттің қызметтік

компоненті саяси-әкімшілік элита өкілдерінің белсенді, бастамашыл, жауапкершілікті, инновациялық тұрғыларда іс-әрекет етуін, сонымен бірге оларда саяси-әкімшілік позициялар мен қоғам арасында көлденең (горизонталь) азаматтық байланыстардың дамығандығымен қамтамасыз етілетін өкілеттіктер шегінде әлеуметтік және шығармашылық әлеуеттерді еркін іске асыру үшін объективті жағдайлардың болуын білдіреді. Қызметтік компоненттің құрамында басқару шешімдерін қабылдаудағы рөлі, сенім ресурсы, мәселелерді шешуге өкілеттіктердің болуы, жауапты шешімдерді қабылдауға дайын болуы мен дайындығы сияқты элементтер болады. Дәл осы компонент тұлғалық компоненттің шешуші ықпалы тұрғысында субъективті әлеуеттің тәжірибелік көрініс табуының шешуші факторы болып табылады.

Субъективті әлеуеттің тұлғалық компоненті іс-әрекет субъектісінің жеке ресурстық базасының көпжақтылығын білдіреді. Тұлғалық компонент объективті және субъективті құраушылардан құралады. Тұлғалық компоненттің объективті құраушысы саяси-әкімшілік элитаға кіретін жеке адамның сыртқы сипаттамаларын (белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы; лауазымы – саяси-әкімшілік иерархиядағы орны, оның беделдігі; жеке адамның және оның қызметінің қоғам тарапынан мойындалуы; азаматтық және аймаққа жату ресурсы) біріктіреді. Тұлғалық компоненттің субъективті құраушысына алған білім мен оның беделдігі; басқару қызметінде және басқару іске асырылатын белгілі бір саладағы кәсіби тәжірибе, біліктілік пен құзіреттілік; білік, икем мен дағдылар; ақыл-ой, интеллектуалдық қабілеттер; шешімдер қабылдауға дейінгі іс-әрекеттер жасауға, жауапкершіл алуға қабілетілік; көшбасшылық қасиеттер (харизма, ораторлық, ұйымдастырушылық қабілеттер); денсаулық жағдайы, сырт келбеті; құндылықтар, құндылықтық ұстанымдар; демографиялық көрсеткіштер (отбасы, жыныс, жас) жатады [8].

Тұлғалық компонент субъективті әлеуеттің маңызды, негізгі құраушысы ретінде қызметтік компоненттің белгілі бір деңгейде шектеуі болып табылады. Алайда тұлғалық сипаттарға ие болу қызметтік компонентті қолданусыз мүмкін емес. Дәл осы қызметтік компонент саяси-әкімшілік элитаның субъективті әлеуетінің көріну мүмкіндігін анықтайды. Субъективті әлеуеттің қызметтік компоненті саяси-әкімшілік элита өкілдерінің белсенді, бастамашыл, жауапкершілікті, инновациялық тұрғыларда іс-әрекет етуін, сонымен бірге оларда саяси-әкімшілік позициялар мен қоғам арасында көлденең (горизонталь) азаматтық байланыстардың дамығандығымен қамтамасыз етілетін өкілеттіктер шегінде әлеуметтік және шығармашылық әлеуеттерді еркін іске асыру үшін объективті жағдайлардың болуын білдіреді. Шешуші іс-әрекеттер мен қызмет үшін жауапкершілікке дайын болу және әрекетсіздік қызметтік компоненттің негізі болып табылады.

Саяси-әкімшілік элитаның қоғамдық-саяси өмірге басқарушылық әсері саяси-әкімшілік элитаның субъективті әлеуетінің қызметтік компонентінің келесідей көрсеткіштерінің көмегімен анықталады: басқару шешімдерін қабылдаудағы рөлі, мәселелерді шешуге өкілеттіктердің болуы, сенім ресурсы, жауапты шешімдерді қабылдауға дайын болу мен дайындық [5].

Басқару шешімдерін қабылдаудағы рөлі. Бұл ресурс басқару субъектісінің шешімдер қабылдау үдерісіндегі атаулы (номиналды) шамасын емес, нақты (реалды) шамасын көрсетеді [8]. Қазақстан жағдайында элитаның жұмыс істеу тәжірибесі көрсеткендей, шешім қабылдау субъектісі сол деңгейдегі саяси-әкімшілік элита өкілі болып табылмайды. Басқаша айтқанда, шешім қабылдайтын шынайы басқару субъектісі атаулы (номиналды) басқару субъектісінен жоғары деңгейде (мысалы, жергілікті деңгейдегі саяси-әкімшілік элитаның шешім қабылдау қызметін шынайы жағдайда одан жоғары тұрған аймақтық не республикалық деңгейдегі саяси-әкімшілік элита өкілдері немесе басқа элиталық топтар, мәселен экономикалық элита өкілдері ашық не жасырын түрде шешім қабылдауы мүмкін).

2021 жылы Жетісай қаласы тұрғындары мен мемлекеттік қызметкерлерінің арасында жүргізген сауалнама қала деңгейіндегі басқару шешімдерін қабылдау деңгейі әртүрлі екендігін көрсетті. Мысалы, сауалнамаға қатысқан Жетісай қаласы тұрғындарының көп бөлігінің ойынша, қала деңгейіндегі басқару шешімдеріне, әсіресе салалар бойынша, қала әкімі көп ықпал етеді (ықпал ету коэффициенті – 5). Ал сауалнамаға қатысқан мемлекеттік қызметкерлердің пікірлерінше, қала деңгейіндегі басқару шешімдері, әсіресе салалар бойынша, аудандық басқармалар мен бөлімдердің басшылары қабылдайды (ықпал ету коэффициенті – 5). Бұл қала тұрғындарының объективті түрде қала әкімінен шешім қабылдау үдерісін жүзеге асыруын талап ететіндігін және қала әкімі мен мемлекеттік қызметкерлердің салалар бойынша құзыреттіліктерінің жеткіліксіздігін білдіреді.


Кесте 1. Басқару шешімдерін қабылдаудағы саяси-әкімшілік элита өкілдерінің ықпал ету коэффициенті.

Саяси-әкімшілік элита өкілдері	Ықпал ету коэффициенті	
	Тұрғындар	Мемлекеттік қызметкерлер
Аудандық басқармалар мен бөлімдердің басшылары	4	5
Жетісай ауданының әкімі	1	4
Жетісай ауданының мәслихатының төрағасы мен депутаттары	3	3
Жетісай қаласының әкімі	5	2
«Нұр Отан» партиясының филиалының басшылары	2	1

Мәселелерді шешуге өкілеттіктердің болуы. Басқарушылық және саяси қызметтерді жүзеге асыру үшін өкілеттік ресурсының болуы қажетті шарт болып табылады. Өкілеттік ресурсы заңды (легитимді) (халықтың елеулі бөлігінің қолдауына ие тұлғалардың қызметке тағайындалуы немесе сайлануы) немесе заңсыз (легитимсіз) (халық тарапынан сенімге ие емес тұлғалардың

лауазымды қызметтерге тағайындалуы немесе бұрмаланған сайлаулар арқылы сайлануы) формалар арқылы пайдаланылады [10].

2021 жылы Жетісай ауданы тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама жергілікті саяси-әкімшілік элитаның қоғамда атқаратын рөлінің қаншалықты дәрежеде екенін көрсетті. Сауалнамаға қатысқан аудан тұрғындарының пікірінше, жергілікті саяси-әкімшілік элита өкілдері өздерінің позицияларын нығайту және өз капиталын ұлғайту мақсатында қоғамдағы билік рөлін пайдаланады (барлық нұсқалардың 40 %-ы және 38 %-ы). Ал мемлекет саясатын жүргізуге дамытуға жағдай жасау, маңызды әлеуметтік мәселелерді шешуге әрекет жасау, билік құрылымдарын дамытуға жағдай жасау және қоғамдық тәртіпті нығайту рөлдері тұрғындардың пікірінше, саяси-әкімшілік элита үшін маңызды рөл ойнамайды.



Сурет 1. «Сіздің ойыңызша, сіз тұратын ауданда саяси-әкімшілік элита қандай рөл ойнайды?» деген сұраққа жауаптар. Нұсқаларды таңдағандардың үлесі, %.

2021 жылы Жетісай ауданы тұрғындарының арасында жүргізілген сауалнама нәтижесі Қазақстанның саяси-әкімшілік элитасы өкілдерінің басқару қызметін жүзеге асыру барысында өз мақсаттарына жетуге қандай тетіктерді пайдаланатындықтарын көрсетті. Халықтың пікірінше, саяси-әкімшілік элита өкілдері жеке бас мәселелерін шешу үшін лауазымды тұлғаларды, қоғамдық-саяси қозғалыстар мен ұйымдардың жетекшілерін «сатып алу» және қысым жасау топтарын пайдалану формаларын барынша пайдаланады. Ал халықаралық саяси және қаржылық қысым жасау тәсілін, халықтың пікірінше, саяси-әкімшілік элита өкілдері, халық алдында «мемлекетті, ұлтты сатқандар», «патриот еместер» бейнелерінде көрінбеулері үшін пайдаланбайды.

Кесте 2. «Қазақстанның саяси-әкімшілік элитасы өз мақсаттарына жетуге қаншалықты дәрежеде келесідей тетіктерді пайдаланады?» деген сұраққа жауаптардың бөлінісі, %.

Жауап нұсқалары	Пайдаланады	Біршама пайданады	Пайдаланбайды
Қысым жасау топтары (лобби, партиялар, фракциялар, т.б.)	92	6	2
Шешімдер қабылдайтын лауазымды тұлғаларды «сатып алу»	98	2	0
Халық арасында сәйкес, қажетті көңіл-күй орнату	83	8	9

2-кестенің жалғасы.

Экономикалық, қаржылық тетіктер	85	11	4
Қажетті қоғамдық пікірді қалыптастыру	72	25	3
Халықаралық саяси, қаржылық қысым	3	9	88
Нақты топтар, қозғалыстар, ұйымдардың жетекшілерін «сатып алу»	94	5	1

Сенім ресурсы. Заңдылық (легитимділік) сипатқа ие болу үшін саяси-әкімшілік элитаға халық тарапынан қолдау мен сенімнің болуы қажет. Саяси-әкімшілік элитаның «заңсыздығы» (легитимсіздігі) тұрақтылықты орнатуға және қоғамдық консенсусқа келуге мүмкіндік бермейді. Саяси-әкімшілік элитаның халық қолдауынсыз дағдарыстан шығу бойынша мәселелерді шешуге және белгілі бір әкімшілік-аумақтық бірлікті дамытуға, яғни басқару қызметін тиімді жүзеге асыруына мүмкіндіктері болмайды [6].

Қазақстандық қоғам басқа посткеңестік қоғамдар сияқты билікке және саяси-әкімшілік элитаға сенім бойынша іштей төмен деңгейімен ерекшеленеді. Бұл П. Штомпк атап өткендей, институцияландырылған сенім жүйесі және сол жүйенің іштей ыдырауынан оның қарама-қайшы тұстары көрінетінін көрсетеді [11].

2021 жылғы Жетісай ауданы тұрғындары арасында жүргізілген сауалнама қазақстандық саяси-әкімшілік элита өкілдеріне сенімнің қаншалықты деңгейде екенін көрсетті. Жетісай ауданының тұрғындарының аудан әкімі Ж.Бейсенбаевқа сенім деңгейі өте жоғары (10 шкаланың 10-ы). Бұл жергілікті саяси-әкімшілік элита өкіліне қоғам тарапынан абсолютті сенімнің болуы оның ауданды басқару қызметінің өте жоғары деңгейде екендігін, қажетті құзыреті, білімі және тәжірибесінің мол екендігін және оның халық тарапынан мойындалғандығын көрсетеді. Республикалық деңгейдегі саяси-әкімшілік элита

өкілдерінің ішінен ҚР Парламенті Сенатының төрағасына, ҚР Президентіне, ҚР Білім және ғылым, Мәдениет және спорт министрлеріне және жергілікті деңгейде Жетісай қаласының әкіміне сенім деңгейі жоғары. Ал бірқатар республикалық деңгейдегі саяси-әкімшілік элита өкілдеріне сенім көрсеткеші өте төмен не мүлдем жоқ. Мысалы, ҚР Ішкі істер министрі Е. Тұрғымбаев пен ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы К. Мәсімовке қоғам тарапынан сенім көрсеткішінің өте төмендігінің басты себебі – аталған элита өкілдерінің күш құрылымдарының басшылары болғандығында. Ал Денсаулық сақтау министрі А. Цойға қоғам тарапынан сенім мүлдем жоқ. Бұл – 2021 жылы жалғасқан әлемдік коронавирус індеті кезіндегі Қазақстан аумағында енгізілген шектеу шараларынан қоғам тарапынан наразылықтың белгісі. Бұл қазақстандық қоғамның атқарушы билікке деген сенімінің едәуір төмендеуіне әкеледі. Басқа элита өкілдерінен ҚР Ұлттық банкінің және Орталық сайлау комиссиясының төрағаларына сенім көрсеткіші өте төмен (барлығы 10 шкаладан 1).

Сауалнама нәтижесі жергілікті қоғамның республикалық және аймақтық деңгейдегі саяси-әкімшілік элита өкілдеріне қарағанда, жергілікті саяси-әкімшілік элита өкілдеріне сенетіндігін көрсетті. Ал республикалық және аймақтық саяси-әкімшілік элита өкілдеріне жергілікті қоғам тарапынан сенім деңгейлерін салыстыратын болса, аймақтық саяси-әкімшілік элитаны жетекші өкілі ретінде білдіретін облыс басшысына сенім деңгейі төмендеу, бұл жергілікті жағдай туралы аймақтық саяси-әкімшілік элитаның хабардарлығының жеткіліксіздігін, жергілікті саяси-әкімшілік элитаның аймақтық саяси-әкімшілік элитамен өзара іс-қимылының төмен деңгейде екендігін көрсетеді. Бұнда нақты заңдылық көрінеді: билік деңгейі қаншалықты төмен болса, соншалықты ол халыққа жақын, бұл нәтижесінде жергілікті билікке халық тарапынан сенім деңгейінің жоғары болатындығын көрсетеді.

Кесте 3. Қазақстандық саяси-әкімшілік элита өкілдеріне сенім шкаласы.

Саяси-әкімшілік элита өкілі	Сенім шкаласы (1-ден 10-ға дейін)
Қ. Тоқаев, ҚР Президенті	8
М. Әшімбаев, ҚР Парламенті Сенатының төрағасы	9
Н. Нығматуллин, ҚР Парламенті Мәжілісінің төрағасы	2
А. Мәмин, ҚР Премьер-министрі	7
Ж. Асанов, ҚР Жоғарғы Сотының төрағасы	3
Е. Досаев, ҚР Ұлттық банкінің төрағасы	1
Ғ. Нұрдәулетов, ҚР Бас прокуроры	2
Б. Имашев, Орталық сайлау комиссиясының төрағасы	1
К. Мәсімов, ҚР Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы	1
А. Перуашев, «Ақжол» партиясының жетекшісі	2
Ж. Ахметбеков, Қазақстан Халық партиясының жетекшілерінің бірі	6
М. Тілеуберді, ҚР Сыртқы істер министрі	2
Е. Тұрғымбаев, ҚР Ішкі істер министрі	1
М. Бекетаев, ҚР Әділет министрі	5

Ә. Ерғалиев, ҚР Ұлттық экономика министрі	4
Б. Атамқұлов, ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі	3
С. Омаров, ҚР Ауыл шаруашылығы министрі	2
Б. Сұлтанов, ҚР Сауда және интеграция министрі	6
Н. Ноғажев, ҚР Энергетика министрі	5
Б. Мусин, ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі	7
А. Балаева, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі	3
М. Мырзағалиев, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрі	5
Ю. Ильин, ҚР Төтенше жағдайлар министрі	2
А. Цой, ҚР Денсаулық сақтау министрі	0
А. Аймағамбетов, ҚР Білім және ғылым министрі	8
А. Райымқұлова, ҚР Мәдениет және спорт министрі	8
С. Шәпкенов, ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі	5
Ө. Шөкеев, Түркістан облысының әкімі	5
Ж. Бейсенбаев, Жетісай ауданының әкімі	10
Т. Елшібаев, Жетісай қаласының әкімі	8

Жауапты шешімдерді қабылдауға дайын болу мен дайындық. Субъективті әлеуеттің қызметтік компонентінің маңызды элементі саяси-әкімшілік элита өкілінің жауапты шешімдерді қабылдауға дайын болуы мен дайындығы (ішкі – психологиялық жағынан да, сыртқы – ұйымдастырушылық жағынан да) болып табылады [2].

2021 жылы Жетісай ауданы тұрғындарының арасында жүргізілген сауалнама қазақстандық саяси-әкімшілік элита өкілдерінің қаншалықты деңгейде мүдделі топтармен шешімдер қабылдау бойынша өзара іс-қимыл жасау деңгейін көрсетті. Сауалнама нәтижесі қазақстандық саяси-әкімшілік элитаның мүдделері нақты шешімдерге қатысты топтармен өзара іс-қимылдар жасауға дайын екендіктерін көрсетті. Бұл саяси-әкімшілік элита өкілдерінің бірінші кезекте жеке мәселелер мен мүдделерді, соңында қажет жағдайда қоғамдық мәселелер мен мүдделерді қозғауға ұмтылатындықтарын білдіреді. Ал қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстар және саяси партиялармен шешімдер қабылдауға дайын болу деңгейі әртүрлі шамаларды көрсетті. Мысалы, жергілікті деңгейдегі саяси-әкімшілік элита өкілдері қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстармен шешім қабылдауға онша дайын емес және аймақтық саяси-әкімшілік элита сияқты аса құлшыныс танытпайды. Ал республикалық деңгейдегі саяси-әкімшілік элита қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстармен күрделі мәселелер бойынша өзара іс-қимылдар жасауға біршама дайын. Басты мүдделі топ – халықпен шешімдер қабылдау бойынша өзара іс-қимылдар жасауға саяси-әкімшілік элита өкілдерінің барлығы дайын емес. Мысалы, республикалық деңгейдегі саяси-әкімшілік элита өкілдерінен мемлекет басшысы ғана салыстырмалы түрде халықпен шешім қабылдау бойынша өзара іс-қимылдар жасауға дайын.

Кесте 4. «Қазақстанның саяси-әкімшілік элиталары шешімдер қабылдауда мүдделі топтармен өзара іс-қимыл жасауға дайын ба?» деген сұраққа жауаптар.

Мүдделі топтар	Шешімдер қабылдауға дайын болу шкаласы (1-ден 10-ға дейін)					
	Президент	Парламент	Үкімет	Облыс әкімі	Аудан әкімі	Қала әкімі
Қоғамдық ұйымдар мен қозғалыстармен	9	7	6	5	4	2
Халықпен	7	1	2	3	5	4
Мүдделері нақты шешімдермен үйлесетін топтармен	7	10	8	8	9	9
Саяси партиялармен	7	6	5	6	4	1

Қорыта келгенде, әртүрлі деңгейдегі Қазақстанның саяси-әкімшілік элиталарының мемлекеттік басқару субъектісі ретіндегі қызмет етуінің әлеуеті жоғарыдағы атап өтілген субъективті әлеуеттің қызметтік компоненті ресурстары арқылы анықталды. Қазақстанның әртүрлі деңгейдегі саяси-әкімшілік элита өкілдері өздерінің субъективті әлеуеттерін пайдалана отырып, мемлекет пен қоғамды тиімді және табысты басқаруына, қоғамдық үдерістерге қатысуына және қоғамда елеулі өзгерістерді жүзеге асыруына мүмкін болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Гаман-Голутвина О. Политические элиты России. – М.: Интеллект, 2018. – 415 с.
- 2 Солових В.П. Методологія політико-адміністративних відносин та їх сучасний стан в Україні // Регіоналізація і вибори як засоби удосконалення владних відносин в Україні: теорія і практика: [Моногр.] / В.В. Лісничий, В.О. Грищенко, О.В. Радченко та ін.; За заг. ред. О.О. Дьоміна; Керівник авт. кол. В.В. Лісничий. – Х.: Вид-во Хар РІ УАДУ «Магістр», 2013. –112-134 с.
- 3 Заславская Т.И. Пространство посткоммунистических трансформаций // Россия, которую мы обретаем / отв. ред. Т.И. Заславская, З.И. Калугина. – Новосибирск: Наука, 2013. –30-40 с.
- 4 Тощенко Ж. Элита: кланы, касты или клики? // Дружба народов. – 2010. – №7. – С. 140-149.
- 5 Marger M. Elites and Masses: an Introduction to Political Sociology. – N.Y., 1981. – P. 207.
- 6 Sztompka P. Society in Action. The Theory of Social Becoming. – L.,

1991.

7 Mosca G. The Ruling Class. New York., 1939.

8 Rouban L. Les députés // Cahiers du CEVIPOF. 2011. N 55. – 38-41 p.

9 Rouban L. Sociologie politique des députés de la V-e République, 1958-2007 // Les Cahiers du CEVIPOF. Paris, 2011. N 55. – 25-32 p.

10 Sayre W. Premises of Public Administration: Past and Emerging // Public Administration Review? 1958. – N 18. –102-105 p.

11 Sztompka P. The Ambivalence of Social Change: Triumph or Trauma? // Polish Sociological Review. 2000. – № 3. –45-51 p.

ГРНТИ 06.39.41

ПРАКТИКИ СТРАТЕГИЧЕСКОГО УПРАВЛЕНИЯ ПЕРСОНАЛОМ ПРЕДПРИЯТИЯ И ПЕРСПЕКТИВЫ ОРГАНИЗАЦИОННОГО РОСТА

Н.А. Амантаев

Магистрант, КазАТУ имени С.Сейфуллина, г. Нур-Султан

Г.А. Орынбекова

Научный руководитель, к.э.н., ст.преподаватель, КазАТУ имени С.Сейфуллина, г. Нур-Султан

В данной статье рассматриваются теоретические перспективы практик стратегического управления персоналом (ПСУП) и организационного роста на сельскохозяйственном предприятии. Суть исследования состояла в том, чтобы установить связь между ПСУП и организационным ростом. Качественный исследовательский подход был принят в попытке установить связь между ПСУП и организационным ростом на предприятии. Были рассмотрены родственные работы разных авторов. В целом можно сказать, что ПСУП оказывают положительное и значительное влияние на организационный рост. Исследование показало, что организации необходимо эффективно использовать свои человеческие ресурсы, чтобы минимизировать потери.

Ключевые слова: стратегии, управление персоналом, сельское хозяйство, организационный рост.

В современных условиях руководство предприятий при разработке стратегий управления персоналом сталкиваются с новыми проблемами и ищут новые пути их решения. Отделы кадров (HR) предприятий, как стратегические отделы, рассматривают новые возможности повышения эффективности работы организации, вносят свой вклад в решение задач организации и проектирования работы, обеспечивая тем самым организационный рост. Персонал – это самый важный ресурс для любой организации, от него зависит реализация каждого принятого решения, эффективность проделанной работы и конечный результат. Неотъемлемой частью управления персоналом, которая помогает мотивировать сотрудников и повышать организационную эффективность и рост, является система вознаграждения.

Теории стратегического управления персоналом и организационные теории предполагают, что надлежащее использование людей повышает организационную эффективность и рост. Организации должны использовать все имеющиеся в их распоряжении ресурсы для достижения конкурентных преимуществ [1, с. 267-272].

Практики стратегического управления персоналом (ПСУП) стали главной заботой современных менеджеров, поскольку организации достигают своих целей и задач в основном за счет усилий своего персонала, а это требует эффективного управления людьми в компании. Постоянные изменения в сегодняшней бизнес-среде побудили к внедрению ПСУП для достижения конкурентных преимуществ. Организация требует использования сложного массива ресурсов для роста, выживания и достижения конечной миссии или целей, которые определяли ее существование или создание [2, с. 215-243].

Персонал признан стратегическим инструментом, необходимым для прибыльности и устойчивости организации. Роль людей настолько важна, что можно смело утверждать, что они являются наиболее важным, влиятельным и ответственным ресурсом эффективности и результативности организации [3, с. 396].

Проблемы стратегического управления ресурсами предприятия и персоналом рассматривались в трудах Г. Минцберга, Д. Кэмпбела, В.М.Цветаева, В.Р. Веснина, Д. Ходкинсона, А.Л. Гапоненко, Т.Ю. Базарова, М.Б.Курбатовой и других исследователей стратегического управления и кадрового менеджмента.

Обзор литературы показал, что существует несколько видов стратегического управления персоналом и соответственно множество стратегий политики управления персоналом на предприятии.

На наш взгляд, в условиях быстро изменяющейся внешней и внутренней среды, когда все процессы протекают динамично наиболее приемлемой, является стратегия расчета на собственные силы [4]. Данная стратегия подразумевает то, что предприятие занимает прочную опору на рынке, имеет представление о предстоящих переменах в течение последующих лет и планирует смену стратегических задач, принимая во внимание рыночные

изменения. Один из примеров применения ПСУП – когда предприятие планирует создать группу специалистов для изготовления и реализации предстоящих продуктов. Пусть промежуток прогнозирования находится в зависимости от показателя нового изделия, издержки зависят от стоимости работ по отбору экспертов и их подготовки. Затраты также станут включать стоимость тестирования знаний предстоящих экспертов. То есть, имеется конкретный риск того, что обученные эксперты не смогут решить задачи и удовлетворить новые нужды в трудовых ресурсах. Но данный риск можно снизить до минимума с помощью оптимальной организации подбора кадров и обеспечения некой избыточности относительно количества подбираемых экспертов, то есть соотношения между количеством принимаемых работников и количеством экспертов, запланированных на конкретный промежуток в будущем в соответствии со стратегическим прогнозом. Для растущего предприятия успех данной стратегии находится в зависимости от нескольких параметров: степень привлекательности предприятия на трудовом рынке; число молодых работников, которые уже выполняют работу на предприятии, и число профессионалов, которые могут быть трудоустроены; имеющийся уровень образования и степень умений и навыков сотрудников компании; существование возможностей для карьерного роста молодых сотрудников. Поэтому стоит отметить, что данная стратегия больше подходит для крупных компаний.

Стратегическое планирование направлено на выявление организационных решений и действий, которые дают наибольшие преимущества при различных предположениях об организации и ее окружении. Согласно Уоффорду, интеграция людских ресурсов в организационную стратегию обеспечивает основу для того, чтобы функция HR могла поддерживать и реализовывать стратегический план для достижения конкурентного преимущества [5, с. 392].

Дж. Иванцевич описывал стратегию управления персоналом как то, то чего хотело бы добиться высшее руководство организации в течение длительного времени. Автор предлагает выбрать кадровую политику по основным кадровым процессам по срокам стратегического планирования. На наш взгляд, данное определение в большинстве случаев соответствует определению целей организации.

Стратегическое управление ресурсами персонала можно определить, как увязку стратегической функции управления человеческими ресурсами организации в качестве стратегического партнера с организационным ростом при разработке и реализации стратегий организации посредством кадровой деятельности, такой как набор, отбор, обучение и вознаграждение персонала [6, с. 49].

ПСУП выравнивает функцию человеческих ресурсов с основными бизнес-целями. Персонал находится в центре успеха организации, люди используются для улучшения всего, что делает организация. Эффективное СУП требует, чтобы организации признавали своих сотрудников в качестве своего

самого важного актива. Ресурсы – это входные данные или факторы, доступные компании, которые помогают ей осуществлять свою деятельность. Эффективное управление персоналом требует большой кропотливой работы на постоянной основе. Любая организация, которая признает решающую роль своих сотрудников и ценит их за то, что они есть и на что способны, рано или поздно «пожнет плоды» [7, с. 114-135].

ПСУП предназначены для того, чтобы помочь организациям наилучшим образом удовлетворить потребности своих сотрудников, продвигая при этом организационные цели. ПСУП требуют обдумывания и планирования путей для организации, чтобы лучше удовлетворить потребности своих сотрудников, а также для сотрудников, чтобы лучше удовлетворить потребности организации.

Организации, которые упорно трудятся, чтобы удовлетворить потребности своих сотрудников, могут культивировать рабочую атмосферу, способствующую производительности и росту, и ПСУП – лучший способ достичь этого. Умение планировать для руководителей сотрудников, думая наперед, может помочь повысить число квалифицированных сотрудников, которые решили работать в организации. Повышение уровня удержания таких сотрудников может снизить денежные потребности организаций в поиске и обучении новых сотрудников. Понимание потенциала ресурсов организации и оптимизация факторов роста дает стимул для того, чтобы HR стал ключевым компонентом создания конкурентного преимущества для организации [8, с. 576].

Отдел кадров делает гораздо больше, чем просто набирает сотрудников для организации. Обеспечение эффективной системы вознаграждения и эффективное использование персонала для достижения организационного роста, для предоставления организации конкурентных преимуществ и выполнение поставленных задач – вот некоторые из основных проблем и приоритетов этого управленческого звена.

В периоды роста управленческие структуры стремятся сосредоточить возможности персонала и ресурсы предприятия в определенном «выгодном» направлении. Независимо от того, является ли рост резким или постепенным, организации часто сталкиваются с трудностями в этом процессе. Однако организационный рост неизбежно ведет к ослаблению этого практического потенциала, в то время как сложность различных организационных задач одновременно возрастает. По мере роста и увеличения размеров организаций контроль становится все более сложным. Рост организаций усложняет планирование обучения, вознаграждения, дополнительного набора персонала и даже продвижения по службе. Из-за трудностей в планировании внедрения этих практик организации сталкиваются с поворотами вниз в показателях прибыльности, конкурентных преимуществ и возможностей роста.

Принято считать, что в процессе планировании работы с персоналом основными выступают следующие концепции: 1) кадровая стратегия зависит от общей стратегии предприятия; 2) стратегия предприятия находится в зависимости от кадровой стратегии; 3) кадровая стратегия и стратегия

предприятия тесно взаимосвязаны и взаимозависимы: «лучшие практики» Пфедфера и «интегрированная кадровая стратегия» фон Экардштайна; 4) кадровая стратегия и стратегия предприятия планируются интерактивно к последней концепции по мнению Минцберга применимо понятие стратегии «зонтика». Роль «зонтика» играет предпринимательская стратегия, так как она сдерживает зону активности сотрудников организации, в зависимости от нее и в рамках нее развивается кадровая стратегия предприятия [9].

В сельском хозяйстве процесс управления персоналом представляет собой сложную систему действий, включающей определение общей стратегии управления, кадровой стратегии, целей, задач и основных направлений деятельности, а также сочетание различных видов, методов и форм управления. На наш взгляд в условиях сельхозпредприятия ТОО «Астық қоймалары», которое занимается оказанием услуг по приемке, отгрузке и сушке зерна и семян масличных культур, особого внимания заслуживает концепция четвертого типа, то есть интерактивное определение кадровой стратегии, так как все подразделения компании могут проявить инициативу и предложить рекомендации по новым стратегиям. Под объемом человеческого капитала на данном предприятии понимается комплекс фонда здоровья, образования, образования, знаний и способностей сотрудников. Поэтому, в первую очередь, необходима количественная характеристика работников сельхозпредприятия ТОО «Астық қоймалары» (таблица 1).

Таблица 1. Анализ среднесписочной численности предприятия по категориям.

Категории работников	2020 год		2021 год		Откл.	
	чел.	уд.вес в проц.	чел.	уд.вес в проц.	абс., чел.	в проц.
Среднесписочная численность	2224	-	2139	-	-85	-3,8
В непромышленном подразделении	190	-	219	-	29	15,2
ППП в том числе:	2034	100	1920	100	-114	-5,6
Рабочие	1414	69,5	1343	69,5	-71	-5,0
Руководители	201	9,9	192	10,0	-9	-4,5
Специалисты	394	19,3	361	18,8	-33	-8,4
Служащие	25	1,2	24	1,3	-1	-4,0

Основным фактором, вызвавшим уменьшение работников в ТОО «Астық қоймалары» является современная ситуация, связанная с пандемией коронавируса в стране. Однако недопустимо делать вывод об уменьшении объема человеческого капитала на предприятии, так как могли увольняться, как кадры с высокой квалификации и уровнем образования, так и малообразованные и низкоквалифицированные, поэтому их сокращение весомо не отразилось на утрате человеческого капитала организации. При всей финансовой нестабильности в обществе, руководство ТОО «Астық қоймалары»

сумело обеспечить сохранение компетентных кадров. За два последних года особых изменений в структуре персонала не наблюдается.

Анализ кадровой политики ТОО «Астық қоймалары» позволил сделать вывод о том, что персонал предприятия представляет собой главную ценность из ресурсов организации, при сравнении с прочими ресурсами, такими как технологические, технические, организационные, информационные и сырьевые. Руководство организации и персонал сталкиваются с головокружительным набором организационных задач, которые должны быть пересмотрены в соответствии с меняющимися реалиями. В ТОО «Астық қоймалары» входят 4 хлебоприемных предприятия Акмолинской и Северо-Казахстанской областей, включающие силосы и склады напольного хранения зерна емкостью от 70 до 192 тыс.тн. Например, в данное время, поддержание эффективных методов коммуникации с сотрудниками и отделами и между ними становится все более трудным, но важным по мере роста масштабов деятельности сельскохозяйственного предприятия.

Для рассматриваемой организации стратегия управления персоналом позволяет увязать многие аспекты управления человеческими ресурсами с целью оптимизации их воздействия на сотрудников, прежде всего на их трудовую мотивацию. В каждом конкретном случае стратегия управления персоналом может охватывать некоторые ее компоненты, например функцию управления персоналом. В сельскохозяйственной отрасли управление персоналом необходимо рассматривать как совокупность взаимосвязанных стратегий, имеющих экономическую, социальную, идеологическую и философскую основу. В наш век стремительной цифровизации и технологического развития именно персонал играет ключевую роль в развитии и росте организации. Стратегическое управление персоналом – это новый подход, который помогает согласовать навыки, имеющиеся у работников, с целями, которые должны быть достигнуты организацией, а ПСУП – это отрасль управления персоналом [9, с. 185-188].

ПСУП позволяют организации добиться оптимизации ресурсов, эффективности и результативности, а также постоянного совершенствования в реализации поставленных перед ней целей. Они характеризуются тем, что оценивают сотрудников как важнейшие активы и ключевых партнеров в создании конкурентных преимуществ в организации.

Управление персоналом в сельском хозяйстве имеет свои особенности, которые присущи именно этой отрасли экономики, что влияет на ПСУП сельскохозяйственных предприятий. Особенности отрасли влияют на процессы и систему действий отдела кадров (HR): планирование потребности сельскохозяйственного предприятия в персонале, систему повышения квалификации, подготовки и переподготовки кадров; организацию рабочих мест, организацию морального и материального стимулирования. Персоналу сельскохозяйственных предприятий необходимы элементарные знания биологических закономерностей роста растений и животных, знания о климатических условиях местности, сезонности. HR-менеджеры, при

использовании ПСУП должны учитывать многофункциональность выполняемых работ, уровень оплаты труда по отраслям сельского хозяйства, часто неразвитость социальной инфраструктуры.

ТОО «Астық қоймалары» необходимо внедрять и поддерживать надлежащую практику управления людскими ресурсами – от найма на работу до обучения и расширения прав и возможностей. Установление и совершенствование стандартных практик часто также являются ключевыми элементами организационного роста. Бизнес, который переживает значительный всплеск роста, обнаруживает, что его деятельность трансформируется несколькими способами. И часто именно заблаговременное планирование, и управление навыками владельца будет определять, будет ли этот рост устойчивым, или внутренние ограничения сдерживают этот рост преждевременно.

Результаты исследования позволили выработать следующие рекомендации:

- персонал должен рассматриваться и оцениваться как актив, который вносит значительный вклад в рост организации;

- организационный рост сильно зависит от таких факторов, как обучение, планирование, вознаграждение, набор, отбор и продвижение: следовательно, организации должны уделять больше внимания внедрению таких элементов, чтобы стимулировать организационный рост;

- менеджеры по персоналу и практики должны понимать критическую природу и эффективность ПСУП в создании ценности для организации;

- самих менеджеров по персоналу тоже следует поощрять, чтобы повысить производительность и рост организации.

ПСУП охватывает широкий спектр видов деятельности, начиная от организационного позиционирования (репутации), организации выбора места работы для потенциального сотрудника до выбора систем вознаграждения, подбора, обучения и развития сотрудников. Такие практики должны быть нацелены не только на улучшение обслуживания, но и на удержание лучших исполнителей и организационный рост.

На современном этапе обучение является наиболее важным аспектом практики стратегического управления персоналом. Для роста и развития сельскохозяйственной отрасли необходима целостная и постоянно действующая система обучения и повышения квалификации сотрудников, так как это влияет на базовые навыки «стажеров», создает позитивные изменения в поведении сотрудников и их отношении к работе. Хорошо осведомленные и высококвалифицированные сотрудники повышают производительность и прибыльность организации, создают конкурентные преимущества и способствуют росту организации.

Таким образом, сельскохозяйственным предприятиям, представляющим собой бизнес-организации постоянно приходится оценивать свою внутреннюю и внешнюю среду на предмет наличия проблем и возможностей для сохранения конкурентоспособности и устойчивого роста. При этом политические,

экономические, социальные и даже психологические изменения в наших обществах оказывают значительное влияние на такие организации. Поэтому необходимо развивать и обновлять кадровые ресурсы, что входит в основную управленческую обязанность и ответственность, поскольку все бизнес-среды]отражают крайне непредсказуемые внешние и внутренние условия. Организации должны разработать выигрышные стратегии и практики, поскольку различные политические, экономические, социальные, экологические и другие изменения могут сделать существующие ресурсы, создающие ценность устаревшими.

Литература

1 Стратегический менеджмент: учебник практикум для академического бакалавриата / Отварухина Н.С. [и др.] – М.: Юрайт, 2017. – 427 с.

2 Иньянг Б.Ж. Стратегическое управление человеческими ресурсами (SHRM): смена парадигмы для достижения устойчивого конкурентного преимущества в организации / Б.Ж. Иньянг // Международный Вестник делового администрирования. – 2010. № 7 (23). –215-243 с.

3 Коммуникационный менеджмент и стратегическая коммуникация: современные технологии глобального влияния и управления / Е.Н. Пашенцев; – М.:Международный центр социально-политических исследований и консалтинга, 2014. – 468 с.

4 Стратегическое управление персоналом на предприятии и в организации: цели, задачи, особенност// URL: <https://hr-portal.ru/article/strategicheskoe-upravlenie-personalom-na-predpriyatii-i-v-organizacii-celi-zadachi> (дата обращения: 15.12.2020).

5 Ходкинсон Дж. Компетентная организация: психологический анализ стратегического менеджмента / Дж. Ходкинсон, П. Сперроу. пер. с англ. – М.: Гуманитарный центр, 2016. – 392 с.

6 Синха Р., Что такое стратегическое управление человеческими ресурсами //URL: <http://Ezine Артик les.com/expert>.

7 Стратегическое управление: учебник для студентов вузов, обучающихся по специальности «Менеджмент организации» / А.Л. Гапоненко, А.П.Панкрухин. – 3-е изд., стер. – Москва : Изд-во ОМЕГА-Л, 2008. – 463 с.

8 Новая экономика и искусство дезорганизации «Кадровая стратегия: мнения специалистов» Михаил Мурашов. Издательство «Бухгалтерский учет» [Электронный ресурс] <https://www.ipnpu.ru/print/000107/>.

9 Стороженко В.В. Современный подход к стратегическому управлению промышленным предприятием, использующий модульное моделирование / В.В.Стороженко // Экономика и управление в XXI веке: тенденции развития. – 2016. – № 2 (11). –185-188 с.

ҒТАМР 06.61.33

АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ-ЭКОНОМИКАЛЫҚ МЕХАНИЗМ РӨЛІ МЕН ӘЛЕУЕТІ

А.Н. Сакиев

Магистрант, Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

К.Н. Бекетова

Жетекшісі, э.ғ.к., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті, Қызылорда қ.

Зерттеу аумақты дамыту бағытына әсер ететін факторларға негізделген ауылдық жерлерді дамыту әлеуетін іске асырудың ұйымдастырушылық-экономикалық механизмінің негізгі компоненттерін экономикалық, әлеуметтік, саяси, ұйымдастырушылық және өндірістік жағдайлар мен негізгі мүдделі тараптардың мүдделерін, ең бастысы, олардың дәйектілігіне әсер ететін ерекшеліктерді ескере отырып, ұйымдық-экономикалық даму әлеуетінің рычагтары моделін құруды негіздейді. Әр түрлі салалық фокустағы аумақтарды бағалауға мүмкіндік беретін әмбебап әдістердің қажеттілігін анықтайтын, ауылдық жерлерді ұйымдастырудың және басқарудың қазіргі заманғы процестеріне қойылатын талаптар жұмыс істеп тұрған тұрақтылықты, бәсекеге қабілеттілікті анықтау үшін оларды салыстыра отырып анықталды. Ауылдық аймақтың сыртқы ортадағы өзгерістерге бейімделу қабілетінің авторлық анықтамасы оның өсу резервтерін анықтай отырып, аумақтың даму тұрақтылығына құрылымдық-динамикалық талдау негізінде ұсынылған. Бәсекеге қабілеттілік стратегиясын қалыптастыру мақсатында ауылдық аумақтарды дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық әлеуетін қалыптастыру және іске асыру әдістемесінің негізінде ауылдық аумақтарды дамытудың баламаларын негіздеуге құрылымдық тәсілді әзірлеу ұсынылған.

Түйін сөздер: Ауылдық аумақтарды дамыту, ұйымдастырушылық және экономикалық механизм, ауыл шаруашылығы, агроөнеркәсіптік саясат.

Ауылдық елді мекендерді дамытудың перспективалары потенциалды басқару жүйесі мен оны тиімді жүзеге асырудың белсенді жүйесіне негізделген тиімді және ұзақ мерзімді дамудың мүмкіндіктері, шарттары мен факторларының болуымен анықталады [2].

Осыған байланысты ауылдық жерлердің ұйымдастырушылық-экономикалық әлеуетін дамыту саясатының маңызды бағыттары ретінде мыналарды бөліп көрсетуге болады: а) бәсекеге қабілеттілік процесін

қамтамасыз ету мақсатында процестің үздіксіздігі; б) ауылшаруашылық өндірісінің шағын және орта формаларын дамыту; в) басқарудың оңтайлы және тиімді жүйесін қалыптастыру, ауылдық елді мекендердің тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту мақсатында мемлекет, бизнес және тұрғындар мүдделерінің бірлігінің алғышарттарын қалыптастыру.

Сарапшылар мен практиктер дамудың ауқымды перспективаларын ескере отырып, нақты жағдайларға бейімделген басқарудың сапалы жаңа механизмдерін ауылдарды әртараптандырудың мақсатты саясатын жүргізудің негізгі бағыты ретінде анықтайды. Сонымен бірге, мұндай механизмдердің жұмыс істеуінің мақсатты бағыты ауыл тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсарту болуы керек [3].

Ауылдық жерлерді тұрақты дамытудағы қайта құрулардың ерекше көп саны объективті факторлар мен нарықтық институционалдық инфрақұрылым процестерінің, экономикалық өмірдің әртүрлі субъектілерінің экономикалық мүдделерінің, халықаралық кәсіпкерліктің мүдделерінің арқасында байқалады [1].

Ғылыми басылымдардың монографиялық талдауы ауылдық-аумақтың дамуындағы «ұйымдастырушылық және экономикалық механизм» ұғымының мәні әр түрлі жолмен анықталатындығын көрсетті. Бұл жағдайда механизм көп қырлы құбылыс ретінде түсіндіріледі: 1) оның компоненттерінің құрамы тұрғысынан, 2) жеке адамдардың берілген шарттарда белгілі бір нәтижелерге қол жеткізуге және сонымен бірге еңбекті жүзеге асыруды жақсартуға арналған жиынтық қабілеті ретінде, 3) ұйымдастырушылық, экономикалық, әлеуметтік, басқарушылық компоненттер және т.б.

Біз «ауылдық аумақтарды дамытудың ұйымдастырушылық-экономикалық әлеуеті» тұжырымдамасының анықтамасымен келісеміз, ол аумақтың белгілі бір даму деңгейінде болатын және іске асырылмаған мүмкіндіктеріндегі ресурстар жиынтығы түрінде және агроөнеркәсіптік саясатты тиімді жүзеге асыруға, процестерге қатысуға болады, яғни шын мәнінде оларды пайдалану экономиканың осы секторының ресурсын арттырады.

Суицидалды мінез-құлық – адамның саналы түрде өзін-өзі өлтіргісі келетін тұлғаның мінез-құлқының бір түрі деп есептеді.

Адамзат тарихында өзін-өзі өлтіру әрекеті әртүрлі бағаланады. Еуропа халқында өзін-өзі өлтіретін адамдар – вампирға айналады деген. Ал көне Грекия, Спарта, Афинада өзін-өзі өлтірген адамдардың мәйітін өртеп жіберген. Орта ғасырда Австрия, Пруссия, Францияда өзін-өзі өлтіруші адамдарды діни көзқарас бойынша – қылмыскерлер деп санаған.

Суицидальді мінез құлықтың белгілі бір формасы, тәсілі, даму стадиясы, тәуекел факторлары болады. Суицидальді мінез-құлыққа адамның жас ерекшелігі, жынысы, кәсіби ерекшелігі, өмірлік жолының ерекшелігі де әсер етеді.

Біздің зерттеу өзін-өзі өлтіруге бейім кәмелетке толмағандарды тергеу әдістемесіне негізделгендіктен, басты мақсат жат әрекетке барған кәмелетке толмағандардың бейімділігі қалай туындады, оған себеп болған кімдер және оны қалай анықтаймыз деген сұрақтарға жауап беру.

Қазақстан Республикасының Қылмыстық және қылмыстық-процестік кодекстерінің нормаларына сәйкес, өзін-өзі өлтіруге бейім кәмелетке толмағандарды тергеу әдістемесінің ең басты ерекшелігі – өзін-өзі өлтіруге ниеттенген жасөспірімнің міндетті түрде жасы анықталады (туған жылы, күні, айы); жасөспірімді тәрбиелеу мен өмір сүруінің шарты; қылмыстың болуына ықпалы тиген себептер; үлкен ұйымдастырушы адамдар мен басқа қатысушылардың болуы да назардан қалмау керек. Жасөспірімнің есі дұрыс еместік пен ақылы кемдігі туралы деректердің болуы да, оның әрекет кезіндегі өз ісін толық ұғынатындығы туралы анықтамалар да болуы тиіс.

Статистика деректері суицидтың ең жиі кездесетін кезі 15-24 жас аралығы екенін көрсетіп отыр. Тағы да статистика өзін-өзі өлтіруге бармас бұрын, суициденттердің көбі дайындық кезеңі – суицидалды кезеңінен өтеді, ол адамның бейімделу қабілетінің төмендеуімен сипатталады. Ол қызығушылық деңгейінің төмендеуі, қарым-қатынастың шектелуі, мазасызданғыш, эмоционалды тұрақсыз болуы (т.б.) сияқтылар әсер етеді екен.

Тергеу амалдары кезінде осы жайтқа душар еткен, итермелеген жағдайлар толық тергеу әдістемесіне негіз болады.

Шет мемлекеттердің статистикасына қарасақ, Японияда тек 2016 жылы ғана 25524 жағдай тіркелген. Швейцарияда әскер қатарына шақырылған боз балаларды психологиялық тексеруден өткізген кезде олардың 2% өзін-өзі өлтіруге барған, ал 24 %-де суицидальді ойлар айқын көрінгені мәлім болған.

Польшада соңғы 10 жыл ішінде 12-20 жас арасындағы суицидтен өлген балалар саны 4 есеге көтерілген, ал оның 21 % қыздар алса, қалған 79 % ұлдар кұрайды.

Дюркгеймнің суицид теориясына байланысты адам бір проблемаға тірелген кезде немесе ол бейімделген орта немесе әлеуметтік топ одан бас тартқан кезде ол өзін-өзі өлтіруге барады деген. Әлеуметтік байланыстардың ерекшеліктерін ескере отырып ол келесі суицид түрлерін бөліп көрсетті: эгоисттік және альтруисттік. Тағы да психопатологиялық жағдай негізінен балалармен жас өспірімдердің социализация деңгейімен қоғамда алатын орнына байланысты да болады. Психоанализдік зерттеулер барысында суицид ол жеке тұлғаның сексуалды бұзылысына байланысты деген тұжырымдарға келді.

Белгілі заңгер Н.Е. Бачериковтың пікірінше, «өзін-өзі өлтіру оның ішкі қақтығыстарын өткізу жағдайларындағы әлеуметтік психология дезадаптация салдары» екен [3].

Одан әрі заңгер «суицидгенді жағдайлар тұлғаның ерекшелігіне, оның өмірлік тәжірибесіне, интелектісі және мінез-құлығымен анықталады. Суицидгенді қақтығыс шынайы себептер арқылы жүзеге асады. Ол тіпті сау адамда кездесуі мүмкін. Қақтығыс себептері субъект үшін ылғи да шынайы болады, сондықтан ол субъектіні ауыр уайым-қайғымен депрессияға ұшыратады. Сол проблемалардың шешілмеуіне байланысты адамдар өз-өздеріне қол жұмсауы мүмкін деп көрсетеді.

Сондықтан, жалпы заңгерлер мен криминалист-заңгерлер өзін-өзі өлтіруге бейім кәмелетке толмағандарды тергеу әдістемесі кәмелетке қатысты екенін басшылыққа ала отырып, жан-жақты тергеуді жүргізеді. Ондағы басты мақсат жоғарыда айтқанымыздай, өзін-өзі өлтіруге бейім кәмелетке толмағандарды итермелеген кімдер екенін анықтау, сондай-ақ, оның жалпы жат қылыққа қаншалықты бейімдігі бар екендігін анықтау.

Анықтау суицидтік мінез-құлықты анықтаудан тұрады. Суицидтік мінез-құлық – бұл жалпы медициналық ғана емес, сонымен бірге ұзақ уақытқа, кейде тұрақты еңбекке жарамсыздыққа әкелетін әлеуметтік-экономикалық проблема. Жеке, отбасылық және әлеуметтік факторларды егжей-тегжейлі зерттеу суицидтік мінез-құлықтың дизайнына әсер ететін жағдайларды түсінуге жан-жақты көзқарасты қамтамасыз ете алады.

Жалпы қай мемлекетті алып қарасақ та, ұзақ уақыт суицидтік мінез-құлық мәселесін зерттеу жүйелі және қарқынды сипатта болған жоқ. Жалпы психиатриялық көмекті реформалау суицидологиялық қызметтің дамуын,

дағдарыс ауруханаларын, сенім телефонының кеңселерін, әлеуметтік-психологиялық көмек бөлмелерін ашуды білдірді.

Суициденттермен жұмыс істейтін мамандардың көпшілігі суицидологиялық дайындықтан өтпеген, суицидология бойынша ұлттық нұсқаулық пен суицидке қауіпті жағдайдағы адамдарға көмек көрсету стандарттары әзірленбеген.

Өзіне-өзі қол жұмсау қаупі жоғары пациенттерге көмек психиатриялық ауруханада көрсетілгеніне қарамастан, осы уақытқа дейін бұл мәселеге жеткілікті көңіл бөлінбейді. Бұл ретте стационардың психиатр-дәрігері амбулаториялық буында суицидке қарсы күрес бойынша қиындықтардан кем болмайды. Суицидтерде анықталған психикалық бұзылулардың кең спектрі, сондай-ақ психиатриялық ауруханада өзіне-өзі қол жұмсау қаупі жоғары пациенттердің үлкен үлесі мамандардан жоғары біліктілікті ғана емес, сонымен қатар арнайы суицидтік дайындықты қажет етеді. Суицидтік мінез-құлық тек жалпы практика дәрігерлерінде ғана емес, психиатр-дәрігерлерде, психиатр-наркологтарда, психотерапевтерде де диагностика мен емдеуде қиындық тудырады.

Суицидтік мінез-құлықтың әртүрлі нұсқаларын диагностикалау мен емдеуде заманауи ұсыныстардың болуы олардың орындалуына әрдайым кепілдік бермейді, бұл суицидтік мінез-құлық мәселесі бойынша объективті ақпарат көздерінің аз болуымен байланысты. Психиатрлар, психологтар, психотерапевттер тарапынан суицидтерге көмек көрсетудің жалпы тәсілі, антидепрессанттар мен антипсихотиктердің белгілі бір топтарының суицидтік мінез-құлыққа тиімділігі туралы идеяларының болмауы мәселені ұтымды шешуге тырысады [4].

Адами тұрғыдан қарасақ, кез-келген сәтсіздік өлім туралы оймен және өмірден кетумен байланысты болуы мүмкін – бұл қиындықтарды шешудің өзіндік әрекеті сияқты. Егер жағдайдың өсуіне үлкен мән берілсе, адам жүзеге асыратын мүмкіндіктер жеткіліксіз және адам өзін жалғыз өмірден шығарудан бас тартуды қалайды, содан кейін оның әрекеті өзіне-өзі қол жұмсау ретінде бағаланады екен.

Тергеу ісінің мақсаты – негізгі әлеуметтік құндылықтарды қорғау, құқық бұзушылықты тексеруде шындықты ашып, кінәліні сотқа беру. Сондықтан тергеушінің жеке басының кәсіби-психологиялық ерекшеліктері оның тергеу қызметіндегі әлеуметтік-саяси, адамгершілік және психологиялық ерекшеліктерімен байланысты.

Алдын ала тексеру – бұл белгілі бір мақсатқа бағытталған процесс, ол мақсат тергеушінің бұрын болған қылмысты қазіргі кезде қалпына келтіруі болып табылады. Тергеуші қызметін анықтайтын негізгі құрамдас бөлігі болған оқиғаны, осы іске қатысты әрбір адамның өзара қатынасын қалпына келтіре отырып, қылмыс жасаған субъектінің жеке тұлғасын тану үшін әр түрлі деректер жинауы мен зерттеуі болып саналады.

Мәселе хасөспірімге қатысты болғандықтан, өзін-өзі өлтіруге бейім кәмілетке толмағандарды тергеу кезінде психикалық заңдылықтарды білу, оны

оперативті түрде іздеп-анықтау, ары қарай тергеу кезінде қолдану, балаларға арнайы психологиялық әдістемелерді қолдана білу тергеушінің жұмысын жеңілдететін әбден мүмкін. Себебі, ол өзіне қажетті адамдармен бірге қарым-қатынасқа терең түскен жағдайда өз әрекетін реттеп жүйелей алуы, жасөспірім баланың заң бұзғандығын – өзіне қол жұмсамақ болғандығы немесе бейімдігі бар екенін терең түсінуі, «объективті объекті тани біліп оны дұрыс бағалап, нәтижесін практикалық іс – әрекетінде қолдана білуі абзал» [5].

Сондықтан, өзін-өзі өлтіруге бейім балаларды анықтау, олармен нақты нәтижесін беретін жұмыс жүргізу аса қажет болып саналады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Орсаяева Р.А. Қазақстан Республикасының Қылмыстық құқығы (жалпы және ерекше бөлім): дәрістер курсы. Оқу құралы. – Өскемен: С.Аманжолов атындағы ШҚМУ, «Берел» баспасы, 2020. – 546 б.

2 Кәмелетке толмағандардың жасаған қылмыстарын тергеу әрекшеліктері [Электронды ресурс] <https://lektsii.net/4-130870.html>.

3 Бачериков Н.Е. Клиническая психиатрия. Издательство «Здоровья», 1989. – 512 с.

4 Суицидальные попытки и незавершенные суициды (госпитальная диагностика, оптимизация терапии, профилактика). [Электронды ресурс] <https://www.dissercat.com>.

5 Тергеу іс-әрекетінің психологиялық негіздері. [Электронды ресурс] https://www.yaneuch.ru/cat_18/page1.html.

ГТАМР 10.27.21

БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫНЫҢ ШЕШІМІН ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАНУДЫҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ САЛДАРЫ

Т.С. Закарин

Магистрант, Қазақ-Орыс Халықаралық университеті, Ақтөбе қ.

Қазақстанда басқару органдарының шешімдерінің құқықтық табиғатына қатысты зерттеу жұмыстары кездесе бермейді. Корпоративтік ұйымдардағы басқару органдарының шешімдерін және осы шешімдердің негізінде жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы істер – сот практикасында қаралатын

корпоративтік даулардың ішіндегі ең кең таралған түрі болып саналады. Бұл тақырыптың аясында бірқатар аса қызықты сауалдар туындайды.

Түйін сөздер: корпоративтік ұйым, басқару органы, акционерлік қоғам, шешім, мәміле.

Корпоративтік ұйым қатысушыларының сот тәртібімен даулауы нәтижесінде басқару органы шешімі жарамсыз деп танылатын болса, корпоративтік қатынасқа түсушілердің мүдделеріне кері ықпалын тигізетін құқықтық салдарға алып келуі мүмкін. Бұл ретте «Үшінші тұлғалармен мәміле жасасуға түрткі болған басқару органдары шешімінің жарамсыз деп танылуы мәміленің тағдырына қалай әсер етеді? Бұл осы шешімнің негізінде жасалған мәміленің жарамсыздығына әкеледі ме? Бұл кезде мәміленің екінші тарабының мүддесі қалай қорғалады?» дегендей бірқатар сауалдар пайда болады. Нақтырақ айтқанда, заңды тұлға алдымен бір шешім қабылдап, кейін оны өзгертетін не жарамсыз деп танылатын болса, іскерлік айналымдағы тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді. Біздің құқықтық заңнамада корпоративтік ұйымдардың басқару органдары шешімінің жарамсыз деп танылуына байланысты арнайы нормалар қарастырылмаған, осының салдарынан сот практикасында жоғарыдағы сұрақты талдау барысында бірқатар қиындықтар туындайды.

Корпоративтік ұйымдардағы басқару органдары шешімдерін жарамсыз деп танудың салдары осы корпоративтік құқықтық қатынасқа түсушілердің құқықтары мен заңды мүдделеріне тікелей әсерін тигізетіндігі белгілі. Корпоративтік даулар бойынша сот практикасында басқару органдарының шешімдерін жарамсыз деп тануға байланысты бірқатар істер қаралған. Алайда басқару органдары шешімдерінің жарамсыз деп тану осы шешім негізінде мәміле жасасқан контрагентіне, яғни корпоративтік ұйым қатысушысы болып табылмайтын жеке немесе заңды тұлғаға қатысты қандай салдарға алып келетіндігі қарастырыла бермейді. Сот практикасында қаралған азаматтық іске тоқталып кетейік.

Солтүстік Қазақстан облысының МАЭС-да қаралған іс бойынша №2-3901/15 сот шешімі. Бұл іс бойынша талап қошы – «Ак-Ниет-Акжар» ЖШС қатысушылары жалпы жиналыс шешімін және кепіл шартын жарамсыз деп тану туралы талаппен сотқа жүгінген. Қатысушылар жер учаскесіне қатысты кепіл шартын жасасу мәселесі бойынша өткізілген жалпы жиналыс туралы тиісінше хабарланмаған. ЖШС директоры «Донское» ЖШС-нің «Экспертная-Ниет-Акжар» ЖШС алдындағы міндеттемесін қамтамасыз ету үшін жер учаскесін кепілге қою туралы кепіл шартын жасасқан, сондай-ақ қатысушылар жер учаскесін кепілге беруге келісімі алынбаған. Жалпы жиналыстың өткізілгені дәлелденбеген. Сот «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» ҚР Заңының 43-бабы және 46-бабында белгіленген тәртіп сақталмауы осы шешім негізінде қабылданған кепіл шартын даулауға негіз ретінде қарастырған. ҚР АҚ 157-бабы 1-тармағына сәйкес, кепіл шартын жарамсыз деп тану туралы талабы мүдделі тұлғамен –

ЖШС қатысушыларымен қойылған. Осыған сәйкес, сот шешімімен ЖШС қатысушылары талаптары қанағаттандырылып, жалпы жиналыс шешімі мен кепіл шарты жарамсыз деп танылған. Бұл іс блйынша шешім негізінде жасалған шарттың жарамсыз деп танылуы үшінші тұлға – «Экспертная-Ниет-Акжар» ЖШС-не қатысты қандай салдар орын алатындығы қарастырылмаған.

Басқару органдарының – жалпы жиналысы мен директорлар кеңесінің шешімдерінің жарамсыздығына көп жағдайда заңнамадағы процессуалдық нормалардың бұзылуы негіз болады. Басқару органдары шешімдерінің жарамсыздығы келесідей құқықтық салдарға алып келуі мүмкін:

- 1) қабылданған шешімдер бойынша жасалған әрекеттердің корпоративтік ұйымның қызметіне залал келуіне;
- 2) корпоративтік ұйымның қызметіне басшылық жүргізетін органдарды тағайындау туралы шешімдердің жарамсыздығы, осы органмен жасалған барлық әрекеттердің, оның ішінде бекітілген құжаттардың күші жойылуына;
- 3) осы шешім негізінде жасалған мәміленің жарамсыз деп танылуына;
- 4) шешімнің негізінде мәміле жасасқан контрагентке шартта көзделген міндеттемелердің орындалмауынан залал келуіне.

Басқару органының тікелей шешімімен жасалған мәмілені шешімнің жарамсыздығы салдарынан жарамсыз деп танудан бұрын корпоративтік ұйымның қызметіне тигізген ықпалын анықтап алу қажет. Д.К. Абжанов шешімдердің құқықтық салдарын қарастыру барысында осы мәмілеге қатысты мәселеге назар аударған. Д.К. Абжанов «ЖШС не АҚ-мен мәміле жасасқан екінші тараптың алдағы уақытта осы мәмілені ЖШС не АҚ қатысушыларының (құрылтайшылардың, акционерлердің) дауламайтындығына сенімді болмайды. Бұл жағдай азаматтық құқықтық айналымдағы тұрақтылыққа кері әсерін тигізеді... яғни екінші тарап мәміленің жарамсыз болуына себепкер емес, алайда осы мәміленің жарамсыз болуына байланысты шығындарды көтеруі мүмкін» деген пікірде болуы тағы бір сауалдың туындауын алып келеді. Басқару органдары шешімінің жарамсыздығы салдарынан мәміленің де жарамсыз болуының азаматтық құқықтық айналымдағы орны қандай? Корпоративтік қатынасқа түсуші контрагенттің жасасқан шарты бойынша міндеттемелердің орындалатындығына күмәнмен қарайтын болады. Осыған сәйкес, жағдайлардың орын алуы азаматтық құқықтық айналымдағы тұрақтылыққа кері ықпалын тигізеді, сондықтан корпоративтік ұйымдармен шарт жасасатын тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері қорғау үшін шаралар қолдану қажет.

Г.С. Шапкина жиналыс шешімінің жарамсыздығына байланысты бірнеше мәселелік сұрақтардың туындауын шешімді қай сәттен бастап жарамсыз деп есептелетінін, сондай-ақ жарамсыз болу фактісінің заңды маңыздылығы бар әрекеттерге тигізер әсерін анықтаумен байланыстырады. Бұл тұжырым жалпы жиналыс шешімінің жарамсыздығы салдарына қатысты мәселелердің туындауына бірқатар мән-жайлар әсер ететіндігін білдіреді. Мысалы, жалпы жиналыспен қабылданатын шешімдерді мүдделі тұлғалар – құрылтайшылар, акционерлердің келіспеуіне байланысты осы шешімдерді даулауы, яғни

корпоративтік ұйымның қызметіне қатысты мән-жай басты себеп болып тұр. Осындай мән-жайларды жеке дара қарастыру арқылы шешімнің жарамсыздығының салдарына байланысты мәселерді шешу жолдарын анықтауға болады. Әсер етуші факторларды анықтауға қатысты Д.В.Ломакиннің «акционерлердің жалпы жиналысы шешімдерінің жарамсыздығы барлық мән-жайлар ескеріле отырып, әрбір нақты жағдай бойынша анықталуы тиіс» деген пікірімен толықтай келісуге болады. Егер акционер өзінің құқықтарының бұзылуынан басқару органының контрагентпен мәміле жасасу туралы шешімін жарамсыз деп тануды талап еткен жағдайда, ең алдымен акционердің бұзылған құқықтарын қалпына келтіру қажет. Бірақ басқару органы шешімімен жасалған мәміле корпоративтік ұйым қызметі үшін ұтымды болса, шешімнің жарамсыздығынан осы мәмілені жарамсыз деп танудың қажеттілігі жоқ.

Ресейдің практикасында шешімнің жарамсыздығы бірден мәміленің де жарамсыз болатындығын білдірмейді. Ресей Федерациясының «Жауапкершілігі шектеулі қоғамдастық туралы» Федералдық заңының 43-бабы 5-тармағында «... мәмілелерді жасасу немесе кейіннен мақұлдау туралы акционерлер жалпы жиналысының мұндай шешімдерін даулаған жағдайда жарамсыз болуы тиісті мәмілелердің жарамсыздығына алып келмейді», сондай-ақ «Акционерлік қоғамдар туралы» Федералдық заңының 49-бабы 9-тармағында және 68-бабы 7-тармағында «қоғам жалпы жиналысының ірі мәмілелерді мақұлдау не директорлар кеңесінің мәмілелерді мақұлдау туралы шешімдерін даулаған жағдайда жарамсыз болуы тиісті мәмілелердің жарамсыздығына алып келмейді» арнайы нормалар қарастырылған. Қазақстандық сот практикасында басқару органдары шешімдері мен шешім негізінде жасасқан мәмілелерді жарамсыз деп тануға қатысты қарастырылатын істердің ауқымдылығынан отандық заңнамада да шешім жарамсыздығының құқықтық салдарлар реттейтін арнайы нормада қажеттілік бар екендігін байқауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі 1994 жылғы 27 желтоқсандағы №268-ХІІІ.

2 «Жауапкершілігі шектеулі және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы» Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 22 сәуірдегі №220-І Заңы.

3 Карагусов Ф. Проблемные вопросы законодательства об Акционерных обществах. <https://www.zakon.kz/4760214-problemnye-voprosy-zakonodatelstva-ob.html>.

4 Абжанов Д.К. Всегда ли процедурные нарушения должны влечь за собой недействительность сделки? https://online.zakon.kz/m/Document/?doc_id=34747625.

5 Шапкина Г.С. Применение акционерного законодательства. – М., 2009. – 121 с.

6 Ломакин Д.В. Корпоративные правоотношения: общая теория и практика ее применения в хозяйственных обществах. М., 2008. – 130 с.

7 Федеральный закон от 26.12.1995 №208-ФЗ «Об акционерных обществах».

8 Федеральный закон от 08.06.2018 №14-ФЗ «Об обществах с ограниченной ответственностью».

FTAMP 10.77.11

ШЕТЕЛДІК ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚТАҒЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ ЖАУАПТЫЛЫҚТАН БОСАТУ ТҮРЛЕРІНЕ ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ТҮСІНІК

Аманханов Ә.А., Орсаета Р.А.

С. Аманжолов атындағы ШҚУ, Өскемен қ.

Қылмыстық жауаптылықтан босату кез келген мемлекетте маңызды болып табылады. Маңыздылығы – кінәлі ретінде танылған адамның әрекетінде қылмыс құрамының болмауы, оған қарсы жиналған дәлелдемелердің өз дәлелін таппауынан көрінеді. Кез келген шетелдік қылмыстық заңға сүйенсек, онда қылмыстық жауаптылықтан босатудың негіздеріне біздің мемлекеттегі сияқты мұқият назар аударатынын көруге болады. Сондықтан, бұл мақалада шетелдік қылмыстық құқық бойынша қылмыстық жауаптылық түсінігі мен оның түрлері қарастырылады.

Түйін сөздер: шетел қылмыстық құқығы, қылмыстық жауаптылық, қылмыстық жауаптылық түрлері, жауаптылықтан босату.

Қазақстан Республикасы қылмыстық құқығында гумандық қағидасының бірі – қылмыстық жауаптылықтан босату. Қазақстан мемлекетті қылмыс жасаған адамды қылмыстық жауаптылықтан босатады.

Қылмыстық жауаптылықтан босатудың негізі істелген қылмыстың онша ауыр еместігі немесе орташа ауырлықтағы қылмыс болуы. Қылмыстық жауаптылықтан босатуды қылмыстық жауаптылықты жоққа шығаратын қылмыстық-құқықтық институттардан ажырата білу керек. Қылмыстық жауаптылықты жоққа шығаруда адамның әрекеті қылмыс болып табылмайды,

сондықтан қылмыстық жауаптылыққа та жатпайды. Мысалы, қажетті қорғану, аса қажеттілік орынды тәуекел, қылмыстық қол сұғушылық жасағанды ұстау кезінде зиян келтіру.

Қылмыстық жауаптылықтан босату кезінде мемлекет адамға жаза қолданудан бас тартады. Қылмыстық жауаптылықтан босатуды тек сот қана жүзеге асырады.

Соттың қылмыс жасаған деп таныған адамын, сот тағайындаған жазадан босату – жазадан босату деп танылады. Қылмыстық заңда жазаны өтеуден мерзімінен бұрын – шартты түрде босату көзделген. Жаза тағайындалған адам жазаны өтеу мерзімі біткенге дейін түзелуі мүмкін, сондықтан жазаны әрі қарай орындау мақсатсыз және қажетсіз болып қалады. Осыған байланысты қылмыстық заңда жазаны өтеуден мерзімінен бұрын – шартты түрде босату институты көзделген, ол бірқатар шартты жағдайлар болғанда адамды жазаны өтеуден одан әрі босатудан көрінеді.

Шетелдік қылмыстық құқықтағы жазадан босату және оның түрлерін қарастыратын бұл тақырып барлық шет елдер заңнамасында жазаның жалпы анықтамасының, оның мәні мен мақсаттарының жоқтығын көрсетеді.

Шет мемлекеттердің қылмыстық заңында біздің, көршілес жақын мемлекеттердегі сияқты жазаның түсінігі жоқ, керісінше, жаза тағайындау қарастырылған.

Әдетте шет мемлекеттер заңында жасалған қылмыс үшін тағайындалуы мүмкін жазалар жүйесі белгіленеді. Тұтастай алғанда, жазаны оған арнайы уәкілеттік берілген органдар (соттар, трибуналдар) тағайындайтын және қылмыстық әрекет жасағаны үшін сотталған адам үшін белгілі бір қолайсыз салдарларда тұратын мемлекеттік мәжбүрлеу шарасы ретінде анықтауға болады.

Қылмыстық құқық теоретиктері барлық осы елдерде жазалау және оның мақсаттары туралы ілімді әзірлеумен айналысады.

Қазіргі ағылшын заң әдебиетінде жаза әдетте «адамға жасаған қылмысы үшін азап шегу» ретінде анықталады.

Англияда жазаның келесі теориялары кең таралған:

- келтірілген зұлымдық үшін жаза ретінде жаза;
- қорқыту ретінде жаза және
- қылмыскерді түзету құралы ретінде жаза.

Жазалау іліміндегі ағылшын қылмыстық құқығының ерекшелігі – аталған үш теорияның жиынтығы.

Жазаның үштұғырлы мақсаты – жазалау, қорқыту және түзету.

Жаза ретінде жазаның қазіргі теориясы немесе әлеуметтік жаза теориясы жаза мақсаттарына қатысты толығымен тәуелсіз мағынаға ие бірқатар түсіндірулерге бөлінеді. Олар:

- жаза деп түсінілетін аспектілердің ең алғашқысы;
- оны жәбірленушінің сезімдерін қанағаттандыру үшін кек ретінде түсіндіру.

Англияда жазаны қоғамның қылмыстық мінез-құлықты мақұлдамауы ретінде моральдық сөгіс ретінде түсіндіру кеңінен қабылданды. Бұл түсіндірудің мәні мынада: адам, егер ол жаман әрекет жасаса, азап шегуі керек, яғни жаза қоғамның пікірінше, «айыпталған әрекетте» болатын моральдық кінә үшін жаза ретінде түсініледі.

Яғни жазаны қылмыс жасағаны үшін қоғамнан кек ретінде түсіну. Бұл қылмыскерге кек алу үшін, яғни қылмыстың ауырлығына сәйкес келетін жазаны қанағаттандыру үшін міндетті түрде «жеткілікті жаза» тағайындауды талап етеді.

Ағылшын заңгерлері бұл мағынада жазаны қолданудың дұрыстығын қоғамның кек алуы жеке адамның кек алуы емес, сондықтан ол рұқсат етілген және ақталған деп санайды.

Осылайша, «моральдық жазалау» және «қоғамнан кек алу» мағынасында жазалау үшін ауырлық орталығы – бұл жазаның зияны қылмыстың зиянынан аспауы керек, яғни «әділ жаза» аясында қылмыстық қол сұғушылықты жазалау қағидатын сақтау. Сонымен қатар, әділ жаза – қоғамдағы «әділеттілік тепе-теңдігіне» жетудің құралы.

Жазалау – жазалау теориясының қарсыластары өз сынында қазіргі қоғамның моральдық өлшемдерінің кек, жаза, жазаның қарабайыр талаптарына сәйкес келмеуіне әділ назар аударады.

Ағылшын қылмыстық Заңындағы қорқыту теориясы жалпы және арнайы ескертудің (алдын алудың) екі бірдей міндетін қамтиды.

Ағылшындар бұл теорияның негізгі қағидаларын отандасы Бентамның есімімен байланыстырады.

Қорқыту теориясының маңызды ерекшелігі – ол «әділ жаза» нормаларынан, жазадан келген зиян қылмыстың зиянынан аспауы керек ережеден ауытқиды.

Белгілі ағылшын заңгері Л. Асквит: «біз кез келген қылмыс үшін жазалаудың әдеттегі сот практикасы екі жылға тең деп санаймыз, кенеттен бұл қылмысты жасау жиілеп кетеді. Содан кейін судья бұл қылмыс үшін екі емес, үш жылға бас бостандығынан айырылады, үшінші жыл, сайып келгенде, басқаларды қорқыту үшін» – дейді.

Жазаның дербес мақсаты ретінде түзету бүгінде ағылшын заңгерлерінің назарын аударуда. Оның әсерінен ағылшын қылмыстық Заңын реформалаудың көптеген жобалары пайда болады.

Түзету теориясы, ағылшын заңгерлері түсінгендей, кінәлі үшін жазадан бас тартып, жазаны қолдану үшін негіз ретінде қылмыскердің жеке басының ерекшеліктерін мойындайды. Бұл ретте жазаның және басқа да қылмыстық-құқықтық шаралардың қолданылу өлшемі қылмыстың ауырлығы емес, жеке адамның қоғам үшін субъективті «қауіптілігі» болады. Қылмыстың өзі субъектіге қылмыстық-құқықтық шараларды қолдануға себеп бола алады.

Түзету теориясының ыңғайлылығы, ағылшын заңгерлерінің пікірінше, қылмыскерге жазалау құралдарын да, жазалау сипатындағы шараларды да

қолдану мүмкіндігі – қол жетімді және арзан. Олар бұл теорияның артықшылығы – қылмыскерді қайта әлеуметтендіруді мақсат етеді.

Жазалау туралы жазған американдық авторлар жаза ұғымын емес, оның мақсаттарын анықтауға баса назар аударады. Маңызды дауларсыз олар жаза қылмыстық тыйымды бұзғаны үшін сот шешімімен белгіленген белгілі бір айыру (азап шегу және т.б.) екендігімен келіседі.

Шетелдік қылмыстық құқықтағы жазадан босату негіздеріне:

- қажетті қорғаныс қылмыстық жауапкершілікті болдырмайтын жағдай;
- Англия мен АҚШ-тың қылмыстық құқығы бойынша кем ақылдылық;
- төтенше қажеттілік қылмыстық жауапкершілікті болдырмайтын жағдайлар;
- мәжбүрлеу қылмыстық жауаптылықты болдырмайтын мән-жайлар;
- бұйрықтың орындалуы және оның қылмыстық жауапкершілікке әсері;
- қатенің қылмыстық жауапкершілікке әсері;
- жәбірленушінің келісімі (өтініші) қылмыстық жауаптылықты болдырмайтын мән-жай жатады [3].

Қарап отырсақ, шетелдік қылмыстық құқықтағы қылмыстық жауаптылықтан босату және оның түрлері отандық заңдылықтардан айырмашылығы да ұқсастығы да бар екендігін көреміз. Бірақ, осы жерде шетелдік қылмыстық құқықтағы қылмыстық жауаптылықтан босатудың қатаңдығын жоққа шығаруға болмайды. Себебі, шет мемлекеттердегі қылмыстық заң қатаң жаза қолдануды қарастырады. Соған қоса атап кеткеніміздей, қылмыстық жауаптылықтан босатуды да қарастырады. Тек қылмыстық жауаптылықтан босату қатаң қадағалаудан өтетіндігімен ерекшеленеді.

Егер АҚШ-тың өзінде 53 қылмыстық-құқықтық жүйе болса, олар әр штатта әртүрлі заңмен реттеледі. Американдық ғалымдар Э. Браун, Шварц және П. Робинсон АҚШ-та қолданылатын заңдады жан-жақты зерттеген ғалымдар, олардың пікірінше, «қолданыстағы жүйе дұрыс жүйе» [4].

Айтып кеткеніміздей, жазадан босату қылмыстық жауапкершіліктен босату сияқты қылмыстық құқықтық ауыртпалықтардан босатудың радикалды шарасы емес. Бұл заң шығарушының қылмыс жасаған адамдарға әсер етудің таза жазалаушы құралы ретінде қылмыстық құқыққа деген көзқарастан бас тартуға деген ұмтылысына байланысты. Бұл қылмыстық заңнамадағы оң конструктивті, реттеуші бастаулардың күшеюін айғақтайды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Бойко А.И. Международное и российское уголовное право: Монография /А. И. Бойко; Северо-Кавказская академия государственной службы. Ростовский юридический институт. – Ростов-на-Дону: Изд-во СКАГС, 2014. – 464 с.

2 Кибальник А.Г. Преступление и ответственность в международном уголовном праве / А.Г. Кибальник; Науч. ред. А.В. Наумов. – Ставрополь: Ставропольсервис школа, 2016. – 336 с

3 Уголовное право зарубежных государств: Общая часть: Англия, США, Франция, ФРГ, Япония, Италия / Авт. кол. Н.А. Голованова, В.Н. Еремин, М.А.Игнатова и др. – М.: Институт международного права и экономики им. А.С. Грибоедова, 2010. – 576 с.

4 <https://ru.wikipedia.org/wiki>.

ӨНЕРТАНУ ҒЫЛЫМДАРЫ
ИСКУССТВОВЕДЧЕСКИЕ НАУКИ
BRANCHES OF ART CRITICISM

ҒТАМР 18.67.07

С. НАРЫМБЕТОВ КИНОПОЭТИКАСЫНДАҒЫ КӨРКЕМДІК УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК

М. Мадиярова

Магистрант, Қазақ ұлттық өнер университеті, Нұр-Сұлтан қ.

Уақыт пен кеңістік – кез келген әдеби шығарманың құрылымын, оның көркемдік біртұтастығын анықтайтын ұғым. М. Бахтинге тиесілі «хронотоп» термині әдеби туындыларды ғана емес, фильмдердің стилистикалық ерекшелігін талдау, ондағы флешбэктер мен флешфорвардтардың, онейрикалық уақыттың мақсатын нақты түсіндіру үшін қолданылады. Мақалада белгілі режиссер Сатыбалды Нарымбетов кинопоэтикасындағы көркемдік уақыт пен кеңістік оның 2008 жылы түсірілген «Мұстафа Шоқай» атты картинасының мысалында қарастырылады.

Түйін сөздер: Сатыбалды Нарымбетов, Мұстафа Шоқай, тарих, әдебиет, биография, жанр, хронотоп, кино, монтаж.

Әдебиет мәтінін уақыт пен кеңістік шеңберінде зерттеу теориясын ұсынған ғалым – Михаил Бахтин болатын. Ол «Формы времени и хронотопа в романе» атты еңбегінде: «Әдебиетте көркемдікпен игерілген уақыт пен кеңістіктің өзара қатынасын хронотоп дейміз, бұл сөзбе-сөз аударғанда «уақыт пен кеңістік» деген мағынаны білдіреді», – деп жазады [1]. «Хронотоп» терминіне әдебиеттанушы, профессор Бақытжан Майтанов «мекеншақ» деп қазақша атау беріп, қазақша түсіндіреді. Б. Майтановтың анықтамасы бойынша, «көркем әдебиет – уақыт пен кеңістіктің шағын моделі. Оны дүниеге әкелу үшін де мекеншақ (хронотоп) өлшемі керек, оның мазмұндық құрылымы да әр алуан мекеншақ қатынастарына негізделмек» [2].

М. Бахтиннің «хронотоп» концептісі кино өнерін талдап-сараптауға да қызмет етті. Кино – гректің қозғалыс деген сөзі. Ал, философ Анри Бергсонның концепциясына салсақ, кез келген қозғалыс уақыт кезеңінде болады [3]. Сондықтан кинотуындының да сюжеттік құрылымы мекеншақ қатынастарына тәуелді. Тіпті, фильмнің жанрлық сипаты да онда қамтылатын уақыт пен кеңістікке байланысты анықталады. Кинодағы уақыт пен кеңістікке алғаш рет маңыз берген чех өнертанушысы Ян Мукаржовский драмалық шығармалар мен көркем прозадағы уақыт пен кеңістікті салыстыра зерттеп, кинематографиядағы уақыт пен кеңістіктің табиғаты драма мен прозаның хронотопына қарағанда күрделі конструкция деген тұжырым жасаған. Я. Мукаржовский әдеби мәтін бір сөйлеммен жеткізетін белгілі бір уақыт аралығындағы оқиғаны кинокартина

бере алмайтынына назар аудартады. Мысалы, көркем әдебиетте уақытты сығымдаудың жарқын мысалы ретінде Карл Чапек есімді чех жазушысының новелласынан үзінді келтіреді: «Дәулетті бір мырза өте сұлу жас қызға үйленеді, бірақ әйелі қайтыс болады да, кішкентай қызы Гелена екеуі қалады» [4].

Өнертанушы Я. Мукаржовский әйтсе де кинотілінің көмегімен уақыт өлшемін көрсетуге болатынына жазады да, бұл ойын дәлелдеу үшін режиссер В.Федоровтың «Өлі үй» фильмінің бір үзегін талдайды. Петербордан Сібірге айдалған тұтқындардың бірнеше айлық ұзақ жолын көрсету үшін қар кешіп келе жатқан тұтқындардың кісендеулі, тоңған аяқтары экранда тұрады. Олар ән айта бастайды. Осы әннің және кісен сылдырының фонында аяқтар келе жатқан пейзаж ғана ауысып отырады: алдымен қыс, одан кейін көктем, жаз, күз. Ән аяқталғанда эпизод та аяқталып, басқа сахнаға ауысады. Я. Мукаржовский келтірген бұл мысалда режиссер уақыт пен кеңістікті біріктіру үшін дыбысты көркемдік тәсіл ретінде қолданады [4].

Сонымен, әдебиет пен экрандағы хронотоптың айырмашылығын тұжырымдасақ, роман, повесть, әңгімеде жазушы уақыт пен кеңістіктің әр деталін суреттеп жазғанмен, оны әр оқырман өз қиялының көкжиегі жеткен жерге дейін елестетіп, тірілтеді. Ал фильмде көрермен нақты кейіпкерлер мен дыбыстар арқылы толыққанды ақпарат алады.

Кинематографияның заманға ілесіп, жылдамдықпен дамуы режиссерлердің монтаж арқылы әртүрлі екі кеңістікті әрқилы екі дәуірді алмастырып, тіпті, бір ғана планмен тәуліктерді, сағаттарды сығымдап көрсетуіне мүмкіндік берді.

Оқиғаны әртүрлі кеңістік пен әртүрлі уақыт шеңберінде баяндау тәсілін американдық режиссер Давид Уорк Гриффит қолданған. Экрандағы оқиғаның ретін бұзбай, бірізділікпен баяндауға үйренген продюсерлер Д. Гриффиттің бұл жаңалығын қабылдай алмаған. Олар көрермен экрандағы кеңістіктің ары-бері «секіруін» түсінбей, шатасады деп алаңдаған. Мысалы, Д. Гриффиттің «Нетерпимость» (1916) картинасында 4 дәуір көрсетіледі: ежелгі Иудей, Вавилон, XVI ғасырдағы Франция, 1914 жылдағы Америка. Өлім жазасына кесілген бейбақты құтқару үшін екі хронотоп, яғни, өлім жазасына дайындық жүріп жатқан түрме хронотопы және кеңістікті өзгертіп отыратын жол хронотопы үздіксіз дамып, оқиғаны өрбітіп отырады. Д.Гриффит енгізген әрқилы сюжетті бір кеңістікпен біріктіру тәсілін экшн, мелодрама жанрларындағы фильмдерде қолданыла бастады [5].

Қазақстандық белгілі режиссер Сатыбалды Нарымбетов те «Мұстафа Шоқай» (2008) атты тарихи биографиялық картинасында әртүрлі хронотопты алмастырып көрсету мақсатында музыканы, жарық пен түсті, символдарды, флешбэктерді, онейрикалық уақыт ішіндегі оқиғаны шебер пайдаланады. Бұл картина тарихи-биографиялық жанрда түсірілгендіктен, кейіпкер өмірінің әр кезеңі қамтылады. Жалпы, «Мұстафа Шоқай» фильмінде хронотоп классификациясының биографиялық, тарихи, мәдени түрлері кездеседі:

– Фильмдегі географиялық кеңістік: Ташкент, Қоқан, Мәскеу (хроникалық кадрлар арқылы көрініс табады), Париж, Берлин қалалары және Грузия мен Польша.

– Фильмдегі биографиялық уақыт: Мұстафа Шоқайдың Ресей Мемлекеттік Думасы Мұсылмандар фракциясының депутаты болған кезі, Түркістан автономиясының үкімет басшысы, Парижде «Дни» газетінде қызмет атқарғаны, «Яш Түркістан» журналын шығаратын жылдар, Түркістан легионын құруы, қайтыс болуы.

– Тарихи уақыт: 1916 жылғы революция, 1917 жылғы Ақпан революциясы, 1917 жылғы Қазан, 1918 жылы Түркістан автономиясының құрылуы, құлауы, 1930 жылдардағы ашаршылық, 1937 жылғы репрессия, 1940 жылғы Екінші дүниежүзілік соғыс.

Режиссер тарихи тұлға Мұстафа Шоқайдың (Азиз Бейшеналиев) өмірі мен саяси қызметін осылайша бірнеше экрандық уақыт пен кеңістікте дамытады. Темпоральды сипат шартты осы шақтағы аз ғана уақыт аралығын қамтиды (Мария Горинаның естелігі), ал сюжет негізінен экрандағы кейіпкерлердің өткен шағына негізделіп құрылған. Фильм оқиғасын жетелейтін негізгі хронотоп – пойыз, жол. Кейіпкер осы шақтан өткен шаққа пойыз, жол арқылы өтіп отырады.

Сондай-ақ режиссер тарихи тұлға өмір сүрген заманның толық реставрациясын айнытпай жасаған, яғни, киім-кешек, ат-арба, ыдыс-аяқ, жұмыс орны, үйдің интерьері, даладағы локациялар, көшелер, автокөліктер және т.б. Сол дәуірдің атмосферасын беру үшін жарық пен түсті де шебер ойластырған. Осы фильмнің қоюшы операторы, қазақ-қырғыз киносының мэтрі Хасан Қыдыралиев сұхбатында ол тарихи фильм түсірудің спецификасы күрделі әрі қиын екенін сөз етеді. Оның айтуынша, басты қиындық – сол дәуірге тән локация табу. Өйткені көшелер, үйлер – бәрі заманауи. Сондықтан шығармашылық топ ақылдаса отырып, белгілі бір тарихи кезеңнің атмосферасын беру үшін монохронды жарық, күңгірт түс қолданады [6].

Режиссер жарық пен түсті хронотоптарды алмастыру үшін де пайдаланады. Мысалы, фильмде мынадай эпизод бар. Мұстафа Шоқай құрған Түркістан автономиясы алпыс екі-ақ күн өмір сүреді. Қызыл әскердің зеңбірегі алпыс екі күндік егемендікті тас-талқан етеді. М.Шоқай Түркістан автономиясын сақтауға кадрдың, тәжірибенің, әскердің, ең бастысы ынтымақ-бірліктің болмағанын камераға тік қарап айтады. Келесі сахна: Дөңгелек үстел басында Мұстафа Шоқайдың Әлихан Бөкейханов (Замирбек Сооранбаев) бастаған Алаш қайраткерлерімен кездесуі. Осы сахнадағы түс бөлек (қоңырқайсары). Сол арқылы көрермен кездесудің ертерек болғанын және М. Шоқайдың «ең бастысы бірлігіміз болмады» деген сөзінің астарын бірден бағамдайды.

С. Нарымбетов географиялық кеңістікті алмастырудың тәсілі ретінде ірі пландарды қолданады. Мысалы, 1917 жылдағы Ташкенттен 1918 жылдағы Қоқан қаласына өту үшін қағазға оралған газет («Бірлік туы») ірі планда көрсетіледі. 1917 жылы Мұстафа Шоқай «Бірлік туы» атты газет ашқан. Бұл басылым Ақпан революциясынан кейінгі ел ішіндегі ахуалды, Түркістан

өлкесіне совет билігінің орнығуына наразылықты ашық жазды. Фильмде газеттің ірі планынан кейін экранда көп аттың аяғын көреміз. Кадр толық ашылғанда қарулы қызыл әскердің тобы тұрады. Тізілген зеңбіректер. Көрермен газеттегі наразылықтың нәтижесі – Түркістан автономиясының құрылуы және оған совет билігінің қарсылығын түсінеді. Келесі сахна жертөледе түсірілген. Қызыл әскер командирі Осипов пен Түркістан автономиясының төрағасы Мұстафа Шоқайдың кездесуі. Тар, күңгірт жертөле, бірақ терезесі бар. Осипов шарт қояды. Мұстафа елінің болашағын саудаға салмайтынын айтады. Осипов оның ендігі тағдыры 24 сағаттың ішінде қабылдайтын шешіміне байланысты екенін ескертеді. Кейіпкер тығырыққа тіреледі. Антогонистпен (совет билігі) ашық айқасқа түсуден басқа жол жоқ. Осы драмалық ситуацияны көрсету үшін кеңістік сәтті таңдалған. Тар жертөлелің терезесінен көкшіл жарық көрініп тұр. Бұл Мұстафа Шоқайдың үміті, болашаққа сенімі іспетті...

Ал уақытты сығымдау үшін киім, музыка, сағаттың тықылын, кеменің дабылын қолданады. Мәселен, депутат Мұстафа велосипедпен келе жатып, Мария Горинаның (Карина Абдулина) әнін естиді. Ән айтылып жатыр. Тәулік мезгілдері ауысады, ауа-райы өзгереді, Мұстафаның киімі ауысады. Осылайша көрермен Мұстафаның бірнеше күн қатарынан Марияның әнін тыңдағанын, әнші оның жүрегін жаулағанын ұғынады. Немесе Батуми-Константинополь асып, Парижге барар ұзақ жолды жүзіп келе жатқан кеменің дабылымен береді. Келесі кадрда француз әні шырқалып тұр. Мұстафа Шоқайдың жақында газеттердегі жұмысынан қаламақы алатынын айтқанда, Парижге тұрақтағандарына біршама уақыт болғанын да түсінеміз. Ал Мұстафа Шоқай мен Мария Горинаның мешітте мұсылманша неке қидырған сәті қысқа флешбэк арқылы көрсетіледі. Сонымен қатар фильмде мәдени хронотоп та бар. Ол «Аида» операсының декорациясынан көрініс табады. Сахнада Мария Горинаның Тифлистің опера театрында Аиданың партиясын орындауынан, тындарман қошеметінен көрермен Мария Горинаның әншілік өмірінен және Мұстафа Шоқай екеуінің Тифлистегі тіршілігінен ақпарат алады.

Кинөнерінде «хронотоп» концептісінің маңызы зор. Ал режиссер Сатыбалды Нарымбетов өткен дәуірді тірілтіп, тұтас бір кезеңдегі уақыттың тынысын, елдің тағдырын көрсету үшін биографиялық уақытты, тарихи уақытты, географиялық кеңістікті ұтымды пайдаланған.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Бахтин М. Вопросы литературы и эстетики / «Формы времени и хронотопа в романе. Очерки по исторической поэтике». – М.: Художественная литература, 1975.

2 Майтанов Б. «Абай және Абай тұғырнамасы». «Абай институты». – Алматы. 2013. [Электронды ресурс]: <http://abai.kaznu.kz/?p=1359>.

3 Делөз Ж. Кино 1. Қозғалыс-бейне. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2020.

4 Мукаржовский Я. Время и кино // Исследования по эстетике и теории искусства: Пер.с чешск. /Сост и коммент. Ю.М. Лотмана и О.М.Малевича. – Москва. 2007. <http://philologos.narod.ru/texts/mukar2.html>.

5 Познин В. «Художественное пространство и время в экранном хронотопе». «Вестник Санкт-Петербургского университета». – Санкт-Петербург. 2019. [Электронды ресурс] <https://artsjournal.spbu.ru/article/view/4861>.

6 Мадиярова М. Хасан Қыдыралиев: «Қазақстан киноға жанашырлықпен қарайды». «Мәдениет порталы». – Нұр-Сұлтан. – 2021. [Электронды ресурс] <http://madeniportal.kz/article/5968>.

GTAMP 18.71.91

ҚАЗАҚТЫҢ ДОМБЫРА ДӘСТҮРІНДЕГІ АҢЫЗ КҮЙЛЕРІ

Б. Аралханов

PhD-докторант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Қазақтың күй өнерінде қамтылмайтын тақырып жоқ деуге болар. Күйдің көлемі де шағын болғандықтан (бір-бір жарым минуттан алты-жеті минутқа дейін), осы уақыт аралығында күй әуені бірнеше тақырыпта сөйлеуі мүмкін: қайғылы басталып, жігерлі әуенге ауысуы, көңілді басталып, ойлы боп құбылуы, шертпе әдісінен күйкылжыған жүрдек сарынмен жалғаса алуы мүмкін. Міне, осы орайда ұсынылып отырған зерттеу мақсаты да бұл үрдістің бір бөлігін қамтып, қазақ халқының аңыз күйлерін зерттеу нысаны ретінде қарастырып, күй аңыздың тұтас сабақтастығын зерделеу болмақ.

Түйін сөздер: мәдениет, домбыра, домбыра күйлері, төкпе күй, шертпе күй.

Домбыра өнері бұл күнде де өз жалғасын тауып, дамып, өркендеп отыр. Өмірдің, тұрмыс-тіршіліктің жаңғыруына байланысты орындаушылық дәстүр мен оның функциялары да қазіргі уақытта өзгеріске ұшырады. Алайда, домбыра күйлері бұдан жүздеген жыл бұрынғыдай халықтың рухани серігі болып, оның көңіл күйін, жас ұрпақтың болашағына деген толғанысын, арманы мен бақытына деген сенімін сақтап келеді.

Халықтың өткені, тұрмыс-тіршілігі, болмыс-бітімі мен ой-арманы туралы небір сүбелі деректерді көне аңыз-күйлерден танып білуге болады. Олар аққудың сұңқылы, нардың боздауы, құланның дүбірі, жорғаның жүрісі сияқты небір суреттерді көз алдыға әкеледі.

Бұл күйлердің күмбірлеген сырлы сазымен бірге егіздің сыңарындай болып ауызша айтылатын терең мағыналы аңыз-әңгімелері бар. Олар музыкадан бөлінбейтін біртұтас синкретикалық форманы құрайды. Ал күй сарындары болса аңызда айтылған оқиғаны бейнелейтін шағын эпизодтардан немесе формасы жағынан кішігірім күйлер тобынан құралады. Күй формасы шағын әуендік формуланы қайталап орындау арқылы қалыптасқан. Күйлер теріс бұрауда орындалып, көбінесе бурдонды екі дауыс болып келеді.

Аңыз-күйлердің ең көне үлгілеріне аң-құстардың атымен аталатын, сонымен қатар, аң аулауда болған сәтсіздіктер мен жан-жануарлар туралы күйлерді жатқызуға болады. Мәселен, «Аққу», «Қаз», «Нар» сияқты күйлер халқымыздың жан-жануарларды киелі санаған тотемдік ой-сенімдеріне байланысты туған. Сол сияқты «Ақсақ қыз», «Ақсақ құлан», «Ақсақ аю», «Ақсақ қаз», «Ақсақ киік», «Ақсақ қой» атты күйлер халық ұғымындағы ақсақ аруақтар культімен тығыз байланысты екенін байқауға болады. «Қос келіншектің зары», «Жетім қыз», «Арбиян қоңыр», «Ботасы суға кеткен інгеннің зары» сияқты жоқтау күйлерде халықтың өзен суларының екі дүниені бөліп тұратындығы жайындағы ескі діни ұғым-түсінігі сақталған. «Аңшының зары», «Бөкен жарғақ» атты күйлерге де тотемдік наным-сенім арқау болған. Бұл шығармаларда аң аулаудың қасиетті заңдылығын бұзғаны үшін бакытсыздыққа ұшыраған мергендер туралы баяндалады [1, 28 б.].

Жоғарыда аталған күйлердің шығу тегі өнердің әлеуметтік функцияларының бірі тұрмыстық магия болған тарихи кезеңдерді қамтиды. Бізге жеткен көне күйлердің сырлы саздарында магиялық қасиеттердің кейбір жұрнақтары сақталған.

Уақыт өткен сайын ескі діни наным-сенімдер де ұмыт бола басталады.

Кетбұға – қазақтың жырауы, күйші-композитор, халықтың тарихи аңыздарының таңбасы. Оңы көшпелі-қазақ әдебиетінің негізін қалаушы деп атайды. Кетбұға жыраудың өмірі мен қызметі туралы «Шаджарат әл-Атрак» («Түркі хроникасы») кітабында және ауызша халық аңыздарында берілген. Халық Кетбұғаны «Ұлы жырау» деп атады. Дешті Қыпшақ билеушісі Жошы хан аң аулау кезінде қайтыс болғанда, ешкім әкесі Шыңғыс ханға бұл туралы хабарлауға батыл болмапты. Осы қауіпті миссияны Кетбұға өзінің иығына алды. Ол сұрақпен бастады: «Теңізді кім тазартады, көзге қараңғы, менің ханым, тамырымен құлаған ағашты кім құрастырады?». Ханымды психологиялық тұрғыдан дайындап, Жырау («Ақсақ құлән – Жошы хан») күйін орындап, Жошы қайтыс болғаны туралы баяндаған. Күйді естігеннен кейін, ашулы Хан Кетбұға жырауды жазалауға шешкен. Бірақта ажал туралы жеткізген домбыра болғандықтан, ол домбыраға ыстық сору күйеуға тапсырыс берді. Сондықтан домбырада кішкене тесік пайда болды. Бірақ бұл домбыраны

нашарлатпады, ол мелодияны және әдемілігін тудырды. Кетбұға арқасында домбыра жақсы естілді.

Кетбұғаның «Ақсақ құлан – Жошы хан» тек осы күй және оның басталуына дейін орындалатын әндердің бірнеше жолдары бізге жетті. Кетбұға жыраудың қалған әдеби және музыкалық туындылары біздің уақытқа дейін сақталып қалды, бірақ бір кездері халық арасында кең тараған. Кетбұға қарапайым адамдар өмірін, проблемаларын және сезімдерін ақылға салуға тырысты, олар үшін оны «ұлы» жырау деп атады. Кетбұға сөз өнерінің дамуына, сондай-ақ көптеген қазақ жырауларының шығармашылығына және стиліне елеулі әсер етті. Мысалы, XV-XVI ғасырдың аяғында өмір сүрген Доспамбет-жырау оның шығармаларында оған Кетбұға бидің және оның қазақ әдебиетіндегі жұмысының маңыздылығына назар аударды. Халық аңыздары мен әндерінде ол ақылды ақсақал ретінде көрсетіледі.

Кетбұға жырау туралы аңыздар да қырғыз фольклорында табылған.

Әдебиет дерек көздерінде Ақсақ Құлан күйінің аңызы бейнеленген [2, 25 б.].

Бұрынғы өткен заманда Жошы деген хан болыпты. Оның сенімді бас уәзірі бар екен.

Жеті жыл жер бетін шарлап, алыс сапардан оралған оны Жошы хан шақыртып алып, көрген-білгенін сұрапты.

Сонда уәзір:

– Саруалдың арығы деген жерде көп ордалы құландар жатыр екен. Соның ішінде киелі ақсақ құлан бар екен, оған ешкім жоламайды. Өзіне тиген адамды құлан не теуіп, не таптап өлтіреді, әйтеуір, ажал қармайды екен. Сол ордалы құланды көрдім,– дейді уәзірі.

– Оу, ақсақал, мен адамды жылқы не құлан теуіп өлтіреді дегенге сенбеймін, – дейді сонда Жошы ханның қасында отырған баласы. Содан ол қырық жігітке келіп:

– Уәзірдің айтқан жеріне біз де барып, көзімізбен көріп қайтайық, – дейді. Қырық жігітті көндіріп, құлан атуға аттанып кетеді. Жігіттер Саруалдың арығына келсе, уәзір айтқандай-ақ, көп құлан жайылып жүр екен. Ханның баласы қызыл шекпенін киіп, мылтығын қолына алады да, құландарға қарай жүреді. Сонда көп құланның ішінен бір ақсақ құлан үйірінен бөлініп шығып, одағайлап келіп жер тебініп, пысқырып қалғанда айналаны қап-қараңғы тұман басып кетеді. Мергендер бір-бірінен көз жазып қалады. Бір кезде тұманның арасынан:

«Қу шақайлыдан қаша жүріндер, қызыл шекпендінің үстін баса жүріндер» – деген бір дауыс естіледі. Жігіттер тұман сейілгеннен кейін қараса, құландар да, ханның баласы да ізім-ғайым жоқ болып шытады. Олар үш күн бойы іздеп жүріп хан баласының жалғыз шынашағын тауып алады. Үстінен шұбырып өткен көп құлан оны таптап кеткен екен.

Мергендер елге келеді. Баласын жоғалтқан хан қайғыдан қан құсып, басын көтермей жатып қалады. «Кімде-кім менің алдыма балаң өлді деп келетін болса, соның құлағына қорғасын құямын», – деп жарлық етеді. Мұны естіген

халық ханға баласының өлімін естіртуге қорқады. Сөйтіп, ел-жұрт мұның еш амалын таба алмай, дал болады. Сонда ноғайлыдан шыққан Кетбұға деген домбырашы тәуекелге бел буып, хан сарайына келеді.

Ол келе домбырасын тарта бастайды. (Сонда домбыраға алғаш салғаны құланның жүрісі екен.)

Хан басын көтерместен жата береді. Домбырашы әрі қарай толғайды. Домбыра балан өлді, Жошы хан деп күңіренеді

Сонда хан басын көтеріп алып:

– Әй, сенің тартар күйің емес, менің естір күйім емес екен бұл, «Балан өлді, Жошы хан» деп түр ғой мына күй,– дейді. Сол уақытта Кетбұға:

– Тақсыр-ай, балаңыздың өлгенін өзіңізден естіп тұрмын,– дейді.

– Өз қолымнан өлтірер едім, әттең, мынау сөз тауып кетті-ау. Бәлен жерде айдаһар жылан бар. Домбырашыны соның алдына апарып тастаңдар, – деп әмір етеді хан.

Кетбұға:

– Тақсыр, оған да құлдық, тек домбырамды өзіме беріңіз, – дейді.

Ханның нөкерлері оның қолына домбырасын беріп, аяғына кісен салып, айдаһардың алдына апарып тастайды.

Айдаһар адамды көріп, жұтайын деп қасына келгенде, Кетбұға оның алдына отыра қалып, күй тартады.

Сонда айдаһар күй біткенше тыңдап жатқан екен. Күй аяқталған соң ініне кіріп, ат басындай алтынды домбырашының алдына домалатып әкеліп тастайды. Кетбұға алтынды құшақтап еліне қайтады. Ол ханның қаһарынан да, айдаһардың аузынан да осылайша аман құтылып, мұратына жеткен екен.

Ал көкірегінде жарық түсетін сызаты бар пенде тыңдап отырғанда ара-тұра бір күрсініп қалмай тыңдай алмайтын «Нар идірген» күйін біреулер халықтыкі, біреулер Естөренікі дейді. Бұл күй туралы кезінде жазушы Тахауи Ахтанов аңыз ізімен әңгіме жазған [3, 105 б.]

Ертеде бір кісінің түйесі боталап, қос күндік болғанында ботасы өледі. Қазақтың әдеті бойынша, оны сойып, келісін тұлып қылып қойса да, түмса түйе ыңыранып, ботасын іздей береді. Иесі бір күні сыртқа шығып қараса, түйенің екі көзінен жас парлап ағып түр екен. Сол ауылда Әуелбек деген білгір адам болады. Түйенің иесі соған барады.

Сонда Әуекен: «Оны тек сазбен иітуге болады. Бұл шебер домбырашының ғана қолынан келеді. Сен елге жар сал. Маяны иіткен адамға үлкен сый-тарту бересің», – деп ақыл-кеңес береді. Содан әлгі адам: «Егер сазгенмен маяны иіте алатындай өнерпаз табылса, тарту берумен бірге жалғыз қызымды да соған қосар едім», – деп елге жар салады. Қыздан үміткер болып, өздерінің бақтарын сынамақшы оймен хабар жеткен жерден талай домбырашы келеді. Бірақ мая иімейді.

Бірде түйені иітуге келген домбырашылар бірінші кезекті жасы үлкен шалға береді. Шал домбыраның үнін «Кәуіс-кәуіс» деп келтіріп, түйенің боздағанын салып тартқанда, маяның алпыс екі тамыры босап ий бастайды.

Нардың иігенін сезген қыз оның емшегін қатты қысып тұра береді де, күйінің ортасынан аса бергенде:

– Иімеді. Домбыраны келесіге беріңіз, – дейді. Бұл шалға бармау үшін істеген әрекеті екен.

Кезек жас жігітке келеді. Қыз өз ісін сол жердегі отырғандарға сездірмес үшін, жігіт күйін біраз тартқаннан кейін түйенің емшегін босатып, сауа бастайды.

Сондағы жігіттің тартқан күйі:

Қыздың бұл қылығын сезген шал кәрілігінің келтірген кеселіне қайғырып Өттің қайран күнім – деп әлгі жерде күй тартады.

Күйді тартып болған соң өз өнеріне сенімі мол шал қызға қарап:

– Шырағым, маяны иіткен менмін, сен зорлық жасап отырсың. Егер осы айтқаным бекер десең, біз әлгі күйлерімізді екеуіміз екі жерде тұрып тарталық. Сонда осы тұрған жануар кімге еміреніп келер екен, – дейді. Қыз маяны кім иіткенін біле тұрса да, шалдың талабын орындауға мәжбүр болады. Шал бағанағы күйін тағы да тартады.

Айтқандай-ақ, түйе шалдың шапанын иіскеп, ере беріпті. Мұны көрген халықтың маяны кім иіткеніне көзі жетеді.

Шал:

– Қарағым, бұдан былай қулық пен өтірікке үйір болма. Қосағыңмен қоса ағарып, бақытты өмір сүр, – деп батасын беріп, қызды домбырашы жігітке косады.

Ұлы дала төсінде өткен тарихи оқиғалар, тайпа мен тайпа, ру мен ру арасындағы сансыз қақтығыстар, ел арасындағы қырғын соғыстар, таққа таласқан хан ұрпақтарының жойқын қан төгістері мен сұрапыл шапқыншылықтары, бір хандықтың шарықтап көтеріліп, енді бірінің құлдырап күйреуі халық санасында, оның жыр-толғаулары мен ән-күйлерінде өшпестей із қалдырды.

Қазіргі уақытта «психологиялық мәдениет» сияқты құбылысты зерттеуге бағытталған жеткілікті зерттеулер бар. Н.Т. Селезнева психологиялық мәдениет мәселелері бойынша зерттеу жұмыстарының төрт түрін бөлуді ұсынады. Бірінші типке зерттелетін тұжырымдаманың құрылымдық функционалды аспектілеріне назар аударатын жұмыстар кіреді. Екінші типке автор психологиялық мәдениеттің интегративті компоненттеріне (кәсіби өзін-өзі тану, шығармашылық белсенділік, кәсіби және жеке өзін-өзі анықтау, әлеуметтік психологиялық құзыреттілік және т.б.) бағытталған жұмыстарды қамтиды. зерттеудің үшінші түрі, автордың көзқарасы бойынша, «психологиялық мәдениет» ұғымына көзқарасты біріктіреді, оны кәсіби қызметтің нақты жүйесінің контекстінде қарастырады. Сонымен, төртінші топқа тұлғаның психологиялық мәдениетінің пайда болуы мен қалыптасуының шарттары мен технологияларына арналған жұмыстар кіреді [1, 565 б.].

Психологиялық мәдениеттің құрылымын қарастырамыз, (кесте 1.)

Кесте 1. Психологиялық мәдениеттің құрылымы.

№	Компоненттері
1	когнитивті компонент – бұл психологиялық білім кешені (педагог-психологтар үшін оқушылардың психологиясын білу маңызды), өзін-өзі тану, басқа адамдарды түсіну.
2	аффективті компонент – эмоционалды тұрақтылық, эмоционалды үздіксіздік, конструктивті агрессия.
3	мотивациялық компонент-мұғалімнің кәсіби қызметінің негізіне салынған құндылық бағдарларының жүйесі.
4	мінез-құлық компоненті – бұл қарым-қатынас дағдылары.
5	рефлексивті-перцептивті компонент – бұл өзін-өзі қабылдау, дамыған байқау, адамдардың бір-бірін қабылдауының дәлдігі мен жеткіліктілігі.
6	құндылық-семантикалық компонент – бұл құндылықтар, мағыналар, қатынастар, әлеуметтік көзқарастар жүйесі.
7	шығармашылық компонент – мұғалімнің шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыруының және педагогикалық шеберліктің әртүрлі формалары мен тәсілдері.

Психологиялық мәдениетті зерттеу әдістерінің классификациясын Е.Е.Смирнова ұсынады, қолданыстағы жұмыстарды келесі топтарға бөледі:

- функционалды (қоғамдағы негізгі функциялардың ерекшелігін анықтау арқылы психологиялық мәдениетті сипаттайды);
- параметрлік, (психологиялық мәдениет өзара байланысты және өзара тәуелді жақтардан тұратын күрделі құрылымы бар жүйе ретінде түсініледі);
- психотерапевтік (бұл тұжырымдаманы адам мінез-құлқының құндылық-семантикалық негізі және өмірдің сыртқы және ішкі жақтарын теңестіру әдісі ретінде түсіндіреді) [2, б. 379].

Авторлардың жоғарыда аталған көзқарастарын талдауға сүйене отырып (Н.Т. Селезнева, Е.Е. Смирнов) жеке тұлғаның психологиялық мәдениетін анықтауда төрт бағытты бөліп көрсетуге болады, соның негізінде біз материалды ұсынуды жалғастырамыз.

Бірінші бағытқа зерттеушілер психологиялық мәдениеттің жекелеген элементтерін (өзін-өзі реттеу, байқау, тәуелсіздік, психологиялық құзыреттілік, сыпайылық және т.б.) және компоненттерін (күйлер, қасиеттер, психикалық процестер, эмпатия, сезімталдық, рефлексия, психологиялық ойлау және т.б.) сипаттайтын жұмыстарды жатқызамыз. Бұл тұрғыда психологиялық мәдениет жеке адамның жеке дағдылары мен қасиеттерін қалыптастыру қабілеті ретінде қарастырылады [3, 15 б.]


М.К. Тутушкинаның анықтамасына жүгінсек, ол психологиялық мәдениетті өзінің психологиялық денсаулығына алаңдаушылық, психологиялық дағдарыстарды уақтылы жеңе білу және басқа адамдарға көмектесу қабілеті ретінде анықтады. М.К. Тутушкина психологиялық мәдениетте өзін-өзі тану және басқаларды тану, өзін-өзі бағалау және эмоцияларын, мінез-құлқын, қарым-қатынасын бақылау қабілеті сияқты компоненттерді негізгі деп санайды [4, 368 б.]

Психологиялық мәдениеттің мәселелері Л.С. Колмогорованың зерттеулерінде кеңінен ұсынылған. Автор мәдениетті рухани құндылықтардың жиынтығы, адам қызметінің нақты түрлері жүйесі, шығармашылық әлеуетті қажетті іске асыру процесі ретінде анықтаудан туындайды. Осы анықтама аясында психологиялық мәдениет автордың көзқарасы бойынша психологиялық сауаттылыққа, құзыреттілікке, құндылық-семантикалық компонентке, рефлексия қабілетіне, мәдениетке негізделген. Автордың пайымдауынша, олар диагностикалық параметрлер бола алады, сонымен қатар білім беру және білім беру процесінің негізгі мақсаттарын, міндеттерін, мазмұны мен тиімділігін анықтайтын нұсқаулық бола алады [5, 30 б.]

Сонымен, Л.С. Колмогорованың көзқарасы бойынша психологиялық мәдениет жалпы мәдениеттің ажырамас құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады, ол адамның қоғамдағы орнын анықтауға, өзін-өзі жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Психологиялық мәдениеттің жоғары деңгейі тиімді өзін-өзі дамытуды, қоғамдағы тиімді бейімделуді және өмірге қанағаттануды қамтамасыз етеді. Психологиялық мәдениет адамның мәнін, оның ішкі әлемін түсінудегі құзыреттілікпен, өзін-өзі және басқа адамдармен қарым-қатынасты барабар бағалаумен, гуманистік бағдарланған құндылық-семантикалық парадигмамен (мақсаттар, мүдделер, дүниетаным, аксиологиялық бағдарлар),

дамыған рефлексиямен, сондай-ақ психологиялық тұрғыдан шығармашылық қабілетімен сипатталады [6, 47 б.]

Психологиялық мәдениеттің функцияларын қарастырсақ, 1-сурет.



Сурет 1. Психологиялық мәдениет функциялары.

Осылайша, жеке тұлғаның психологиялық мәдениетінің жеке компоненттерін талдайтын психологиялық-педагогикалық әдебиеттерге шолу көрсеткендей, зерттеушілердің едәуір бөлігі оны кәсіби, атап айтқанда педагогикалық қызметпен байланыстырады, тек педагогикалық құзыреттілікке ғана емес, сонымен бірге адамның бүкіл өміріне әсер ететін психикалық процестер, қасиеттер, қасиеттер, дағдылар кешенін қалыптастырады және жетілдіреді. Кейбір ғалымдар психологиялық мәдениеттің жекелеген аспектілерін зерттей отырып, бұл адамның өзін-өзі жетілдіруге жеке және кәсіби тұрғыдан қажеттілігін дамытуға ықпал ететінін атап өтті. Бұл бағыттың өкілдері психологиялық мәдениетті толығымен тәуелсіз тұтас құбылыс ретінде қарастырудың қажеттілігі мен орындылығын талап етеді.

Үшінші бағыт психологиялық мәдениетке әсер ету механизмдерін талдайтын зерттеулерді қамтиды. Мұндай жұмыстардың авторлары Мұғалімнің психологиялық мәдениетін тұтастай алғанда кәсіби қызметтің субъектісі ретінде зерттейді.

Сонымен, Т. Питер мен Р. Уотермен психологиялық мәдениеттің бірнеше деңгейлерін анықтады. Олардың пікірінше, психологиялық мәдениеттің макро деңгейі қоғамдағы мінез-құлықтың құндылықтары, нормалары мен стереотиптері, бір ұлттың өкілдеріне тән көзқарастар, мұраттар, әдет-ғұрыптар мен дәстүрлердің жиынтығы болып табылатын ұлттық мәдениеттің арқасында қалыптасады. Ұсынылған жүйеде кәсіби мәдениет аралық деңгейде, өйткені ол іс жүзінде бірдей элементтерден тұрады, бірақ сол кәсіптегі адамдарда қалыптасады. Ұлттық аспект психологиялық кәсіби мәдениетке аз дәрежеде әсер етеді. Т. Петерс пен Р. Уотерменнің айтуынша, ұйымдастырушылық мәдениетті нақты ситуациялық деңгейге жатқызу керек [7, 240 б.].

Зерттеу әдебиеттерін жоғарыда келтірілген талдауға сүйене отырып, біздің көзқарасымыз бойынша, осы құбылысты зерттеудің төрт негізгі тәсілін бөлген жөн:

1. Параметрлік, психологиялық мәдениеттің жеке элементтерін (байқау, психологиялық құзыреттілік, әдептілік, өзін-өзі реттеу, тәуелсіздік және т.б.)

және компоненттерін (психикалық процестер, эмпатия, күйлер, қасиеттер, рефлексия, психологиялық ойлау, сезімталдық және т. б.) сипаттауға мүмкіндік береді.

2. Университетте психологиялық-педагогикалық дайындық процесінде мұғалімдердің психологиялық мәдениетінің қалыптасуы мен жұмыс істеуін сипаттайтын кәсіби-белсенділік.

3. Тұтас, тұтастай алғанда кәсіби қызметтің психологиялық мәдениетін зерттейді және осы қызмет субъектісінің оның жеке компоненттерін дамыту арқылы емес.

4. Функционалды, оның функцияларын бөлу арқылы психологиялық мәдениетті қарастырады (реттеу, бейімдеу, дамыту, үйлестіру және алдын-алу).

Осы тәсілдерді талдағаннан кейін, зерттелетін құбылыстың жұмыс анықтамасы ретінде біз мыналарды ұсынамыз: психологиялық мәдениет – бұл жан-жақты жеке тұлғалық Білім, оның ішінде: танымдық, аффективті, мотивациялық, мінез-құлық (белсенділік), құндылық-семантикалық, рефлексивті-перцептивті, шығармашылық компоненттер және гуманистік құндылықтардың болуымен сипатталады, жағымды жеке және рухани-адамгершілік көзқарастар, кәсіби іс-әрекеттің тиімді өзін-өзі ұйымдастыру қабілеттері, тұлғааралық және әлеуметтік өзара әрекеттесу.

Зерттеу барысында психологтардың психологиялық мәдениеті жоғары құрылымдалған және интеграцияланған жеке білім екендігі анықталды.

Психологиялық мәдениеттің негізгі компоненті-реттеуші компонент, ал аксиологиялық компонент оның сапалық ерекшелігін анықтайды, туыстық ұғымдар арасында жаңа жеке білім беруді – педагогикалық-психологиялық мәдениетті, кәсіби мәдениетті, коммуникативті мәдениетті және басқаларды ажыратады.

Психологтардың топтарындағы кәсіби қызмет ерекшеліктерінің психологиялық мәдениеттің салмағына да, оның жеке компоненттерінің салмағы мен келісу деңгейіне де әсері анықталды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Селезнева Н.Т. Білім беру жүйесі басшыларының психологиялық мәдениетін дамытудың заңдылықтары мен факторлары. – М., 2015. – 565 б.

2 Семикин В.В. Психологическая культура в педагогическом взаимодействии. Дисс. ... докт. психол. наук. СПб., 2016. – 379 с.

3 Габдреев Р.В. Система психологической культуры: подходы и уровни // Психологическая культура человека: теория и практика. – Саранск: Историко-социологический институт, 2018. – 15-18 с.

4 Тутушкина М.К. Практическая психология. СПб, 2019. – 368 с.

5 Колмогорова Л.С. Становление психологической культуры личности как ориентир современного образования. – Барнаул, 2017. – 30-49 с.

6 Колмогорова Л.С. Особенности становления психологической культуры младших школьников // Вопросы психологии. 2018. № 1. – 47-56 с.

7 Peters T. Thriving on chaos. Handbook for a management revolution. – N.Y., 2018. – 240 p.

ҒТАМР 14.15.15

ПАНДЕМИЯ ЖАҒДАЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАННЫҢ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

А.Б. Ахметбаева

Студент, Нархоз университеті, Алматы қ.

С.Ж. Болтаева

Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, Нархоз университеті, Алматы қ.

Бүкіләлемді дүр сілкіндерген коронавирустық пандемияның оң және теріс әсері де Қазақстанның кез келген мемлекеттік маңызы жоғары салаларында, соның ішінде, білім беру жүйесінде күтпеген ерекше өзгерістердің орын алуына алып келді. Мақалада қашықтықтан білім беру форматына көшу барысындағы бірнеше мәселелер, жаңа технологиялар мен платформалар, заңнамалық өзгертулер жайлы баяндалады. Интернет желісінің қолдану аясының кеңеюіне байланысты оқушылардың, студенттердің және мұғалімдердің дәстүрлі өмір салтындағы бірқатар өзгерістердің әсері де қарастырылады.

Түйін сөздер: Пандемия, білім беру жүйесі, қашықтан білім алу форматы, ҚР Білім және ғылым министрлігі, ақпараттық технология, интернет-платформалар.

Жаһандық сипатқа ие болған коронавирустық пандемия Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық, саяси және рухани өмірінің өзіндік әсерін тигізбеген салалары жоқ. Лезде ғаламның түкпір-түкпіріне жайылған бұл індет әрбір азаматтың өмір-салтына көптеген өзгерістер енгізді. Әлемдік пандемияның әсері білім беру жүйесі үшін де өте ауыр сынаққа айналғаны рас. Әрине, карантиндік шектеулер әлемдік пандемияның одан әрі ушығып кетпес үшін өте маңызды. Алайда, дәстүрлі форматта білім алудың қашықтықтан білім алу форматына ауысуы мұғалімдерге де, студенттерге де және мектеп оқушыларына да күтпеген жағдай болды. Бұндай іс-шаралар адамзат тарихында алғаш рет орын алып отырғаны мәлім.

Әлемдік деңгейде белең алған COVID-19 вирусының ауыр соққыларына Қазақстанның білім беру жүйесі дайын болмауы бірқатар мәселелердің көрініс беруінен байқауға болады. Олар:

- 1) қашықтықтан оқыту режиміне ықтимал көшудің барлық қажетті жағдайлары мен дәйекті процедурасын көздейтін осы саладағы нормативтік реттеудің, яғни заңнамалық базаның болмауы;
- 2) Ғаламтор жүйесінің үздіксіз жұмысының қамтамасыз етілмеуі;
- 3) Шалғай ауылдық аймақтарда байланыс желілерінің болмауы;
- 4) Оқу барысында қажетті технологиялық құрал-жабдықтардың болмауы [3].

Осы мәселелерді шешу мақсатында ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетовтың бастауымен халықаралық тәжірибені, ЮНЕСКО және Дүниежүзілік банктің ұсыныстарын арнайы құрылған оперативті штат күн сайын зерттей келе, бірқатар іс-шаралар, маңызды реформалар қабылданған болатын.

«ҚазАқпарат» Халықаралық ақпараттық агенттігінің мәліметі бойынша, Қазақстанда қазіргі таңда шамамен 3 миллион мектеп оқушылары және жарты миллионға жуық жоғары оқу орындарының студенттері тез арада қашықтықтан оқу форматы ауысуға мәжбүр болған екен [2].

Ең алдымен «қашықтықтан оқу форматы дегеніміз не?» – деген сұраққа жауап беретін болсақ, қашықтан білім алу форматы – білім алушы жастар немесе жасөспірімдер мен педагог мамандардың арасында қандай да бір қашықтықта интернет желілерін қолдана отырып жүргізілетін оқу форматы болып табылады.

Әлемдік деңгейде оқытудың балама түрлері ойластырылып, әртүрлі білім беру платформалары іске қосылған болатын. Пандемияның алғашқы толқынында онлайн оқу барысында сабақтарды телеарналар арқылы трансляциялау, арнайы жабдықталған мекемелерде түсірілген видеоматериалдарды арнайы платформаларға жүктеу, педагогтар мен оқушылар және студенттер арасындағы кері байланысты орнату үшін электронды пошталарды қолдану секілді бірқатар әдістер пайдаланыла басталды. Бұл әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы мемлекет бойынша барлық білім алушылар үшін қолжетімді әрі пайдалы болуын ҚР Білім және Ғылым Министрлігі мақсат етті [1].

Онлайн форматта оқу барысының алғашқы кезеңінде технологиялық құрал-жабдықтар мәселесі бойынша мектеп оқушылары мен мұғалімдерге қажетті компьютерлік құралдардың 36 мың данасы уақытша қолданысқа берілген болатын. Келесі кезеңінде жергілікті атқарушы органдар қосымша құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету міндеттерін атқарған. Жалпы 2020 жылғы оқу жылының басында 500 мыңға жуық компьютерлер көпбалалы және мұқтаж отбасыларға Үкімет тарапынан жеткізілген. Ал алыс ауылдық аймақтарға карантиндік шектеулерді қатаң түрде сақтай отырып дәстүрлі білім беру форматында сабақ өткізілуіне рұқсат етілген болатын [3].

Бастауыш, орта және жоғары сынып оқушыларына арналып ІТ компанияларының жүзеге асыруымен «Daryn.Online», «Bilimland» интернет-платформаларының және «Күнделік» жүйесінің бірнеше функциялары жетілдіріліп, оқу бағдарламасының кез келген тақырыбында видеоматериалдар көріп, білім алуларына ыңғайлы әрі қолжетімді етіп дайындалды. Сонымен қатар, ерекше өзгерістердің бірі ретінде 9-шы және 11-ші сынып оқушыларының қашықтықтан оқыту форматына көшу жағдайына байланысты Дүниежүзілік банктің нақты деректерінде көрсетілген 3 негізгі шешімдер бойынша алғашқы шешімге сәйкес міндетті мемлекеттік емтихандарды өткізбеу туралы шешімді ҚР Білім және Ғылым Министрлігінің бірден қабылдауы өте батыл қадам болды деген ойдамын [1].

Жаңа технологиялар мен қашықтан білім беру бағдарламаларының қолданыла бастауы білім ордасының барлық педагог мамандарынан ақпараттық коммуникациялық құралдарды жетік меңгеруін талап ете бастады. Аз уақыттың ішінде мұғалімдерге арналып жаңаша түрде әзірленген оқу материалдары, оқу үрдісін бағалаудың жаңа ережелері мен нұсқаулықтары әзірленіп, оқытушыларды арнайы дайындау курстары жұмыстары жандана түсті [1]. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев халыққа жолдаған жолдауында ұстаздар қауымының алдына «Біздің міндет жаңа технологияларды, идеялар мен көзқарастарды пайдалана отырып, білім мен бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу» деп жаңа міндеттерді қойған болатын [4]. Мүмкін пандемиялық төтенше жағдай жаңа міндеттердің орындалуына да өзіндік әсерін тигізген болар.

Қашықтықтан білім алу немесе беру форматына мектеп оқушылары мен мұғалімдеріне қарағанда колледждер мен жоғары оқу орындарында оқып жүрген студенттер мен педагог мамандарының көшуі ешбір қиындықсыз өтті десек те болады. Пандемияға дейінде көптеген университеттерде онлайн форматта оқытудың негізгі тәжірибелері болды. Қазақстан Республикасының бірқатар ЖОО-ы қазіргі заман ағымына сай ІТ саласындағы соңғы бағдарламалар мен озық технологияларды қолдана алу және дайындық дәрежесі жоғары деңгейді көрсеткен екен. Себебі, академиялық ұтқырлық бағдарламасы бойынша шетелде оқуға ауысатын және денсаулық жағдайына байланысты күндізгі оқу процесіне қатыса алмайтын студенттер үшін бірнеше онлайн бағдарламалар әзірленген болатын. Мемлекетте пандемияға байланысты орын алған карантиндік жағдайға байланысты 2020 жылдың наурыз айының 16-шы жұлдызынан бастап 116 азаматтық жоо-дары қашықтан оқыту форматына бірден ауысқан болатын [1]. Оқыту сапасын арттыру мақсатында республикалық онлайн-семинарлар тиімді оқытудың бірнеше аспектілерін және білім беруде цифрлық технологияларды қолдану бойынша әр күн сайын өткізіліп отырды.

Білім беру жүйесінде ақпараттық-коммуникациялық, сонымен қатар инновациялық және WEB технологияларды қолдану қашықтықтан оқыту процесін жеңілдеті түседі деген пікірдемін. Себебі, әлемдегі даму деңгейі

жоғары 30 елдің қатарына ену мақсатында заманауи цифрлық технологияларды қолдана алу қабілетімізді шыңдау үшін өте маңызды [4].

Нархоз Университетінің 1-ші курс студенті ретінде осы қашықтықтан оқу форматындағы қолданып жүрген ақпараттық, цифрлық технологиялардың күнделікті өміріміздің ажырамас бөлігіне айналғанын бірқатар мысалдар арқылы растай аламын. Біріншіден, 2020 жылдың 1 қыркүйегінен бастап, Нархоз Университетінің студенті атанған сәттен «Moodle» платформасымен білім алуды бастаған болатынбыз. Бұл интернет-платформа бірнеше платформалармен біріктіріле отырып университет оқытушылары мен студенттеріне қызмет ететін өте қолжетімді әрі жұмыс істегенге ыңғайлы платформа болып табылады. «Moodle» платформасында кез келген дисциплина бойынша әр аптаның тақырыбын, қажетті курс бойынша қосымша материалдарды, видеоматериалдар мен семестр бойынша орындауға тиісті тапсырмаларды таба аламыз.

Бастапқыда университеттің «Moodle» платформасын қолдануда, электронды поштаны қолдануда және «Zoom», «Google Meet» платформаларына қосылуда бірнеше келеңсіз жағдайларда туындаған болатын. Интернет желісінің байланысы әлсіз болғандықтан үйренісіп кете алмаймын ба деген қорқыныш та пайда болды. Әрине, мектеп қабырғасында 11 сыныптың төртінші тоқсаны қашықтан оқыту форматында өткізілді. Бірақ, мектепте «Zoom», «Google Meet» видео-конференцияларын, онлайн-кездесулерін қолданбаған болатынбыз. Көбінесе, «WhatsApp» мессенджері, «Күнделік» жүйесі және «Daryn.Online» интернет-платформалары аясында оқу процесі жүзеге асырылды.

Қазіргі таңда өзгерістерге бейімделу процесі толығымен қалыптасты. Интернет-платформаларды қолдануда ешбір қиындықсыз ақпараттармен танысып, әр курс бойынша бақылау тестілеулерінен де өтіп, қорытынды емтихандардың өткізілуі және бағалануы формасы толығымен қашықтықта жүзеге асырылуда.

«Moodle» платформасында тестілеулер, жеке ой-пікірді білдіру мақсатында эссе түрінде жазбаша жұмыстары жүргізіліп, педагог пен студент арасындағы кері байланыстар орнатылады. Тестілеу барысында кез келген студент академиялық әділдік қағидаларын ұстануы қадағаланып, тапсыру уақытын аяқтаған сәтті сұрақтар бойынша жинаған баллдары көрсетіледі. Бұл әдістерден басқа тағы көптеген әдіс-тәсілдер, жазбаша жұмыстарды тексеруде антиплагиаттық программалар қолданылып, «Zoom» платформасында онлайн-лекциялар, қашықтықтан оқу форматында студенттердің қызығушылықтарын, білім деңгейлерін арттыру мақсатында әртүрлі конкурстар өткізілуде.

Бір топ студенттерге толы аудиторияларда дәстүрлі форматта оқытуға үйреніп қалған оқытушыларымызда болашақ мамандарды дайындауда өзіндік ерекше білім беру үлгілерін құрастырып, жаңа технологияларды жете меңгере бастады. Мол жауапкершілікті талап ететін ұстаздарымыздың ерең еңбектері үшін еңбекақы мөлшері де ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың

жолдауында қарастырылған болатын. Жолдау бойынша 2021 жылдың қаңтар айынан бастап енбекақы мөлшерін 25 пайызға көбейетіндігі мәлім болды [5].

Дүниежүзілік пандемияның салдарынан орын алған Қазақстанның білім беру жүйесіндегі кез келген өзгерістеріне қарамастан әрбір оқытушының басты мақсат-міндеті мектеп оқушыларының немесе студенттердің сапалы білім алуы болып табылады. Қашықтықтан оқыту форматы ақпараттық-инновациялық технологиялардың дамуымен тұспа-тұс келуі заман талабы бойынша «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасының білім саласындағы бағытының жүзеге асырылуына, әрі қарай дамытуына көп септігін тигізгені анық. Дәл уақытында туындаған мәселелердің қолға алынып, өзгерістердің енгізілуі мұғалімдер мен оқушылардың, студенттердің арасындағы байланыстың үзілмеуін қамтамасыз ете алды. Ұсынылған әрбір интернет-платформалардың, қашықтықтан білім беру форматында дайындалған нұсқаулықтар көмегімен әрбір оқу мекемелерінің ұстаздарына өз біліктілігін арттырып, халықаралық дәрежедегі бәселестікке түсе алу қабілеттерін жетілдіре түсуіне өлшеусіз мүмкіндіктер берді.

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауында білім мен ғылымның, ақпараттық, индустриялы-инновациялық технологиялардың өркендеуінің маңызды тұстары қарастырылған болатын [6]. Қашықтықтан оқыту форматы ХХІ ғасыр талабына сай білім беру жүйесінің өркендеуінің бастамасы екеніне кәміл сенімдімін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 <https://egemen.kz/article/235576-askhat-aymaghambetov-pandemiya-dgaghdayyndaghy-qazaqstannynh-bilim-beru-dguyesi>.

2 https://www.inform.kz/ru/kak-pandemiya-koronavirusa-povliyala-na-obrazovanie-mneniya-ekspertov_a3667516.

3 <https://cabar.asia/ru/trudnosti-perehoda-na-distantionnoe-obrazovanie-kejs-kazahstana>.

4 Белболғанова А.Қ., Жаңа педагогикалық технологиялар. – Талдықорған, 2013.

5 <https://kazus.kz/202-D0%B0%D0%B9>.

6 <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/K1200002050>.

ҒТАМР 14.25.07

АҒЫЛШЫН ТІЛІНІҢ ГРАММАТИКАСЫН ОҚЫТУДА КОММУНИКАТИВТІК ОЙЫН ТҮРЛЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ ТИІМДІЛІГІ

А. Жұмаділла

Студент, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.

Е.Х. Анапин

*Ғылыми жетекші, Ы. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты,
Арқалық қ.*

Бұл мақалада оқушылардың шет тіліне деген қызығушылығын арттыратын ойын технологияларын қолдану мәселесі қарастырылады. Ағылшын грамматикасын оқытуда коммуникативті ойындарды қолдану шет тілін оқыту процесіне оң әсер ететіні анықталды. Ойын технологиясы шетелдік қарым-қатынасты оқытудың белсенді түрлерінің бірі ретінде қарастырылады.

Түйін сөздер: ағылшын тілі, грамматика, ойын технологиясы, ағылшын тілін үйренудегі ойындар.

Бүгінгі таңда шет тілін білу мәдени қажеттіліктерді ғана емес, сонымен бірге экономикалық сұраныстарды да қанағаттандыру үшін міндетті болып табылады. Қазіргі қоғам байланыстарды кеңейтуге, сыртқы экономикалық институттармен байланысқа бағытталған. Сондықтан қоғамда шет тілін үйренуге деген сұраныс жоғары. Бұл әсіресе ағылшын тіліне халықаралық қарым-қатынас тілі ретінде қатысты.

Грамматика – кез келген тілдің ажырамас бөлігі болып табылады. Шет тілін үйренуге келгенде, грамматикалық дағдыларды қалыптастыру – коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру үшін үлкен маңызға ие. Алайда, сонымен бірге жаңа грамматикалық құрылымдарды игеру мектеп оқушылары үшін айтарлықтай қиындық тудыруы мүмкін. Е. Ильченконың айтуынша, көптеген грамматикалық құрылымдарды есте сақтау үшін қарқынды жаттығулар қажет, бірақ бұл балаларды шаршатады және монотонды болса, тиімділігі өте төмен [1].

Ал М.Ф. Строниннің пікірінше, біз шет тілін үйренуде грамматика тақырыбында көптеген маңызды пікірталастарды көрудеміз. Әр түрлі зерттеушілердің бұл тақырыпта әртүрлі көзқарастары бар. Ана тілінің грамматикасы басқа біреудің грамматикасына қарағанда мүлдем басқаша қабылданады. Сондықтан да салыстыра оқу арқылы меңгеруіміз жеңілдейді [2].

Ағылшын тілінің грамматикасын оқытуда коммуникативтік ойын түрлерін тиімді қолдану – бұл тек бастапқы ғана емес, сонымен қатар оқытудың жетілдірілген кезеңінде ойлау және сөйлеу үдерістерін белсендірудің тиімді құралы. Ойын форматында лексикалық материалды игеру, есте сақтау қабілеті және шет тілінде өз пікірін білдіру оңай. Ойын іс-әрекетінде оқыту материалдарында оқушылардың ақыл-ой әрекеттері қалыптасады, бейнелі ойлау дамиды, оқуға деген ынтасы артады.


Ойындар арқылы оқушылардағы шет тілінің грамматикасына қызығушылықты арттыруға болады деп толық сенім артуға болады. Г.М.Зайнулина айтқандай, ойынның көмегімен біз тіпті ең қызықты жұмыстың өзін өте қызықты ете аламыз деп санайды. Сондықтан да біз шет тілдерін оқытудың тиімді құралы ретінде ойынға ерекше назар аударады [3]. Ойын адамға басқа адамдардың алдында өзін толық және тіпті күтпеген жерден ашуға мүмкіндік береді. Мектептегі шет тілі сабақтарында ойын технологияларын белсенді қолдану өте маңызды. Ойын келесі мәселелерді сәтті шешуге мүмкіндік береді:



Коммуникативтік ойын адамға басқа адамдардың алдында өзін толық және тіпті күтпеген жерден ашуға мүмкіндік береді. Мектептегі шет тілі сабақтарында ойын технологияларын белсенді қолдану өте маңызды. Ю.Я.Пучкованың айтуынша, «ойынның жігерлі қарқыны адамның ойлау жылдамдығын дамытуға мүмкіндік береді, бұл оның тілдік материалды есте

сақтауға дайындығын, адамның сөйлеу қарқынын дамытады. Шет тілі сабақтарында ойнау кезінде балалар сөйлеу әрекеттерін қолдана алады, дағдыларын автоматтандырады және қабілеттерін кеңейте алады» [4].

Ағылшын тілінің грамматикасын оқытуда коммуникативтік ойын түрлерін қолдану келесі мақсаттарға қол жеткізуге мүмкіндік береді:



Ойын балаларға жақсы көңіл-күй сыйлап, олар үшін пайдалы болуы керек. Сонымен қатар, баланың шет тіліне деген қызығушылығы әлсіреген кезде сабақты жалғастыруға ынталандыру болуы керек. Әсіресе балаларға ағылшын тілінде грамматикалық шақты үйрену қиын, сондықтан біз осы тақырыпты зерттеген кезде ең көп ойын қолданғанымыз дұрыс әрі тиімді.

Қорытындылай келе, ағылшын тілінің грамматикасын оқытуда коммуникативті ойындарды қолдану шет тілін оқыту үдерісіне оң әсер етеді. Ойын шет тіліндегі қарым-қатынасты оқытудың белсенді түрлерінің бірі ретінде қарастырылады. Оны қолдану әсіресе жоғары деңгейде, оқушылар шет тілінде сөйлеу дағдысын қалыптастырған кезде тиімді. Ойындар сабақты жандандырады, зерттелетін тілдегі оқу қарым-қатынасына табиғилық әкеледі, тілдік материалды игеру үдерісін жеңілдетеді және оқу жұмысын қызықты етеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Ильченко Е.В. Игры, импровизации и мини-спектакли на уроках английского языка / Е.В. Ильченко. – М.: Центр современных гуманитарных исследований, 2003. – 449 с.

2 Стронин М.Ф. Обучающие игры на уроках английского языка / М. Ф. Стронин. – М.: Просвещение, 1994. – 231 с.

3 Зайнуллина Г.М. Игровые технологии на начальном этапе обучения / Г.М. Зайнуллина // Альманах школы. – 2007. – № 139. –68-69 с.

4 Пучкова Ю.Я. Игры на уроках английского языка / Ю. Я. Пучкова. – М.: АСТ, 2003. – 338 с.

ҒТАМР 15.31.31

КӘСІБИ ЖЕТІСТІККЕ ЖЕТУДЕГІ ЭМОЦИОНАЛДЫҚ ИНТЕЛЛЕКТТІҢ ОРНЫ

С.А. Тұрсынжан

Студент, Нархоз университеті, Алматы қ.

С.Ж. Болтаева

Ғылыми жетекшісі, аға оқытушы, Нархоз университеті, Алматы қ.

Кәсіби жетістікке жетудегі эмоционалды интеллекттің орнының маңыздылығы мен қажеттілігін мақалада дәйектер келтіре отырып, ашып көрсетілген. Автор осы тақырыпты негізге алып, жан жақты ізденіске түскен себебі, бұл тақырып қазіргі уақытта аса көп зерттелмеген, ой қозғалмаған тақырып деп есептейді. Және жаһандану заманында ең керекті, маңызды да өзекті тақырып деуге болады.

Түйін сөздер: Эмоционалды компонент, эмоционалды интеллект EQ, зияткерлік коэффициенті IQ.

Адам ең алғашқы кезінен бастап өзін тұлға ретінде дамыта бастайды: білім алады, маман ретінде дамиды. Бұрынғы кезден бері бізге IQ-ды адамның ой қабілетінің нақты көрсеткіші, демек өмірінің сәтті болуының статистикасы деп айтатын. Алайда, кәсіпте адамның ой-санасының дамуына қарағанда, эмоционалды интеллектінің дамуы жоғарырақ бағаланады. Ол бизнес саласында жұмыскерлеріне деген сенімділігін, саладағы серіктестеріне нақ өз позициясын көрсетуге мүмкіндік беретін фактор.

Малайзиядағы «Universiti Tenaga Nasional» жүргізген зерттеулері бойынша, ендігі кезде IQ-дің орнын EQ, яғни эмоционалды интеллект басты. Мысалға, EQ-дің көрсеткіші адам өмірінің сәтті қалыптасуын 4 есе нақтырақ көрсетеді [1, 677 б.]. IQ тұрғысынан ғана дамыған адамдарға көпшілікпен тіл

табысу, талқылау қиыншылық туғызады, ал кәсіп толық болмаса да жартысынан көбі өзара қарым-қатынастан тұрады. Эмоционалды тұрғыдан жақсы дамыған адамдар басқаларға қарағанда ақшаны да 4 есе көп табады. Ондай кәсіпкер жаңа идеяларды қалыптастырады, жұмыскерлерімен де жақсы тіл табысады, өз кезегіне кәсіби серіктестерімен жақсы келісімдерге келеді [1, 675 б.].

Кез келген заттың кері, теріс жағы табылады және бұл жағдай эмоционалды интеллектіні айналып өтпеген. Эмоционалды компонент ерекше мәнге ие болмаған жағдайда, басқа адамдардың эмоциясын түсіне білу қабілеті керісінше пайдасынан көрі кәсіпте зияны көп бола алады. Орталық Флорида университетінің психологтары Дана Джозеф пен Иллинойс университетінің психологы Даниэль Ньюман эмоционалды интеллект пен өнімділіктің арасындағы байланысты көрсеткен барлық зерттеулерді жан-жақты қарастырды. 191 мамандық бойынша мындаған қызметкерлер туралы жүздеген есептерді қарап, олар айналасындағылардың сезімдерін терең түсіну әрдайым артықшылық бола бермейді деген қорытындыға келген болатын. Механиктер, ғалымдар мен есепшілер үшін бұл қабілет артықшылықтан гөрі ауыртпалықты әкелетіні дәлелденді. Яғни, бұл қызметкерлер өздерінің жақын әріптестерінің сезімдеріне көп көңіл бөлді, нәтижесінде олардың жақын арадағы міндеттерін сапалы орындауға деген кері әсерін берген болатын. Егер сіздің міндетіңіз бұрандаларды қатайту болса, не болмаса қаржы саласы болса айналаңыздағы адамдардың бет-әлпетін, дауыс ырғағын және дене бітімін тану қабілеті тек жұмыстан алшақтатып, сапасын төмендеуі мүмкін [2]. Яғни, бұл зерттеулер эмоционалды интеллекттің әрдайым жеңіске алып келетін кәсіптің тәсілі бола бермейтінін көрсетеді.

Эмоционалды интеллект өзін қоршаған адамдардың көңіл-күйін, олардың әртүрлі реакцияларының себептерін түсінуге көмегін береді. Кризистен таңғаларлық жетістікке жетуге бір-ақ қадам екенін ұмытпау керек. Егерде кәсіпкер эмоцияларға ерік беретін болса, ол бар алтынынан бір мезетте айырылуы мүмкін. 1993-1998 жылдардың ең бай адамдарының бірі – Дэвид Уолш, карьерасының нағыз лапылдап тұрған шағында критикалық жағдайда өзін-өзі ұстай алмай эмоцияға ерік берген. Нәтижесінде, афераның тұтқыны болып шамамен 200 миллион доллардан бір түннің ішінде айырылып қалған [3]. Дүниежүзі бойынша осындай мысалдардың сан алуанын кездестіруге болады. Барлығынан түйер бір зат – эмоционалды интеллект – дамушы кәсіптің ең маңызды бөлігі.

Американдық психолог, эмоционалды интеллект саласын зерттеу маманы Дэниел Гоулманның айтуынша, кез келген жұмыс түрінде EQ 67 пайыз, ал IQ 33 пайыз құрайды екен. Ал біздің жағдайда, яғни, кәсіпте барлығы керісінше. Жеке кәсіпте эмоционалды интеллект 85, ал интеллект коэффициенті бар жоғы 15 пайыз құрайды [4]. Бұл жерден шығатын қорытынды ретінде, кәсіптегі маңызды факторды адамдармен тіл табыса білу, өзгелердің ой, идеяларын түсіне білу, өзіннің айқын позициянды көрсете білу алатынын, ал көпжылдық

тәжірибе мен интеллект екінші орынға жылжығанын көреміз. Дамушы кәсіп кілті жекеленген білім мен тәжірибеде емес, оның кілті өзара қарым-қатынаста.

Әлемге танымал парфюмерия мен косметикалық құралдар саласындағы лидерлік орынды алатын L`Oreal компаниясы өзінің жұмыскерлерінен эмоционалдық интеллекттің болуын талап етеді. Бұл қағидалар өзінің табысын сол жылда берген болатын. Бір жылдың ішінде L`Oreal компаниясы өзінің таза табысын 91,370 АҚШ долларына көтеріп, нәтижесінде жалпы қаражат 2,558,360 млн. құраған екен [5]. Жұмыскерлер ішінара жақсы қарым-қатынаста болса, бұл кәсіптің дамуының кепілі бола алуға мүмкіндік береді.

«Egon Zehnder» компаниясының 515 тен астам фирма басқарушыларымен жүргізген зерттеулерінің нәтижесіне орай, эмоционалдық интеллектісі жоғарғы көрсетішке ие басқарушы, өткен тәжірибесі мен интеллекттік көрсеткіші жоғары басқарушыға қарағанда нәтижеге жиі жететіні дәлелденген болатын. Зерттеу барысында Латын Америкасынан, Германия және Жапония елдерінен басқарушылар қатысқан болатын және мәдениеттік ерекшеліктеріне қарамай нәтиже бірдей көрсеткішке ие болған [6]. Яғни, эмоционалды интеллект жетістікке жету мүмкіндігін өзге көрсеткіштерге қарағанда нақтырақ көрсететін элемент болып табылады.

АҚШ- тың қаржылық «American Express» компаниясының сақтандыру саласында кризис орнаған кезде, бұл жағдайдың басты себебі эмоцияналдық тұрақсыздық болғаны белгілі болды. Яғни, қаржылық кеңесші мен потенциалды сатып алушы арасындағы эмоционалдық конфликт кесірінен компания үлкен шығындарға батқан. Осы қиыншылықтың шешімі ретінде дүниежүзіндегі алғаш компания болып эмоционалдық интеллект деңгейін көтеру курстарын өз қызметкерлеріне жүргізген. Нәтижесінде, қызмет көрсету саласында жақсы жетістікке жетіп отырған жұмыскерлердің басқалардан басты ерекшелігі өзін клиенттің орнына қоя алу қасиеті болып табылған екен. Жұмыскер жағдайға түсіністікпен қарап, ең тиімді деген жолдарын көрсету арқылы сатып алушы адамның сеніміне кіре алатын болған. Жалпы, жоғарыда көрсетілген қабілет нағыз эмоционалдық интеллекттің көрінісі. Қорытындысында айтылған курсты өткен жұмыскерлер өз жұмысының белсенділігін 90 % арттырып, ал кәсіп болса өзінің көретін пайда көрсеткішін 16,2 %-дан 18,1 % пайызға дейін жоғарылатқан [7].

Креативті басқару орталығының жүргізген зерттеулеріне орай, менеджерлердің жетістікке жетудегі қиыншылықтарының басты себебі шектен тыс эмоционалдылық болып табылатыны белгілі болды. Басты үш себеп: стресстік жағдайда жұмыс істей алмау, топта және жеке адамдардың қарым-қатынасқа түсу барысындағы проблема. Бір өңірдің басқарушылары эмоционалдық құзыретін жоғарылату сабақтарын өткеннен кейін нәтиже өзін ұзақ күттірмеді. Кәсіптің актуалдылығы мен эффективтілігі 50 %-ға көтерілді, ресми шағымдар саны бір жыл ішінде 15-тен 3-ке дейін қысқартылды, бизнестің көретін жоспарлы пайдасы ұзақ уақыттан бері 250 000 АҚШ долларына жеткен болатын. Дәл осындай курсты енгізген басқа компания өз жұмысының белсенділігін 17 %-ға арттырып, ал қатыспаған бөлек компания

кәсіптің дамуына қатысты көрсеткіштерде ешқандай өзгерістерді бақыламаған [8].

Тұрақсыз және де әрқашан бәсекелестік орын алатын кәсіп индустриясында өзге адамдармен қарым-қатынасқа түсе білу, өз эмоцияларыңды басқара білу маңызды орын алады. Алайда бұл онымен қоса жеке тәжірибенің мүлде ұмытылуын білдірмейді. Жеке салада жақсы кәсіпкер әрқашанда екі алып IQ мен EQ арасындағы тепе-теңдікті сақтай білу арқылы бұл аланда өзінің позициясын нақ сақтап қалуға мүмкіндік ала алады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Elsevier B.V, Mafuzah Mohamad, Juraifa Jais. «Emotional Intelligence and Job Performance: A Study Among Malaysian Teachers». – Universiti Tenaga Nasional. 2016. 674-682 p.

2 The Atlantic/»The Dark Side of Emotional Intelligence». 02.01.2014. <https://www.theatlantic.com/health/archive/2014/01/the-dark-side-of-emotional-intelligence/282720/>

3 «CNN» газет баспасы «Bre-X scandal haunts former president even at death». <http://edition.cnn.com/WORLD/americas/9806/05/bre-x.obit.1998>.

4 «The New York Times» газет баспасы. «David Walsh, 52, Promoter Caught Up in Gold Mine Scandal». <https://www.nytimes.com/1998/06/06/business/david-walsh-52-promoter-caught-up-in-gold-mine-scandal.html/1998>.

5 Гоулман Д., Бояцис Р., Макки Э. «Эмоциональное лидерство: искусство управления людьми на основе эмоционального интеллекта». 2002. – 304 с.

6 Waterford/Emotional Intelligence L'Oreal/19.05.2017/ <https://www.waterfordinc.com/post/2017/05/19/case-studies-in-eq-sanofi-aventis-and-l-oreal>.

7 Harvard business review. «Ignore Emotional Intelligence at your own risk»/ Claudio Fernández-Aráoz/22.10.2014/ <https://hbr.org/2014/10/ignore-emotional-intelligence-at-you-own-risk>.

8 EIconsorsium. «Emotional Competence Training – American Express Financial Advisors». http://www.eiconsortium.org/model_programs/emotional_competence_training.html.

9 IHHP/»What is EQ?»/ Dr. JP Pawliw-Fry/06.03.2014. <https://www.ihhp.com/blog/2014/06/03/what-is-eq>.

ҒТАМР 14.25.07

ОЙЫН ӘДІСТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ШЕТ ТІЛІН ОҚЫТУДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ ТАНЫМДЫҚ ӘЛЕУЕТІН ДАМУДАҒЫ РӨЛІ

А. Сұлтан

Студент, БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты, Арқалық қ.

Ж.М. Бакирова

*Ғылыми жетекші, БІ. Алтынсарин атындағы Арқалық педагогикалық институты,
Арқалық қ.*

Мақалада оқытудың ерекше формаларының бірі ретінде оқу процесінде ойын технологиясының негізгі ерекшеліктері көрсетілген. Сонымен қатар, ойын әдістерін қолдану арқылы оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру мәселесі қарастырылды. Бұл әдістің маңыздылығы туралы бірнеше растау берілді.

Түйін сөздер: Шет тілі, оқыту, ойын әрекеті, ойын әдісі.

Қазіргі мектепте жалпы әдістемелік әлеуетті, атап айтқанда оқытудың белсенді формаларын кеңейту қажеттілігі туындап отыр. Оқытудың мұндай белсенді түрлеріне ойын әдістерін жатқыза аламыз. Ойын әдістері оқушылардың шығармашылық-іздену деңгейіндегі жұмысын қызықты және тартымды етуге мүмкіндік беретін оқытудың бірегей нысандарының бірі болып табылады. Ойынның тағы бір пайдалы жағы – бұл білімді жаңа жағдайда қолдануға ықпал етеді. Осылайша, оқушылар игеретін материал өзіндік тәжірибе арқылы өтеді, оқу үдерісіне әртүрлілік әкеледі.

Шет тілдерін оқытудың қазіргі заманғы әдістемесінің өзекті міндеттерінің бірі – жеке тұлғаға бағытталған парадигманың талаптарына жауап беретін, шет тілін үйренуге ынталандыратын және оқушылардың танымдық дамуының қажетті деңгейін қамтамасыз ететін оқу үдерісін ұйымдастырудың түрін жасап шығару. Әр түрлі оқыту формаларының оқушылардың танымдық қызығушылықтарына әсер ету мәселелері, шет тілін оқыту үдерісінде мотивацияның қалыптасуының объективті критерийлері туралы мәселе қазіргі кезде маңызды мәнге ие. Тиімді әрі әртарапты ойын әдістері – сөйлеу іс-әрекетінің әртүрлі түрлерінде практикалық сөйлеу дағдыларын қалыптастыруды және жетілдіруді қамтамасыз етеді. Ойын оқу үдерісін ұйымдастырудың бір түрі ретінде мұғалім мен оқушылардың ынтымақтастық тәжірибесін алуға ықпал етеді, танымдық қызығушылықты қалыптастырады,

бұл олардың шет тілін үйренуге деген ықыласы болмаған кезде өте маңызды. Әсіресе, шет тілін үйренудің бастапқы кезеңінде мотивацияны қалыптастыру маңыздырақ болып келеді [1].



В.С. Мухина атап өткендей, мектеп бағдарламасын меңгеруге дайындық білім мен дағдылардың өзінен емес, баланың танымдық қызығушылықтары мен танымдық іс-әрекетінің даму деңгейінен көрінеді. Мектепке және оқуға деген жалпы оң көзқарас тұрақты сәтті оқуды қамтамасыз ету үшін жеткіліксіз, егер бала мектепте алған білімінің мазмұнына қызығушылық танытпаса, егер ол таным үдерісіне тартылмаса, сабақта кездесетін жаңа нәрсеге қызығушылық танытпайды [3].

А.В. Петровский және М.Г. Ярошевский ойынды «форма» ретінде пәндік іс-әрекеттерді жүзеге асырудың әлеуметтік бекітілген әдістерінде, ғылым мен мәдениет пәндерінде бекітілген әлеуметтік тәжірибені қалпына келтіруге және игеруге бағытталған шартты жағдайлардағы іс-шаралар деп қарастырады [4].

Шет тілдерін үйренудің прогрессивті әдісі үшін бастауыш сынып оқушыларының танымдық мүдделерін құратын және дамытатын дидактикалық-технологиялық әдістердің өте көп түрлері бар. Жасөспірімдерді оқытуда ойын әдісін, проблемалық тапсырмаларды енгізу және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар арқылы шет тілін үйрену үдерісті өзгертуге мүмкіндік береді. Олардың шығармашылық және танымдық энергиясын дамытуға ықпал етеді. Технологияларды сауатты пайдалану сабақта психологиялық және сезімтал мақұлданған атмосфераны құруға кепілдік береді. Бұл жаңа білім алудың және оқушылардың шет тілін үйренуге танымдық назарын аударудың маңызды шарты болып саналады.

Бүгінгі таңда ойын технологиясын білім берудің жаңа тәсілі деп санауға болады, өйткені ол оқытудың сапалы жаңа мазмұнына сәйкес келеді. Ойын технологияларын қолдану балаға қызығушылықпен оқуға, ақпарат көздерін

табуға, жаңа білім алу кезінде тәуелсіздік пен жауапкершілікке тәрбиелеуге, зияткерлік белсенділікті дамытуға мүмкіндік береді [5].

Танымдық іс-әрекет танымдық қызығушылыққа негізделген кез-келген әрекетті ынталандыратын оқушының іс-әрекетінің жетекші түрлерінің бірі. Сондықтан баланың танымдық саласын дамыту үлкен рөл атқарады. Осы тұрғыда ойын әдісі – қолданылатын оқыту әдістерінің алуан түрлілігінің бір тәсілі. Ол оқушылардың ақыл-ой және ерікті белсенділігін дамытады. Ойынның жылдам қарқыны оларды мұқият болуға, есте сақтауға, сөйлеуді дамытуға, шет тілінде сөйлеу қажеттілігін тудырады. Ойын, сонымен қатар, табиғи коммуникативті жағдайларды жасауға ықпал етеді. Ойында бәрі тең, тіпті әлсіз оқушыларға да мүмкіндік беріледі. Теңдік сезімі, ынта мен қуаныш атмосферасы, тапсырмалардың орындылығын сезіну – мұның бәрі балаларға ұялшақтықты жеңуге мүмкіндік береді, сөйлеуде шет тілінің сөздерін еркін қолдануға кедергі келтіреді және оқу нәтижелеріне жағымды әсер етеді.

Ойын ситуациялық-вариативті жаттығу ретінде қарастырылады, онда сөйлеу үлгісін бірнеше рет қайталауға мүмкіндік жасалады, ол нақты сөйлеу қарым – қатынасына тән белгілермен – эмоционалдылықпен, стихиялылықпен, сөйлеу әсерінің мақсаттылығымен мүмкіндігінше жақын болады. Ойын осылайша маңызды психологиялық және әдістемелік міндеттерді орындауға ықпал етеді:

- мазасыздықты жою және балалардың сөйлеу қарым-қатынасына психологиялық дайындығын жасау;
- оқушылардың тілдік материалды бірнеше рет қайталауының табиғи қажеттілігін қамтамасыз ету;
- оқушыларды қажетті сөйлеу материалын таңдауға үйрету, бұл жалпы сөйлеудің ситуациялық стихиясына дайындық [6].

Танымдық қызығушылықтардың қалыптасуы, әрине, баланың өмірінің негізгі мазмұнында білімнің бір сатысынан екіншісіне, танымдық және практикалық дағдыларды игерудің бір деңгейінен екіншісіне, жоғары деңгейге біртіндеп көшу кезінде оқу үдерісімен байланысты. Аталған көшу кезінде ойын – шығармашылық қабілеттерін анықтауға, жеке шығармашылық әлеуетін дамытуға ықпал етеді, өзін-өзі бағалауды арттырады, тәуелсіз шешімдер қабылдау қабілетін дамытады. Ойынның көмегімен сіз есте сақтауды, зейінді, қабылдауды дамыта аласыз, топтың психофизикалық жағдайын реттей аласыз, агрессия мен психоэмоционалды шиеленісті жеңілдете аласыз, жаңа дағдыларды игере аласыз, дағдыларды дамытып, жай демалып, көңіл көтере аласыз. Ойын психологиялық жайлылық пен оқушылардың ақыл-ойының шамадан тыс жүктелуін жеңілдетудің маңызды аспектісі ғана емес, сонымен қатар оқу процесін оңтайландыру және ынталандыру құралы болып табылады [7].

Осылайша, шет тілі сабақтарында ойын әдістерін қолдану оқу үдерісінің тиімділігін арттыру құралы ғана емес, сонымен қатар бастауыш сынып оқушыларының шет тілін үйренуде танымдық жақты қалыптастыра отырып дамыту әдісі болып табылады. Оларды өзіндік бекуге дамытып, табандылыққа,

жетістікке ұмтылуға және әр түрлі мотивациялық қасиеттерін қалыптастырады. Ойын барысында басқалардың пікірлері мен мүдделерін ескеруді, өз қалауын тежеуді үйренеді. В.А. Сухомлинский айтып кеткендей, «ойын – бұл үлкен терезе, ол арқылы қоршаған әлем туралы идеялар мен ұғымдардың ағымы баланың рухани әлеміне енеді».

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Бордовский Г.А., Извозчиков В.А. Новые технологии обучения: вопросы терминологии. Педагогика № 5. 1993.
- 2 Новейший философский словарь. Интерпрессервис: Книжный Дом. 2001.
- 3 Мухина В.С. Возрастная психология: феноменология развития, детство, отрочество. 2004
- 4 Петровского А.В., Ярошевского М.Г. Психология. – Политиздат, 1990.
- 5 Селевко Г.К. Современные образовательные технологии. Народное образование, 1998.
- 6 Рогова Г.В., Верещагина И.Н., Методика обучения английскому языку на начальном этапе в общеобразовательных учреждениях: Пособие для учителей и студентов пед. вузов.
- 7 Ахметова Г.С. Методическая разработка. Поисково-познавательная деятельность с детьми старшего дошкольного возраста. – Нефтеюганск, 2019.

ҒТАМР 14.25.05

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНДА ДЕРБЕСТІКТІ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

А.Ш. Муталиева

П.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Ж.М. Елемесова

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Нұр-Сұлтан қ.

Мақалада жоғары сынып оқушыларының бойында тұлғалық қасиеттерді, олардың ішінде дербестікті дамыту маңыздылығы анықталады. Ғалымдардың «дербестік» ұғымына берген анықтамалар айқындалады. Жоғары сынып оқушаларының бойында дербестікті дамытудың жолдары көрсетіледі.

Түйін сөздер: жоғары сынып оқушылары, тұлғалық қасиеттер, дербестік, бала, қабілет.

Білім берудің жаңа мақсаттары өз қызметінің әдістерін өз бетінше анықтауға қабілетті шығармашыл тұлғаны қалыптастыруды көздейді. Тәрбие процесінің сапасы көбіне оқушының оқу процесінде белсенділігі мен танымдық дербестігін көрсете отырып, оның таным субъектісі болып табылатындығымен анықталады. Одан басқа, қазіргі қоғам адамды жан-жақты тұлға және өзінің тағдырының авторы ретінде тәрбиелеу қажеттілігімен сипатталады. Қазіргі уақытта жеке тұлғаның субъективті көрінісі, субъект ретінде адамның даму процесін зерттеу, оның өзін-өзі жүзеге асыруы ерекше маңызды. Осыған байланысты тұлға бойында дербестікті дамыту мәселесі өзекті болып тұр.

Гарвард пен Стэнфорд университеттері білім алушылардың академиялық білімі тұлғаның мансап құрудағы және өмірдегі табыстылығының 15% ғана деп санайды. Fortune 500 бас директорларын зерттеу арқылы әлеуметтік дағдылар жетістіктердің 75% құрайтынын және академиялық дағдылар тек 25% құрайтындығын анықтады [1].

Демек, жоғары сынып оқушысында тұлғалық қасиеттерді дамыту – оның болашақта қаншалықты табысты адам болатына тікелей әсер етеді. Педагогикалық-психологиялық әдебиеттерде тұлға бойында дербестік – басты қасиеттерінің бірі болып қарастырылады. Өйткені, дербестік – адамның проблемаларды шеше алу, эмоционалды басқаларға тәуелді болмау, тәуелсіздік қабілеті болып табылады.

С.Л. Рубинштейн субъектінің дербестігін былайша анықтайды: «... тек тапсырмаларды орындау мүмкіндігімен шектелмейді, оған өз бетінше, саналы түрде міндеттер, мақсаттар қою және өз қызметінің бағытын анықтау қабілеті кіреді. Бұл өз бетінше ойлау қабілетін болжайды және интегралды дүниетанымның дамуымен байланысты болады». Одан басқа, ғалым «дербестік – адамның еңбекке, адамдарға және қоғамға деген қарым-қатынасының түрін сипаттайтын әлеуметтік көрініс» – деп көрсетеді [2].

И.А. Домашенконың айтуынша, дербестікті сипаттайтын негізгі қасиеттер: «мақсатқа жетуден алшақтатуы мүмкін әртүрлі факторлардың әсеріне қарсы тұру, басқалардың кеңестері мен ұсыныстарын сыни тұрғыдан бағалау, өз көзқарастары мен сенімдері негізінде әрекет ету қабілеті» [3].

А.В. Петровский «дербестік «қоғамнан алшақтауды» білдірмейді Жоғары сынып оқушысына жат жағдайларда өз әрекеттерін дұрыс таңдауға көмектеседі» – деп көрсетеді. Демек, дербестік – тұлғаның өз бетінше әрекет ету, сыни баға беру алу, бастамашылдық, тәуелсіз болу қабілеті.

Жоғары сынып оқушыларының бойында дербестікті қалыптастыру – білім беру жүйесінде жеке тұлғаны қалыптастыру және дамыту үшін бағытталған тәрбиенің негізгі міндеттерінің бірі. Сонымен бірге, педагогикалық жүйенің мақсаттарының бірі – жеке тұлғаның өзін-өзі тәрбиелеу, өзін-өзі бағалау, өзін-өзі дамыту, жеке іс-әрекетіндегі саналы түрде өзін-өзі реттеу,

рефлексиялау қабілеттерін дамыту. Бұл жеке тұлғаның дамуының қажетті шарты [4].

Оқыту әдістері жоғары сынып оқушыларының дербестігін арттыруда маңызды рөл атқарады. Проблемалық оқыту, танымдық және практикалық мәселелер мен жағдайларды шешу, пікірталастар, іскери ойындарды қолдану шешуші рөл атқарады. Жоғары сынып оқушыларының дербестігін тәрбиелеуде жақын және ұзақ мерзімдерге байланысты сұрақтар қою және талқылау маңызды. Мысалы: «Оқылатын материалға деген көзқарасыңыз қандай? Сіз бұған қалай қарайсыз? Неге бұлай жасалады? Бұның салдары қандай? Бұл кімге тиімді?» және т.б. Оқытудың әр түрлі әдістеріне назар аудара отырып, мұғалім, ең алдымен оқушыларды дербестік жағдайына қоятын, оларды ойландыратын, жауап іздейтін және практикалық мәселелерді шешетін әдістерді қолдануы керек.

Жоғары сынып оқушыларында дербестікті дамыту білім беру ұйымынан басқа, отбасыдағы тәрбиеге де байланысты. БҰҰ Балалар қоры (ЮНИСЕФ) ата-ананың қажетті бақылауын сақтай отырып, баланың дербестігін тиімді дамытуға көмектесетін келесі кеңестер береді:

- баланың дұрыс мінез-құлқы үшін мақтау;
- бала орындай алатын тапсырмалар беру;
- алдымен ата-ана көрсетеді, содан кейін бірге жасау;
- баланың сәтсіздігіне жауап ретінде оған қателігін түсіндіріп, тәжірибе жүзінде бәрі ойдағыдай болатынына жігерлендіру;
- жанжалды жағдайларда таңдау мүмкіндігін беріп, келіссөздер жүргізуге тырысу;
- баланы не қалайтынын және өзін қалай сезінетінін сөзбен жеткізуге үйрету;
- тыйым салулар қанша қажет болғанымен, оларды шектеулі мөлшерде қолдану;
- тәрбие процесінде бала қабылдауға болатын мінез-құлықтың шекарасын нақты түсінуі үшін мүмкін болатын шеңберді белгілеу;
- бала үшін қауіпсіз кеңістікті ұйымдастыру толығымен ата-ананың қолында екенін ұмытпау[5].

ЮНИСЕФ балалардың өмірін құтқару, олардың құқықтарын қорғау, әр баланың қабілеттерін дамытуға және аман-саулығын насихаттауға септесу мандатына ие. Олардың кеңестерін тыңдай отырып, ата-ана, мұғалім, психолог жоғары сынып оқушысында дербестікті дамыта алады.

Қорыта келе, дербестік – жоғары сынып оқушыларына өте қажетті қасиет, қабілет екенін түсінеміз. Дербестікті қалыптастыру арқылы тұлға өз бетінше әрекет ету, проблемаларды шеше алу, әртүрлі ойларға, кеңестерге сыни баға беру алу, бастамашыл, тәуелсіз болуға мүмкіндік алады. Бұл мүмкіндіктер жоғары сынып оқушысына қазіргі заманғы жағдайда табысты болуына өз септігін тигізеді.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 <http://loft.imc-nev.ru/soft-skills/661-soft-skills.html>.
- 2 Психология личности: Хрестоматия: В 2 т. / Под ред. Д.Я.Райгородского. – Самара: Изд.дом «Бахрап-М», 2000. – 544 с.
- 3 Гамезо М.В., Домашенко И.А. Атлас по психологии: Информационно-методические материалы к курсу «Общая психология»: Учеб. пособие для студ. пед. ин-тов. – М.: Просвещение, 1986. – 272 с.
- 4 Петров А.В. Личность и самостоятельность. Мир науки, культуры, образования. 2016. – 168 с.
- 5 <https://www.unicef.org/kazakhstan>.

ҒТАМР 14.85.09

Ы. АЛТЫНСАРИН ӘҢГІМЕЛЕРІН АНИМАЦИЯЛЫҚ ВИДЕОРОЛИКТЕР АРҚЫЛЫ ОҚЫТУ

Т. Аралбай, А. Жорабаева

Сулейман Демирел атындағы университет, Қаскелең қ., Алматы обл.,

Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерін оқыту, ұлы ұстаздың көп салалы шығармашылық туындыларының мән-мағынасын, философиялық тереңдік сипатын, маңызын саралап ашу, шығармаларының құндылығын өскелең ұрпақтың бойына дарыту – бүгінгі күннің басты бағыттағы ұстанымы болмақ.

Ы. Алтынсариннің әңгімелерін анимациялық бейнероликтер арқылы оқыту – қазіргі жастар үшін тиімді әдістердің бірі. Анимациялық бейнеролик негізінде жасалған бұл жұмыс Ы. Алтынсариннің әңгімелерін мектеп жасындағы балаларды қызықтыра отырып оқытуды көздейді.

Түйін сөздер: әңгіме, анимация, видеоролик, интерактивті оқыту, Ы.Алтынсарин.

Жаңарту заманы қоғамдық құбылысымыздағы ірі өзгерістермен бірге ұлттық сананы, халықтық қадір-қасиетімізді, ата тарихымызды жандандыруға жол ашты. Қазіргі таңдағы міндет – осы қасиеттерді кез келген қазақ

оқушысының бойында қалыптастыру. Өскелең ұрпақтың қоғам алдындағы жауапкершілігін сезінуі рухани дүниесінің байлығынан. Ал рухани байлық беруде мектепте Қазақ әдебиеті пәнінің орны ерекше. Әйтсе де қазіргі таңда ақпараттық технологияның қарқынды дамуының арқасында біздің әдеби мұраларымыз оқушылар назарынан тыс қалуда. Бұл әдебиет ғылымындағы өзекті мәселелердің бірі деп білеміз. Осы мәселені шешуде қазақ әдебиетіндегі әңгіме жанрына ерекше назар қойдық.

Белгілі бір оқиғаны қара сөзбен баяндауға негізделген көркем туынды – әңгіме деп аталады. Әңгімеде тиянақты, жинақы, шағын ғана оқиға баяндалады. Әңгіме – әдемі дүние: жауынгер, ұшқыш, өмір құбылыстарына шұғыл үн қосқыш, оқушысын тез тапқыш, өткір икемді, сүйкімді жанр [1, 303 б.].

Ыбырай шығармаларының өзіндік ерекшеліктері – аз сөзге көп мағына сыйғызу, мақал-мәтел мен афоризмдерді орынды қолдану, әр әңгіменің тағылымдық мәніне ерекше көңіл аудару. Ы. Алтынсарин әңгімелері қысқа мазмұнды, балалардың түсінуіне жеңіл. Шығармалары мазмұны жағынан да, түрі жағынан да балалар әдебиетіне қойылатын талаптарға сай келеді.

Ы. Алтынсариннің әңгімелерін оқу, ұлы тұлғаның көп салалы шығармашылық туындыларының мән-мағынасын, сипатын, маңызын саралап ашу, шығармаларының құндылығын өскелең ұрпақтың бойына дарыту – бүгінгі күннің басты бағыттағы ұстанымы. Жас ұрпақты адамгершілік биік мұраттарға жетелейтін, адалдылық пен ақылдылық, парасаттылық пен азаматтылыққа үндейтін ағартушы Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерін инетраактивті әдістер арқылы оқытудың атқарар рөлі де айырықша.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Білім беруді ұйымдастырудың дүниежүзілік тәжірибесінде көптеген оқыту технологиялары жүзеге асырылуда. Ақпараттық технологиялар дәуірінде Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерін анимациялық бейнеролик арқылы оқыту – қазіргі жастар үшін тиімді әдістердің бірі. Анимациялық бейнеролик негізінде жасалған бұл жұмыс Ыбырай Алтынсариннің әңгімелерін мектеп жасындағы балаларды қызықтыра отырып оқытуды көздейді.

Әдебиет – жан дүниені, он екі мүшені, алпыс екі тамырды түгелдей жайлап, еш уақытта да көзге көрінбейтін сезім қылдары арқылы ақыл иесі – адамды өз ырқына жетелеп алатын қасиетті дүние. Оны оқытудың қызықтығы да, күрделілігі де осында жатыр [2, 11 б.].

Ы. Алтынсариннің шығармашылық мұрасы – халқымыздың ғасырлар бойы маңызын жоймайтын рухани қазынасы. Ы. Алтынсарин әңгімелеріне өзек болған мәселелер – мәңгілік тақырыптар. Оның әңгімелері өз заманының келелі мәселелерін қамтыды. Әңгімелері жас ұрпақты мейірімділікке, адалдыққа, ізеттілікке, ақылдылық пен білімділікке және де тағы басқа ізгі қасиеттерді үйретуге шақырады. Материалдық, техникалық тұрғыдан адамзат қоғамы қаншалықты дамып, өмір сүру тым қолайлы әрі жеңіл, ыңғайлы болғанымен, адамның ақыл-ойы, ішкі жан дүниесі, руханияты мен ділі қатпарлы болатындығы белгілі. Заман, уақыт талабына орай Ыбырайдың әңгімелерін

жаңа қырынан танытып, ақпараттық технология, инновациялық әдістер арқылы оқытуды – бүгінгі күннің басты талабы.

Жаңа технологиялардың бірі – сабақта бейнежазба (видео) қолдану. Бейнежазба сабақ барысында оқушылардың белсенділігін арттырады, көрген материалы бойынша өз ойын, пікірін айтуға көмектеседі. Сабақта бейнежазба қолдану – оқушылардың әр түрлі психологиялық белсенділіктерін, әсіресе, ынтасын арттыруға және есте сақтау қабілеттерінің дамуына ықпал етеді. Бейнежазбаның мазмұнын түсіну үшін оқушыларға көп еңбектену керек. Сонымен бірге, бейнежазба тілдік қызметтің төрт бірдей түріне – оқуға, сөйлеуге, тыңдауға, жазуға үйретеді, тілдік қабілеттерін қалыптастыруға көмектеседі. Бейнежазбалардың түп нұсқалық жазбалар, көркемфильмдер, мультфильмдер, деректі фильмдер, жаңалықтар, т.б. жатады [3, 103 б.].

Анимациялық видеороликтермен сабақ өткізгенде төмендегі тәсілдер қолдана алады:

- Дауыссыз көру тәсілі;
- Дауыспен, бірақ көрініссіз көру тәсілі;
- Жорамалдау тәсілі;
- Керісінше жорамалдау тәсілі;
- Қалып кеткен сөздер мен сөйлемдерді толтыру тәсілі;
- Көру-тыңдау тәсілі;
- Үзіндіні қарап шығып, мазмұнын жаздыру тәсілі;
- Мазмұнын жаздырып, кино көрсету тәсілі;
- Дұрыс-бұрысын таптыру тәсілі;
- Көрген үзінді бойынша сұхбат құрау тәсілі.

Ғасырлар бойы өзектілігін жоймай, уақыт өткен сайын құндылығы арта түскен балалар әдебиетінің атасы Ыбырай Алтынсарин әңгімелерін оқыту, оны халық арасында таратып, насихаттау қазіргі таңдағы ең маңызды мәселелердің бірі. Жазушының қысқа да нұсқа әңгімелерін мектеп жасындағы оқушыларға үйретіп, оны үйретіп қана қоймай, мәнін түсіндіре біліп, қызықтыруды зерттеу жұмысымыздың негізгі мақсаты деп таптық. Қазіргі заман талабына сәйкес жазушының «Әлім кісі» [4, 97 б.] әңгімесін технологиялық құралдар мен бейнеролик жасайтын бағдарлама арқылы жасадық. Әңгіме әлім мен молда арасында өрбиді. Шағын әңгімесі арқылы «Иман дегеніміз не? Оны қалай үйренуге болады» сынды сұрақтарға жауап алуға болады.

Қазіргі таңда оқушының, баланың назарын өзіңе аудартып, тақырыпқа қызықтыру өте қиын. Дәстүрлі әдіс бойынша шығарманы оқытып, түсінігін айтқызу нәтиже әкелмеуі мүмкін. Яғни, бала шығарманы түсінбей, тіпті, тақырыпқа қызықпауы да ықтимал. Сондықтан, балаға қызық, жақсы қабылдай алатын әдістің бірі визуалды негізде анимациялық бейнероликтер таптырмайтын шешім. Біріншіден, оқушының назары толықтай шығармада болады. Екіншіден, бейнеролик оқушының әңгімені жадында ұзағырақ сақталуына септігін тигізеді. Үшіншіден, оқушы бейнероликті көріп қана қоймай, оның мәнін түсінуге ұмтылатын болады.

Шағын әңгіме шебері, ақын, жазушы, аудармашы Ы. Алтынсариннің шығармалары – баға жетпес мұра. Бұл мұраны сақтап, оны өзгелерге таныстыру – біздің басты мақсатымыз әрі міндетіміз. Бүгінгі күні қазақ әдебиетіндегі кез-келген көркем шығарманы анимация жанрына бейімдеп, құрастырып, тәжірибеде кеңінен қолдануларына болады.

Мектеп оқушыларының оқырмандық қызығушылықтарын дамытуда анимациялық видеороликтер қандай маңызға ие екендігі дәлелденді. Ендігі кезекте алдымызда тұрған міндет оны оқушыларға түсінікті әрі тиімді жеткізудің жолдарын анықтау.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 Қабдолов З. Сөз өнері: оқулық. – Алматы, 2002. – 360 б.
- 2 Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы: «Рауан», 1997. – 288 б.
- 3 Мұхаметжанова С.Т., Жартынова Ж.Ә. Интерактивті жабдықтармен жұмыс жасаудың әдіс-тәсілдері. – Алматы, 2008. – 397 б..
- 4 Алтынсарин Ы. Таңдамалы шығармалары. – Алма-Ата: Академии наук казахской ССР, 1995. – 307 б.

ҒТАМР 15.31.31

ЖОҒАРЫ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫМЕН ДҰРЫС ҚАРЫМ-ҚАТЫНАС ОРНАТУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

А.Ш. Муталиева

П.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Ж.М. Елемесова

Магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан қ.

Автор осы мақалада жоғары сынып оқушыларымен дұрыс қарым-қатынас орнатудың психологиялық ерекшеліктерін қарастырады. Жоғары сынып оқушылары үшін дұрыс қарым-қатынас, эмоционалды жақындастықтың маңыздылығы айқындалады. Ата-ана, мұғалім, психолог жоғары сынып

оқушыларымен дұрыс қарым-қатынас орнату арқылы оларға жағымды тұлға болып қалыптасуына ықпал тигізетіні көрсетіледі. Мақалада заманауи ғалымдардың жоғары сынып оқушысымен дұрыс қарым-қатынас орнатуға бағытталған кеңестер талданады.

Түйін сөздер: жоғары сынып оқушылары, қарым-қатынас, психологиялық ерекшеліктер, балалар, жасөспірімдер, жастар.

Қарым-қатынас – жеке тұлғаның дамуының маңызды шарттарының бірі. Онсыз біздің өмірімізді елестету қиын. Қарым-қатынас нәтижесінде алынған белгілі бір дағдыларсыз әлеуметтік ортаға бейімделу мүмкін емес. Сондықтан тиімді қарым-қатынас үшін коммуникативтілікті дамыту қажет. Қазіргі уақытта жоғары сынып оқушыларымен коммуникация тиімділігі туралы мәселе өткір болып тұр.

Қазақстандық заңнамаға сәйкес жоғары сынып оқушылары жасөспірімдер (10-19 жас), балалар (0-18 жас) және жастар (14-28 жас) болып саналады. Бұл кезең үлкен мүмкіндіктер мен өсу, қуат пен шығармашылық үшін шексіз мүмкіндіктерге толы. Алайда, бұл жасөспірімдердің, ұлдар мен қыздардың тәуекелдері мен осалдығының жоғарылауына байланысты ерекше назар аударуды қажет етеді [1].

Жоғары сынып оқушылары үшін қарым-қатынас – бұл олардың дамуының басты сәті, жетекші іс-әрекеті. Қарым-қатынас қажеттілігі – адамдар арасындағы жеке қатынастардың ішкі негізі. Бұл негізгі әлеуметтік қажеттілік – адам өмірінің алғашқы кезеңдерінде туындайды. Л.С. Выготский атап өткендей «кез-келген нәрестенің қажеттілігі басқа адамға қажеттілікке айналады» [2].

Біртіндеп қарым-қатынас қажеттілігі баланы ересектермен ғана емес, құрдастарымен де, басқа балалармен де эмоционалды байланыс іздеуге мәжбүр етеді [3].

Қарым-қатынас қажеттілігін дамытудағы жаңа кезең баланың мектепке қабылдануынан басталады және жасөспірімдік кезеңде белсенді жалғасады. Жасөспірімдердің коммуникация жүйесіне екі негізгі әлеуметтік-психологиялық ішкі жүйенің ансамблі кіреді: «ересек-жасөспірім» (ата-аналар, мұғалімдер), «жасөспірім-құрдастар» (аға-әпкелер, құрдастар, сыныптастар, байланыс тобы) [4]. Бұл біртұтас жүйеде жасөспірімнің жеке басының қалыптасу процесі және атап айтқанда оның қажеттіліктері мен мотивтерінің дамуы.

Бұл кезде педагог-психологтың қызметі – бұл жоғары сынып оқушыларын дәл зерттеу, олардың өзін-өзі жүзеге асыруына, өзін-өзі дамытуына жағдай жасау; жоғары сынып оқушысының жайлы жағдайын қамтамасыз ету; қажет болған жағдайда түзетуге көмек. Бұл, әсіресе, қазіргі қоғам жағдайында, отбасында, мектепте (мұғалім мен жасөспірім арасында, сыныпта және т.б.), әлеуметтік ортадағы қарым-қатынас пен өзара әрекеттесу процесі бұзылған кезде өзекті болып табылады.

Жоғары сынып оқушылары ерік-жігер мен мінездің өзін-өзі тәрбиелеуімен жауапкершілікпен және жүйелі айналысатындығына қарамастан, олар әлі де ересектердің, ең алдымен мұғалімдердің, сынып жетекшілерінің, психологтардың көмегіне мұқтаж. Жеке ерекшеліктерді ескере отырып, психолог оқушыны уақытында өзін-өзі тәрбиелеу кезінде неге көңіл бөлу керектігін, ерік-жігер мен мінездің өзін-өзі тәрбиелеу жаттығуларын қалай ұйымдастыруға, ерікті күш-жігерді ынталандыру әдістерімен таныстыруға шақыруы керек (өзіндік – гипноз, өзін-өзі міндеттеу, өзін-өзі бақылау және т.б.) [5].

Ата-ана, мұғалім, психолог жоғары сынып оқушыларымен дұрыс қарым-қатынас орнату арқылы оларға жағымды тұлға болып қалыптасуына ықпалын тигізеді. Одан басқа, олармен эмоционалды жақындастықты қалыптастырады.

Сью Джонсон: «Эмоционалды байланыстың қажеттілігі – біздің гендеріміз бен денелерімізде бар. Бұл өмір, бақыт және денсаулық үшін тамақ, қауіпсіздік немесе жыныстық қатынас сияқты маңызды. Жақын адамдармен эмоционалдық жақындық болмаса, физикалық және психикалық сау болу мүмкін емес. Тіпті, тірі қалу мүмкін емес» [6] – деп санайды.

Демек, эмоционалды жақындастық тұлғаның қажеттілігі. Бұл қажеттілік қаншалықты қанағаттандырылса, соншалықты жоғары сынып оқушысы өзін толыққанды, бақытты сезінеді. Жоғары сынып оқушылары үшін өздерінің құрдастары арасындағы әлеуметтік мәртебесі, қоршаған адамдардың қолдауы маңызды болады. Сонымен қатар, интимді-жеке қатынас бірінші орынға шығып, білім беру қызметі екінші орынға ие болады. Кәсіби де, жеке де өзін-өзі анықтау қажеттілігі осы жас кезеңінің ерекше белгісіне айналады.

Заманауи әдебиеттерді зерттей келе, М.А. Лабковский жасөспірімдермен яғни, жоғары сынып оқушыларымен дұрыс қарым-қатынас орнату жолдарын көрсететінін көруге болады. Психолог «Жасөспіріммен бірге өмір сүру ережелерінде» жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынас кезінде ұстануға тұрарлық қағидаларды көрсеткен:

- әрқашан жасөспірімнің жағында болу;
- жасөспірім бірдеңе айтқан кезде үзіліссіз тыңдай білу;
- қажет болған жағдайда «жоқ» деп айта білу. Қатты, бірақ мейірімді түрде тыйым салу;
- бала «жеке» өмір сүре бастағанда (достар, сапарлар, хат алмасу, т.б.) оған сенім арту;
- жағдайды жанжалға жеткізбестен баламен келіссөздер жүргізе білу;
- баланың сізге өтірік айтуына ешқандай себеп болмауы үшін жағдай жасаңыз (өтіріктің үш себебі бар: қорқыныш, пайда және психопатология, олардың екеуін жоққа шығаруға болады, үшіншісі емделеді);
- оқытусыз сөйлесу, тең дәрежеде сөйлесу;
- мектеп туралы емес, жалпы өмір туралы сөйлесуді үйрену;
- жасөспірімнің өміріндегі барлық нәрсені бақылауға тырыспау;
- тіпті жазалағанда, баланың сіз оны жақсы көретіндігіңізге күмән келтірмеу [7].

Л.В. Петрановская жоғары сынып оқушысымен қарым-қатынаста баланың мінезі «жаман» емес, «қиын» деп атауды ұсынады.

Бала ата-анасын ренжіту үшін жаратылмаған, өйткені олар бала үшін – ең қымбат адамдар.

Белгілі бір баланың мінез-құлқының қиындықтары – бұл белгілі бір ата-аналар үшін қиын болатын мінез-құлық. Біреу ұқыпсыздықты проблема деп санайды, ал екінші ата-ана үшін бөлмедегі тәртіпсіздік қалыпты жағдай. Мысал ретінде, Л.В. Петрановская «Холерик ана үшін баяулықты көтеру мүмкін емес, бірақ мелонхолик ана үшін бұл мінез-құлық дұрыс болады» – деп көрсеткен. Көбінесе, ересектер балаларына қиындық туғызбайтын мәселелерді тым асыра сілтейді.

Бірақ, қиын мінез-құлықты түзету керек қажеттілігі туындайтын жоғары сынып оқушылары да болады. Олар отбасы өмірін улайды. Егер бала қолдау, қамқорлық және қабылдау сезімімен өссе; ненің жақсы, ненің жаман екенін білсе, бірақ әлі де қиын мінез-құлық бар болса, психолог оны түзетудің қадамдарын ұсынады:

1. Мақсатты нақты айту.

Ата-ана баладан қандай мінез-құлық күтетінін, бала дұрыс істей бастаған жағдайда нақты не болатынын неғұрлым анық түсінетін болса, шешімін табу оңайырақ болады.

«Балаңыздың» қате «жасағанын бірнеше күн дәптерге жазып көріңіз, содан кейін өзіңізден шынымен сұраңыз – осылардың қайсысы менің өмірімді улайды?».

2. Нақты не болып жатыр?

Мінез-құлықты талдау үшін «ол әрқашан», «ол ешқашан», «ештеңе қаламайды» тіркестерінен аулақ болыңыз. Ештеңе қаламайтын бала мен өзіне қызық емес істер жасағысы келмейтін баланың арасында үлкен айырмашылық бар. Мүмкіндігінше сипаттаңыз, жас пен жағдайды ескеріңіз.

3. Неліктен ол мұны жасайды?

Кез-келген адамға мүлдем ынталандырусыз бір нәрсе жасау әдеттен тыс. Ұрлық жасаудың да себептері бар: баланың меншік туралы ойы қалыптаспаған болуы мүмкін, ол өз құрбыларынан ерекшеленгісі келмейді, «достар» шеңберіне қабылданғысы келеді, назар аударғысы келеді немесе ата-анасының назарын аударып, жақындасқысы келеді. Сіз себептер туралы болжай алмайсыз, бірақ баладан тікелей сұраңыз: «Сіз мұны неге істеп жатырсыз?».

4. Ненің дұрыс еместігін түсіндіріңіз?

Баланың нені дұрыс жасамайтындығы туралы сөйлесіңіз. Есіңізде болсын, оған алыстағы болашақ туралы дау-дамайдың әсер етуі екіталай, ол бүгін сабақ алмағаны үшін мектепті нашар бітіреді.

5. Салдардың келуіне жол беру.

Егер бала нақты не істеуге болмайтынын білсе, бірақ бұрынғыдай әрекет ете берсе, жаман салдары келсін. Ата-аналардың жанашыр, жақын болып, қолдау көрсетуі маңызды. Әрине, біз баланы терезеден құлатқан немесе оның салдарын түсіну үшін үстіне қайнаған су құйған жағдайлар туралы айтпаймыз.

6. *Оған қалаған нәрсесін басқа жолмен алуға көмектесу.*

Нақты жағдайда не істеу керектігін немесе оны қалай жасау керектігін түсіндіріңіз.

7. *Жетістіктерді шоғырландыру.*

Позитивті күшейту негативке қарағанда бірнеше есе тиімді. Сіз «жаңа» қылықты тікелей немесе жанама түрде мадақтай аласыз. «Балаңызға өзінің жетістіктерін көруге және мойындауға үйретіңіз: өзін қол жетпейтін идеалмен емес, кешегі өзімен салыстырыңыз, оның жетістіктерімен мақтаныңыз» [8].

Қорыта келе, жоғары сынып оқушыларымен дұрыс қарым-қатынас орнатудың маңыздылығы сөзсіз екенін түсінуге болады. Олармен дұрыс қарым-қатынас орнатуда олардың жас, психологиялық ерекшеліктерін ескеру, психологтардың кеңестеріне назар салу шешуші сәт болып табылады. Өйткені, өмір сапасы қарым-қатынас сапасына тікелей байланысты. Одан басқа, қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші, алға жетелеушісі – жастар. Олардың қоғамда өздерін толыққанды, бақытты болып сезінуі – ата-аналардың, мұғалімдердің, педагог-психологтардың міндеттерінің бірі.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1 <https://www.unicef.org/kazakhstan/%D0%BF%D0%BE%D0%B4%D1%80%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%BA%D0%B8-%D0%B8-%D0%BC%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B4%D1%91%D0%B6%D1%8C>.
- 2 Выготский Л.С. Баланың жас ерекшеліктері және кемтар бала психологиясы туралы таңдамалы еңбектер. – Алматы. 1999.
- 3 Кондратьев М.Ю. Подросток в замкнутом круге общения. – М. Воронеж: МПСИ, 1997.
- 4 Коломинский Я.Л., Реан А.А. Социальная педагогическая психология. – СПб.: ЗАО «Издательство «Питер», 1999. – 416 с.
- 5 http://habaryschool.ucoz.ru/vozrastnye_osobennosti_uchashhikhsja.pdf.
- 6 Сью Джонсон. Обними меня крепче. 7 диалогов для любви на всю жизнь. – Изд: Манн, Иванов и Фербер. 2017. – 352 с.
- 7 Лабковский М. Хочу и буду. Принять себя, полюбить жизнь и стать счастливым. – Изд: Эксмо, 2020. – 320 с.
- 8 Петрановская Л.В. Если с ребенком трудно. – Изд: АСТ, 2016. – 144 с.

ҒТАМР 14.25.09

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ЖАҢА АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Ж.М. Байгожина

П.ғ.к., профессор, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Г.С. Адыльбаева

Студент, Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар қ.

Бүгінгі таңда ақпараттандыру процесі білім беру саласын дамытудың басты жолы болып табылады. Бұл техника мен технологияның дамуымен ғана емес, сонымен бірге қазіргі заманғы қоғамның дамуына ықпал ететін әртүрлі жобалар мен бағдарламаларды құру басты мақсат болып табылатын ақпараттық қоғамның дамуы нәтижесінде болатын өзгерістермен де байланысты.

Түйін сөздер: ағылшын тілін оқыту, технология, жаңа ақпараттық технологиялар, шет тілдерін оқыту.

Соңғы жылдары мектепте жаңа ақпараттық технологияларды қолдану мәселесі жиі көтеріліп келеді. Бұған жаңа техникалық құралдарды ғана емес, сонымен қатар оқытудың жаңа нысандары мен әдістерін, оқу үрдісіне деген жаңа көзқарасты да жатқыза аламыз. Шет тілдерін оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың коммуникативті мәдениетін қалыптастыру және дамыту, шет тілін практикалық тұрғыда меңгеруге үйрету. Мұғалімнің міндеті – әр оқушыға тілді іс жүзінде меңгеруге жағдай жасау, әр оқушыға өзінің белсенділігі мен шығармашылығын көрсетуге мүмкіндік беретін оқыту әдістерін таңдау. Мұғалімнің міндеті – шет тілдерін оқыту процесінде оқушының танымдық белсенділігін арттыру. Бірлесіп оқыту, жобалау әдісі, жаңа ақпараттық технологияларды, интернет-ресурстарды пайдалану сияқты заманауи педагогикалық технологиялар оқытуда жеке тұлғаға бағытталған тәсілді іске асыруға көмектеседі, балалардың қабілеттерін, олардың оқу деңгейін ескере отырып, жеке оқыту, саралау әлістерін қолдануға мүмкіндік береді.

О.И. Руденко-Моргун өзінің «Компьютерные технологии как новая форма обучения» атты еңбегінде былай деп жазады: «Біз қазір 80-жылдардың ортасында пайда болған және бүгінгі күнге дейін қарқын алып келе жатқан ақпараттық, компьютерлік революция дәуірінде өмір сүріп жатырмыз. Бұл компьютердің пайда болуынан, мультимедиялық технологияларды ойлап табудан, ғаламторды біздің өмірімізде қолданудан көрініс табады. Барлық осы

инновациялар біздің өмірімізге оңай және байқаусызда келді: олар барлық кәсіби салаларда және күнделікті өмірде белсенді қолданылады» [1].

Т.А. Полипова былай деп жазады: «Компьютерлер біздің өмірімізге және ағылшын тілін оқыту процесіне қаншалықты тез еніп, дәстүрлі әдістерді артқа татсап, шет тілі мұғалімдерін соңғы он жыл бұрын ешкім күдіктенбеген мәселелерді шешуге мәжбүр етті» [2].

Кез келген мұғалім мына нәрсені түсіну қажет: компьютерлік жүйе оқу процесінде ешқашан да механикалық оқытушы немесе оның аналогы бола алмайды. Компьютер балаларды оқыту кезінде оқу іс-әрекетінің мүмкіндіктерін күшейтетін және кеңейтетін құрал ғана [3].

Жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану білім беру процесінің шеңберін кеңейтеді, оның практикалық бағытын арттырады, білім беру процесінде оқушылардың ынтасын арттыруға, оқушылардың зияткерлік, шығармашылық қабілеттерін, өз бетінше жаңа білім алу дағдыларын дамытуға және болашақта олардың өзін-өзі табысты жүзеге асыруына жағдай жасауға ықпал етеді.

Л.А. Цветкова өзінің «Использование компьютера в среднем звене» мақаласында тәжірибе нәтижелеріне сүйене отырып, компьютер білім беру процесінде ең жақсы құрал болып табылатынын айтады. Компьютерлік технологиялар сабақтардың мазмұнына өте жақсы сәйкес келеді, сонымен қатар дидактикалық талаптарды толығымен ұйымдастырады және белгілі бір пәнді игеру дәрежесін барынша арттырады. Компьютерлер шет тілін үйрену процесін жеңілдетеді, белгілі бір ақпаратты өңдейді және қабылдайды, қажетті деректерді есте сақтайды, сөйлеу синтезаторлары, бейнемагнитофондар және магнитофондар сияқты техникалық оқыту құралдарын бақылауды бағалайды. Компьютерлер жеке оқыту формалары бойынша оқыту процесінің мүмкіндіктерін белсенді түрде кеңейтеді, сонымен қатар студенттердің шет тілін оқытудағы танымдық белсенділігін арттырады [4].

Шет тілі сабақтарында компьютерлік оқыту бағдарламаларымен жұмыс істеу түрлеріне мыналар жатады: лексиканы оқу; айтылымды пысықтау; диалогтік және монологтік сөйлеу тілін оқыту; жазылым дағдыларын қалыптастыру; грамматиканы пысықтау.

Интернет-ресурстарды пайдалану мүмкіндіктері өте зор. Жаһандық ғаламтор әлемнің кез-келген нүктесінде оқушылар мен мұғалімдерге қажетті ақпаратты табуға жағдай жасайды: елтану материалы, жастар өміріндегі жаңалықтар, газеттер мен журналдардағы мақалалар және т.б.

Ағылшын тілі сабақтарында ғаламтордың көмегімен бірқатар дидактикалық міндеттерді шешуге болады: жаһандық желі материалдарын қолдана отырып, оқылым дағдыларын қалыптастыру; оқушылардың жазбаша сөйлеу дағдыларын жетілдіру; оқушылардың сөздік қорын толықтыру; оқушылардың ағылшын тілін үйренуге деген ынтасын қалыптастыру. Сонымен қатар жұмыс мектеп оқушыларының көкжиегін кеңейту, шетелдегі құрдастарымен іскерлік байланыстарды орнату үшін интернет-технологиялардың мүмкіндіктерін зерттеуге бағытталған. Оқушылар интернет

желісі бойынша өткізілетін тестілеуге, викториналарға, конкурстарға, олимпиадаларға қатыса алады, басқа елдердің құрдастарымен хат алмасып, чаттарға, бейнеконференцияларға және т.б. қатыса алады.

Ағылшын тілін меңгеруге көмектесетін көптеген компьютерлік бағдарламалар бар. Ақпараттық технологиялар оқушылардың оқу процесін ұйымдастыруды өзгертуге, жүйелі ойлауды қалыптастыруға, оқу процесін даралау үшін компьютерлерді пайдалануға және түбегейлі жаңа танымдық құралдарға жүгінуге мүмкіндік береді. Жалпы, шет тілін оқытуда компьютерлік бағдарламалардың бірқатар артықшылықтары бар екені белгілі:

- үлкен, жаңартылатын ақпарат көзінің болуы;
- деректерді басқарудың жоғары жылдамдығы;
- кез келген өмір сүру жағдайларына қарамастан әртүрлі ақпаратқа қол жетімділіктің болуы;
- қажетті ақпаратты іздеуді ұйымдастыру;
- әртүрлі салалардағы жұмыстарға қолжетімділіктің болуы;
- әртүрлі сурет, мәтін, дыбыстарды тарату процесін жүзеге асыру.
- оқыту қызметі мен уәждемесін күшейту;
- зерттелетін қызметтің міндеттерін қалыптастыру;
- білім, білік және дағдыларды кеңейту және қолдану;
- пәнді оқу процесінде қызығушылықты дамыту.

Оқу процесінде жиі қолданылатын АКТ құралдарына мыналар жатады:

1. компьютер мен мультимедиялық проектордың көмегімен көрсетілетін электрондық оқулықтар мен оқу құралдары;
2. электронды энциклопедиялар мен анықтамалықтар;
3. тренажерлар және тестілеу бағдарламалары;
4. Интернеттің білім беру ресурстары;
5. Суреттері мен суреттері бар DVD және CD дискілер;
6. бейне және аудиотехника;
7. Мультимедиялық презентациялар;
8. ғылыми-зерттеу жұмыстары мен жобалары.

АКТ қолданудың артықшылықтары:

1. білім алушылардың жалпы мәдени дамуы;
2. компьютерлік дағдыларды жетілдіру;
3. тілдік деңгейді жетілдіру;
4. қолайлы психологиялық ахуал жасау;
5. оқушылардың ынтасын және олардың пәнге қызығушылығын арттыру;
6. оқушылардың өзін-өзі растауы;
7. оқытуды дараландыруды жүзеге асыру мүмкіндігі;
8. кері байланыс қағидатын іске асыру;
9. материалды көрнекі ұсынудың үлкен мүмкіндіктері;
10. тақтаға материал жазуға уақытты алып тастау;
11. мұғалімнің материалдарды жұмсауын үнемдеу;
12. оқушылардың жұмысын тексеру процесін жетілдіру;

13. мұғалімнің беделін арттыру;

14. бақылау мен өзін-өзі бақылаудың үйлесуі; оқушылардың іс-әрекеттерін объективті және уақтылы бағалау;

15. өздік жұмыс дағдыларын жандандыру.

Жоғарыда айтылған ой-пікірлерді қорытындылай келе, біз мынадай тұжырымға келдік, яғни шет тілін оқытуда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану оқыту тиімділігін арттыруға көмектеседі, сонымен бірге оқушылардың шығармашылық потенциалын жетілдіруде маңызы зор құрал болып табылады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1 Руденко-Моргун О.И. Компьютерные технологии как новая форма обучения // Иностранные языки в школе, №5. 2011. – 14 с.

2 Полипова Т.А. Внедрение компьютерных технологий в преподавание иностранного языка // Иностранные языки, №2. 2012. – 23-26 с.

3 Селевко Г.К. Педагогические технологии на основе информационно-коммуникационных средств. – М.: НИИ школьных технологий. 2010. – 112 с.

4 Цветкова Л.А. Использование компьютера при обучении лексике в среднем звене // Иностранные языки в школе, №2. 2011. – 18-23 с.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ
СЕЛЬСКОХОЗЯЙСТВЕННЫЕ НАУКИ
AGRICULTURAL SCIENCE

ҒТАМР 87.31.91

АЛМАТЫ ҚОРЫҒЫНДАҒЫ МАРАЛ МЕН ЕЛІКТІҢ БИОЛОГИЯСЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ САН-МӨЛШЕРІНІҢ ДИНАМИКАСЫ

Э.Е. Кагазбекова

Магистрант, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ.

А.О. Жанибекова

А.ш.ғ.к., Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ.

Г.Д. Анарбекова

Б.ғ.к., Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы қ.

Алматы қорығында сүтқоректілердің сан алуан түрі тіршілік етеді. Қорықтағы сүтқоректілер өзінің биологиялық әр-түрлілігімен ерекшеленеді, солардың ішіндегі едәуір бөлігі тұяқты аңдардың тобын құрайды. Қорық аумағындағы 2019 жылғы санақ нәтижелері бойынша маралдардың саны 68 дарақты құрады. Маралдардың жалпы белсенділігінің артуы (күзден қысқа дейін және жазда азаюы) олардың қоректенуімен байланысты. Ең жоғары белсенділігі қараша-ақпан айларында байқалады. Маралдың қоректенуі жыл маусымынана байланысты маусымдық және көші-қон сипатында, белгілі бір белдеудің белгілі бір учаскелерінде өсетін өсімдіктердің қандай да бір түрлерінің болуына байланысты. Алматы қорығында сібір елігі кәдімгі түрге жатады. Ол жапырақты орман белдеуінде тараған. Мұнда жекелеген учаскелерде тығыздығы 1000 га-ға 40-45 дарақты құрайды.

Түйін сөздер: Алматы қорығы, марал, елік, сүтқоректілер, бұғы тұқымдасы, биоценотика, санының динамикасы.

Алматы қорығында сүтқоректілердің саналуан түрі тіршілік етеді. Қорықтағы сүтқоректілер өзінің биологиялық әртүрлілігімен ерекшеленеді, солардың ішіндегі едәуір бөлігі тұяқты аңдардың тобын құрайды. Тұяқтылардан қорықта бұғы тұқымдас (*cervidae*) – марал (*cervus elaphus L.*); сібір елігі (*capreolus pygargus pall*); қуысмүйізді тұқымдас (*bovidae*) – сібір таутекесі (*capra sibirica pall*) және шошқа тұқымдас (*suidae*) – қабан (*sus scrofa L.*) мекендейді [8].

Зерттеу аумағында тұяқтылардың биологиясы және экологиясы бойынша сұрақтары ХХ ғасырдың 70-80 жылдары зерттелінген [9]. «Қазақстан сүтқоректілері» іргелі мәліметтері бойынша (1983-1984 ж.ж.) зерттеулердің қорытындыларын тұжырымдай келе тұяқты жануарлар осы аумақтарда

қарастырылған. Соңғы жылдары С. Сапарбаев (2006-2010 жж.) «Алматы мемлекеттік табиғи қорығындағы тұяқтылар» тақырыбында зерттеулер жүргізді.

Ал, қазіргі жағдайда Алматы қорығында мекендейтін тұяқты аңдар тобынан бұғы тұқымдастарға (*cervidae*) жататын – марал (*cervus elaphus* L.) және сібір елігіне – (*capreolus pygargus pall.*) жеке зерттеулер жүргізу керек.

Зерттеудің негізгі мақсаты. Алматы қорығы аумағындағы бұғы тұқымдастардың қазіргі жағдайын анықтау. Осыған байланысты алға қойған мақсаттар барысында келесідей тапсырмалар өз шешімін тапты. Маралдың, еліктің санын есепке алуын іске асыру.

Осы жануарлардың маусымдық қоныс аудару кезіндегі кеңістіктегі таралуын талқылау.

Олардың биологиялық және экологиялық сұрақтары, қорықтық тәртіп жағдайындағы мінез-құлқы қарастырылды. Жеке биоценодикалық байланыстары қарастырылды.

Осы мақалада келтірілген мағлұматтар 2019 жылы Алматы мемлекеттік табиғи қорығының аумағынан жиналған.


Зерттеулер Алматы мемлекеттік табиғи қорығы аумағында жүргізілді. Бұғы тұқымдас марал, еліктердің аумақта таралуы, мінез-құлықтары, табында болуын көзбен шолып бақылау 12 еселік дүрбімен жүргізілді. Марал, еліктердің қоректенуін зерттеу үшін олардың азықтық өсімдіктері жиналды. Марал, елікті көктемгі және күзгі кезде көз мөлшерімен есепке алу маршруттық және сынақ алаңдарында жүргізілді. Алынған аңдар тығыздығының көрсеткіштері қорықтың барлық аумағына экстраполяциялау үшін пайдаланылды. Күйек кезеңінде күйекке түскен жануарлар тобының құрамы, сондай-ақ аталықтарының, аналықтарының және жастарының көбею кезеңіндегі мінез-құлықтарының сәттері анықталды.

Марал. Қорықта марал таудың орташа және жоғарғы белдеулі аймақтарында (теңіз деңгейінен 1500-3000 м) мекендейді. Бұл белдеуде маралдың мекендеуіне қолайлы бұталы өсімдіктердің жыныс тоғайлары өскен (1-сурет).

Сонымен бірге алаңдар мен шабындықтарда кездеседі (Федосенко, 1982). Алматы мемлекеттік табиғи қорығы аумағында маралдардың саны 2019 жылғы санақ бойынша тұрақты деп айтуға болады. 2019 жылдың 23-ші қыркүйекпен 30-шы қыркүйек аралығында маралдардың күйекке түсу мерзімінде қорық аумағында санақ жүргізілді (1-кесте).

Оң Талғар шатқалының жоғарғы белдеуінде «Үлкен Балдырғантор» (Мохнатқаға дейін) сайында 14 марал (оның 5-і бұғы, 6 аналық, 3-і өткен жылдың төлдері) есепке алынды.

Сол Талғар шатқалы «Үлкен бұлақ» сайында 11 марал (оның 5-і аналық, 3-і өткен жылдың төлі) және 3 бұғы дауысы бойынша есепке алынды. Және де осы шатқалдың «Құрғақ» сайында 9 марал (оның 4-і бұғы, 3-і аналық, 2-і өткен жылдың төлдері) есепке алынды.



Сурет 1. Маралдардың мекендеу ортасы. Оң Талғар шатқалы, теңіз д. 2500 м (Сурет М. Мухамеджановтікі).

Оң Талғар шатқалының «Монах» сайында 5 марал (оның 3-і бұғы, 2-і аналық) есепке алынды (1-сурет).


«Иванов лог» шатқалында 15 марал (оның 5-і бұғы, 7-і аналық, 3-і өткен жылдың төлі) есепке алынды.

Кесте 1. Алматы қорығындағы маралдың 2013-2019 жылдар арасындағы санының өзгеру көрсеткіштері.

Көрсеткіштер	Түрдің мекендейтін алаңы, га	Жылдары						
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Қорықтағы жалпы саны	15000	65	63	65	70	70	65	68
Есепке алу алаңында есепке алынған		13	13	13	14	14	13	14
1000 га көлеміне шаққандағы тығыздығы		4,3	4,3	4,3	4,7	4,7	4,4	4,4

Есік шатқалының «Прямое» сайында 14 марал (оның 5-і бұғы, 6-і аналық, 3-і өткен жылдың төлдері) есепке алынды.

Қорық аумағындағы санақ нәтижелері бойынша маралдардың саны 68 дарақты құрады (2-сурет).



Сурет 2. Алматы қорығындағы маралдың 2013-2019 жылдар арасындағы санының динамикасы.

Маралдардың күйлеу кезеңіндегі мінез-құлықтары. Маралдардың күйлеу кезеңінде олардың мінез-құлықтары, әсіресе аталықтарынікі күрт өзгереді. Бұл кезде еркек бұғылардың әдеттегіден ерекше мөңіреп, жер тарпып «ойнақ» жасайды (Жиряков, 1980). 2019 жылы маралдардың күйекке түсу кезеңі жай басталды. Күйек кезінде маралдардың алғашқы өкіруі 20-шы қыркүйекте естілді. Өте қарқынды өкірулер естілмеді. Жүргізілген бақылаулар бойынша маралдардың күйекке түсу орындары жыл сайын белгілі бір топ аналықтарының мекендеу аймақтарында өтті. Күйек кезеңінде аталық маралдар бір-бірімен мүйіздесіп, күштісі жас аталық маралдарды қуып аналығына жақындатпайды. 27-ші қыркүйек күні Монах сайынан үш маралды бақыладық. Шырша орманынан екі ұрғашы марал шығып алаңқайға жайыла бастады. Солардың артын ала орташа аталық марал ағаш арасынан шыға аналық маралдың бірінің қасына жақындап келіп, секіріп үстіне шықпақ болған еді, аналық маралдар қашып, ағаштың тасасына кіріп жоқ болды.

Маралдардың ойнақтары Монах сайының жоғарғы жағында ашық саздауыт алаңшада болды. Жанынан кішкене су ағып жатты. Айналасы толық марал іздерімен айдалған (3-сурет).



Сурет 3. Марал ойнағы. Монах сайы (сурет М. Мухамеджановтікі).

Маусымдық және тәуліктік белсенділігі. Маралдардың жалпы белсенділігінің артуы (күзден қысқа дейін және жазда азаюы) олардың қоректенуімен байланысты [9]. Ең жоғары белсенділігі қараша-ақпан айларында байқалады. Маралдың қоректенуі жыл маусымына байланысты маусымдық және көші-қон сипатында, белгілі бір белдеудің белгілі бір учаскелерінде өсетін өсімдіктердің қандай да бір түрлерінің болуына байланысты. Жекелеген жануарлар қыста таңертең сағат 10-11-ге дейін жайылымда болады. Мамыр айында маралдар жасыл шөппен қоректені бастағанда, қоректену ұзақтығы артады. Бұл кезде тұрақты түрде күндіз жайылады.

Қоректенуі. Маралдардың жазғы рационна негізінен жасыл шөптер кіреді. Ағаштардың жас өскіндерімен көбінесе күзде қазан, қараша айларында қоректенеді. Қыста ағаш азығының үлесі наурыз айына дейін артады [8].

Ерте көктемнен бастап қысқы қорек жазға біртіндеп ауысады. Таудың төменгі бөлігінде маралдар жасыл желекпен айдың соңына қарай қоректені бастайды.

Жаздың мамыр-маусым айларында таудың орта белдеуінде маралдардың қиынан ұзынтамырлы қандыгүл, шоғырлы қоңыраугүл, Коржинский сарышатыры, Виттрок рауғашы, Тянь-Шань қымыздығы, орман бәрпісі, альпі бежірі, кәдімгі тарғақшөп анықталды. Бұталардан маралдар тал, қара жемісті ырғай, Тянь-шань шетені, итмұрын, қара қарақат және басқа да бұталардың жапырақтары және өскіндерімен қоректенеді.

Жазда марал 22 түрлі өсімдіктермен қоректенеді (2 кесте), оның ішінде ағаштар мен бұталар (жаырақтары мен өскіндері) – 4, шөптер – 18. Маралдың ең құмартып жейтін өсімдіктері кәдімгі тарғақшөп, Виттрок рауғашы, қыстық


қырықбуын, тал.

Кесте 2. Жаз мезгілінде қорық аумағында маралдардың қоректенетін өсімдіктер тізімі.

№	Өсімдік атауы	Жапырақтары	Сабақтары	Жас өскіндері	Қабығы	Барлық өсімдіктер	Бүршіктері
1	Борщевик рассеченный <i>Heracheum dissectum</i> Lab.		+				
2	Маралоты Василистник <i>Thalictrum</i> L.	+					
3	Дөңшіл қазтамақ Герань холмовая <i>Geranium collium</i> Steph.	+	+				
4	Қынапты қурай Гирчовник влагалищный <i>Conioselinum vaginatum</i> Thell.	+					
5	Таран Горец <i>Polygonum</i> L.	+	+				
6	Гречиха <i>Polygonum</i> Gaerth.	+	+				
7	Кәдімгі тарғақшөп Ежа сборная <i>Dactylis glomerata</i> L.	+	+	+			
8	Сарыраушан Золотарник <i>Solidago</i> L.	+	+				
9	Әрем Зопник <i>Phlomis</i> L.	+	+				
10	Тал Ива <i>Salix</i> L.	+		+	+		
11	Саумалдақ Кисличник <i>Oxyria</i>	+	+				
12	Азия қазтабаны Лапчатка азиатская <i>Potentilla asiatica</i> Trev	+	+				
13	Қандыгүл Мытник <i>Pedicularis</i> L.	+	+				
14	Көктерек Осина <i>Populus tremula</i>	+		+			+
15	Тянь-Шань шетені Рябина тянь-шанская <i>Sorbus tianschanica</i> Rupr.			+	+		
16	Витторк рауғашы Ревень Виттрока <i>Rheum wittrokii</i> Lundstr.	+	+				
17	Жалпақ жапырақты сылдыршөп Смолевка широколистная <i>Silene latifolia</i> Rendle et. Britt	+					
18	Тобылғы Таволга <i>Spiraea</i> L.	+		+			
19	Қыстық қырықбуын Хвощ зимующий <i>Equisetum hiemale</i> L.					+	
20	Қымыздық Щавель <i>Rumex</i> L.	+	+				
21	Шығыс жасымық Чина Гмелина <i>Lathyrus gmelina</i> L.	+	+				
22	Коржинский сарышатыры Ястребинка Коржинского <i>Hieracium korschinkii</i> Zahn.	+	+				

Қыркүйек айында маралдар негізінен қураған өсімдіктермен және аздаған мөлшерде әлі сақталған жасыл желектермен қоректенеді. Қоректенетін өсімдіктің түріне байланысты жыл мезгілдерінде маралдардың қоректену тәртібі әр түрлі болатынын айта кету керек.

Көктемде өсімдіктер әлі көтерілмей жатқанда маралдар кейбір шөптердің тамырын да қорек етеді. Жазда шөп жамылғысы биік өскенде шөптердің басынан үзіп жеп қоректенеді. Жаз мезгілінде маралдар ертеңгі және кешкі уақыттарда жайлымға шығады (4-сурет).




Сурет 4. Аналық маралдың жайылу сәті. Оң Талғар шатқалы, теңіз д. 1800 м (Сурет С.Сапарбаевтікі).

Сібір елігі. Алматы қорығында сібір елігі кәдімгі түрге жатады. Ол жапырақты орман белдеуінде тараған [6]. Мұнда жекелеген учаскелерде тығыздығы 1000 га-ға 40-45 даракты құрайды (3-кесте). Елік саны жыл сайынғы күрт ауытқуларға ұшырамайды (5-сурет).

Кесте 3. Алматы қорығындағы 2013-2019 жылдар арасындағы сібір елігінің санының өзгеру көрсеткіші.

Көрсеткіштер	Түрдің мекендейтін алаңы, га	Жылдары						
		2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019
Қорықтағы жалпы саны	14300	763	729	676	643	633	638	629
Есепке алу алаңында есепке алынған		160	153	142	135	133	134	132
1000 га көлеміне шаққандағы тығыздығы		53	51	47,2	45,0	44,3	44,7	44,0



Сурет 5. Алматы қорығындағы 2013-2019 жылдар арасындағы сібір елігінің санының динамикасы.

Тәуліктік белсенділігі. Еліктің тіршілігі табиғи ортаның көптеген факторларымен анықталады. Қорықтық аумақтарда немесе адам аңдар ізіне түспейтін жерлерде олар күндіз белсенді және керісінше, аң аулауы дамыған жерлерде түнде және ымырт кезінде әрекет етеді [4]. Ауа температурасы, әсіресе жел мен ылғалдылық жануардың мінез құлқына жиі әсер етеді. Жазда күннің жоғары температурасы кезінде аңдар ашық алаңшаларда жайылса, дененің қызуына әкелуі мүмкін. Сондықтан, еліктер тәуліктің салқын мезгілінде белсенді [6]. Еліктер жаз айларында күндіз демалады, кейде жатқан орнын

ауыстырады. Дегенмен, кейбір жануарлар күн бойы қоректенеді. Түнде еліктер ұйықтайды және тек күйек кезінде белсенді болып қалады [7].

Бақылау мәліметтері бойынша еліктердің белсенділігін тәуліктің жарық уақыттарында, көбіне таңғы уақыттарда әсіресе көктем мен қыс мезгілдерінде көруге болады. Таңғы 7 сағат 45 мин. еліктің аналықтарының жайылу сәтін бақыладық. Жайылым кезінде арасында демалғанын байқадық. Еліктің бірі демалып жатқанда екіншісі қасында жайылып тұрды. Бақылау 15-20 минутқа созылды.

Еліктер жайлымға кешкі мерзімде де шығады. Оң Талғар шатқалының күнге бетінен 17 сағат 25 мин. үш аталық елік байқалды. Үшеуінің де мүйіздері бар. Олар шоқ болып өскен итмұрын бұталарының жанында жайылып тұрды. 17 сағат 55 мин. беткейден құлаған тастан үркіп бұталар арасына кіріп көзден таса болды.

Қоректенуі. Еліктердің тағам рационының құрамдас бөліктерінің түрлік құрамы мен сандық арақатынасы жыл маусымына және елік тіршілік ететін жағдайларға байланысты. Алматы қорығында еліктер 45 түрлі өсімдіктермен, соның ішінде 8 ағаш және 37 шөптесін өсімдіктермен қоректенеді. (3-кесте).

Кесте 4. Қорық аумағындағы еліктер қоректенетін өсімдіктер тізімі.

№	Өсімдік атауы	Жапырақ	Гүлдер	Жемісі	Қылқаны	Сабағы	Өскіні
1	Таспашөп Астрагал <i>Astragalus</i> L.		+			+	
2	Қайың Береза <i>Betula</i> L.	+					
3	Маралоты Василистник <i>Thalierum</i> L.	+				+	
4	Ветреница <i>Anemone</i> L.	+		+			
5	Жіңішке жапырақты сиыр жоңғышқа Горошек тонколиственный <i>Vicia tennifolia</i> Roth.	+	+	+			
6	Алтын түстес шоқсары Володушка золотистая <i>Vupleurum aureum</i> Fisch.	+				+	
7	Дөңшіл қазтамақ Герань холмовая <i>Geranium collium</i> Steph.	+	+				
8	Шрыршайы Гравилат <i>Geum</i> L.	+				+	
9	Желімбасақ Дрема <i>Melandrium</i> Poehl.	+					
10	Шренк шыршасы Ель Шренка <i>Picea schrenkiana</i> Fisch. et Mey				+		
11	Кәдімгі тарғақшөп Ежа сборная <i>Dactylis glomerata</i> L.	+				+	
12	Қара бүлдірген Ежевика <i>Rubus carsius</i> L.	+					
13	Тікенді ұшқат Жимолость щетинистая <i>Lonicera hispida</i> Pall.	+					+
14	Гал Ива <i>Salix</i> L.	+					+
15	Иван шәй Иван – чай <i>Chamaenerium augustifolium</i> Scop.	+	+				
16	Қоңыраугүл Колокольчик <i>Campanula</i> L.	+				+	

17	Семенов тиынтағы Копеечник Семенова <i>Hedysarum semenovii</i> Rgl. et Herd.	+					
18	Жасылша Купыр <i>Anthriscus</i> Hoffm.		+				
19	Тау қойжелкегі Козлобородник горный <i>Tragopogon montanus</i> S.Nikit.	+				+	
20	Қазтабан Лапчатка <i>Potentilla</i> L.		+				
21	Лигулярия <i>Ligularia</i>	+				+	
22	Жуа Лук <i>Allium</i> L.	+					
23	Сарғалдақ Лютик <i>Ranunculus</i> DC.	+	+			+	
24	Қоңырбас Мятлик <i>Poa</i> L.	+				+	
25	Кәдімгі таңқурай Малина обыкновенная <i>Pubus idaelus</i> L.	+		+			+
26	Аркат қияқөлеңі Осока аркатская <i>Carex areatica</i> Meinsh.	+					
27	Көктерек Осина <i>Populus gremula</i>	+					+
28	Кәдімгі қызылбояу Подмаренник настоящий	+					
29	Ақ суоты Полевица белая <i>Agrostis alba</i> H.	+				+	
30	Порезник <i>Lilanotis</i> L.	+				+	
31	Тянь-Шань шетені Рябина тянь – шанская <i>Sorbus thianschanica</i> Rupr.	+		+			
32	Сары раушан Золотарник <i>Soligaro</i> L.	+				+	
33	Кәді Скерда <i>Crepis</i> L.	+				+	
34	Уоллич сылдыршөбі Смолевка Уолличевская <i>Silene vallichiana</i> Klotzsch.	+				+	
35	Бежір Сныть <i>Aegopodium</i> L.	+					
36	Атқонақ Тимофеевка <i>Phleum</i> L.	+				+	
37	Азия мыңжапырағы Тысячелистник азиатский <i>Achilea asiatica</i> Serg.	+					
38	Қыстық кырықбуын Хвощ зимующий <i>Eguisetum hiemale</i> L.	+					+
39	Шығыс жасымық Чина Гмелина <i>Lathyrus gmelina</i> L.	+				+	
40	Черда трехраздельная <i>Bidens tripartite</i> L.	+				+	
41	Жалпақ тікенді раушан Шиповник <i>Rosa plathiocantla</i>	+					+
42	Қымыздық Щавель <i>Rumex</i> L.	+					
43	Сиверс алмасы Яблоня Сиверса <i>Malus sieversii</i> M.Roen.	+		+			+
44	Коржинский сарышатыры Ястребинка Коржинского <i>Hieracium korschinskyi</i> Zahn.	+					

Жаз мезгілінде еліктер әртүрлі шөптің түрлерімен қоректенеді. Тамыз айының соңында оның қорегінде шығыс жасымығы басым болады. Сонымен қатар еліктер жазда ағаш, бұталардың да жапырақтарымен қоректенеді. Оны біз еліктер жатағындағы қиларынан байқадық. Еліктер көбінесе кәдімгі тарғақшөп, сиыр жоңғышқа, иван шәй, дөңшіл қазтамақ, кәдімгі қызылбояу, мыңжапырақ

және тағыда басқа өсімдік түрлерімен жақсы қоректенеді.

Минералды қорек. Жүргізілген бақылаулар бойынша еліктер көктем шыға табиғи сортаңдарға барады. Наурыз айының басында оң жақ Талғар шатқалының оңтүстік беткейінен екі аналық елік байқалды. Олар 15-20 минуттай сортаң маңайында болды (6-сурет.)



Сурет 6. Оң Талғар шатқалындағы табиғи сортаң (Сурет М. Мухамеджановтікі).

Еліктердің күйекке түсуі тамыз айынан бастап, қыркүйек айының алғашқы онкүндігіне дейін өтеді. Тамыз айының алғашқы күндері оң Талғар шатқалының күнгеі бетіндегі беткейден күндізгі сағат 11-де еліктердің бақырған дауысы естілді, анықтап қарау барысында бірін-бірі қуған еліктерді байқадық. Бақылау барысында еліктерде күйек жүріп жатқаны байқалды. Аталығы аналығын алдына сап қуалап, бұталардың арасына кіріп көзден таса болды. Осындай бірін-бірі қуған еліктерді тамыз айының орта тұсында оң Талғар шатқалы Әулие бастау сайынан кешкі 17 сағат 20 мин. көрдік.

Мақаланы жазу барысында қорық аумағында мекендейтін тұяқты аңдар тобынан бұғы тұқымдастары (сervidae) – марал (*cervus elaphus* L.); сібір елігі – (*capreolus pygargus* Pall) бойынша жиналған мәліметтер қолданылды.

Марал мен еліктің санына қалың қар жамылғысы теріс әсер етеді. Қардың қалың түсуінен маралдар мен еліктер (негізінен аналықтары) жыртқыштардың оңай олжасына айналады деген жорамал бар, бірақ ондай деректер болмады. Дегенмен марал мен елік санына айтарлықтай әсер ететін факторларға адам әрекеті жататыны белгілі. Адам марал мен елік мекендейтін жерлерге демалыс орындарын орналастырады, соның салдарынан марал мен еліктің мекендейтін

жерлері қысқарып, марал мен елік өздеріне жайсыз жерлерге қоныс аударуға мәжбүр болады. Алматы қорығындағы марал мен елік санының салыстырмалы түрде тұрақты болуы және қысқаруы, кейбір жылдары күнгей жаққа қоныс аударып кеткен марал мен елік сирек қайтып келеді немесе келмей кетеді деген жорамал бар. 2013-2019 жж. есепке алу нәтижесі бойынша маралдардың саны салыстырмалы түрде тұрақты, ал сібір елгінің саны аздап кеміп толқығанын байқауға болады. Өткізілген дала жұмыстары бойынша әлі де мәліметтер жинақталуы керек.

Қолданылыған әдебиеттер тізімі

- 1 Бекенов А.Б., Есжанов Б.Е., Махмұтов С. Қазақстан сүтқоректілері. – Алматы, «Ғылым». 1995. – 280 б.
- 2 Берікбай О., Есжанов Б.Е., Ташенов Б.Ж. Териология II: Оқулық. – Алматы: Жібек жолы, 2008. – 162 б.
- 3 Гептнер В.Г., Наумов Н.П. Млекопитающие Советского Союза. Т. 1. Парнокопытные и непарнокопытные. – М.: Высшая школа, 1961. – 776 с.
- 4 Жиряков В.А. Центральноазиатский козел в Алма-Атинском заповеднике. Материалы II Всесоюзного совещания «Редкие виды млекопитающих и их охрана». – Изд. Наука, Москва, 1977. – С. 209-210.
- 5 Жиряков В.А. К экологии косули в Заилийском Алатау. Сборник «Копытные фауны СССР. Экология, морфология, использование и охрана». Тезисы докладов 2-го Всесоюзного совещания по копытным СССР. – М., 1980. – С. 155-156.
